

Сәулет, қала құрылысы және құрылыс  
саласындағы мемлекеттік нормативтер  
**ҚР НОРМАТИВТІК-ТЕХНИКАЛЫҚ ҚҰРАЛЫ**

---

Государственные нормативы в области  
архитектуры, градостроительства и строительства  
**НОРМАТИВНО-ТЕХНИЧЕСКОЕ ПОСОБИЕ РК**

## **ГЕОТЕХНИКАЛЫҚ ЖОБАЛАУ.ГЕОТЕХНИКАЛЫҚ ЖОБАЛАУДЫҢ НЕГІЗДЕРІ БӨЛІМІ**

---

### **ГЕОТЕХНИЧЕСКОЕ ПРОЕКТИРОВАНИЕ. ЧАСТЬ. ОСНОВЫ ГЕОТЕХНИЧЕСКОГО ПРОЕКТИРОВАНИЯ**

**ҚР НТҚ 07-01.4-2012**  
**(ҚР ҚН EN 1997-1: 2004/2011әзірленген)**  
**НТП РК 07-01.4-2012**  
**(к СН РК EN СН РК EN 1997-1: 2004/2011)**

Ресми басылым  
Издание официальное

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің  
Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер  
ресурстарын басқару комитеті

Комитет по делам строительства, жилищно-коммунального  
хозяйства и управления земельными ресурсами  
Министерства национальной экономики Республики Казахстан

Астана 2015

## АЛҒЫ СӨЗ

- 1 ӘЗІРЛЕГЕН:** «ҚазҚСҒЗИ» АҚ, ҚР БҒМ «ҚарМТУ» РМҚК
- 2 ҰСЫНҒАН:** Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитетінің Техникалық реттеу және нормалау басқармасы
- 3 БЕКІТІЛІП, ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ:** Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитетінің 2014 жылғы 29-желтоқсандағы № 156-НҚ бұйрығымен 2015 жылғы 1-шілдеден бастап
- 4 ЕНГІЗІЛДІ:**

## ПРЕДИСЛОВИЕ

- 1 РАЗРАБОТАН:** АО «КазНИИСА», РГКП «КарГТУ» МОН РК
- 2 ПРЕДСТАВЛЕН:** Управлением технического регулирования и нормирования Комитета по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства национальной экономики Республики Казахстан
- 3 ПРИНЯТ И ВВЕДЕН В ДЕЙСТВИЕ:** Приказом Комитета по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства Национальной экономики Республики Казахстан от 29.12.2014 № 156-НҚ с 1 июля 2015 года
- 4 ВВЕДЕН:**

Осы мемлекеттік нормативті Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі Уәкілетті мемлекеттік органының рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толық немесе ішінара қайта басуға, көбейтуге және таратуға болмайды

Настоящий государственный норматив не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без разрешения Уполномоченного государственного органа по делам архитектуры, градостроительства и строительства РК

## МАЗМҰНЫ

<b>КІРІСПЕ</b> .....	V
<b>1 ҚОЛДАНУ САЛАСЫ</b> .....	1
<b>2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР</b> .....	2
<b>3 АТАУЛАР МЕН АНЫҚТАМАЛАР</b> .....	2
<b>4 НЕГІЗГІ ШАРТТЫ БЕЛГІЛЕР МЕН ӨЛШЕУ БІРЛІКТЕРІ</b> .....	4
<b>5 ГЕОТЕХНИКАЛЫҚ ЖОБАЛАУ НЕГІЗДЕРІ</b> .....	8
5.1 Геотехникалық жобалауға қойылатын талаптар.....	8
5.2 Есептік ахуалдар.....	10
5.3 Төзімділік.....	11
5.4 Есептеулер қолданылатын геотехникалық жобалау.....	12
5.4.1 Жалпы ережелер.....	12
5.4.2 Әсерлер.....	13
5.4.3 Негіз топырақтарының қасиеттері.....	19
5.4.4 Геометриялық мәліметтер.....	22
5.4.5 Сипаттамалық шамалар.....	22
5.4.6 Геотехникалық өлшемдердің сипаттамалық мәндері.....	22
5.4.7 Геометриялық мәліметтердің сипаттамалық мәндері.....	23
5.4.8 Есептік мәндер.....	23
5.4.9 Геотехникалық өлшемдердің есептік шамалары.....	24
5.4.10 Геометриялық өлшемдердің есептік мәндері.....	25
5.4.11 Конструктивтік өлшемдердің есептік мәндері.....	26
5.4.12 Аумалы шекті күйлер.....	26
5.4.13 Статикалық тепе - теңдікті тексеру.....	27
5.4.14 Ұзақжәне уақытша ахуалдардағы конструкциялар мен негіздердің шекті күйлеріндегі кедергілерін тексеру.....	28
5.4.15 Әсерлердің есептік нәтижелері.....	28
5.4.16 Есептік кедергілер.....	29
5.4.17 Жобалау қағидаттары.....	29
5.4.18 1-ші жобалық қағидат.....	30
5.4.19 2-ші жобалық қағидат.....	31
5.4.20 3-ші жобалық қағидат.....	31
5.4.21 Тексеру тәртібі және топырақ көтерілуінің жеке еселіктері.....	31
5.4.22 Топырақтағы су сүзілуден көтерілу кезіндегі қирау кедергісін тексеру.....	32
5.4.23 Пайдалану кезіндегі шекті күйлер.....	33
5.4.24 Іргетастардың ауытқуларын шектеу.....	34
5.4.25 Ұйғарымдар бойынша жобалау.....	35
5.4.26 Жүктемемен сынақтау және тәжірибелік үлгілердің сынақтары.....	35
5.4.27 Бақылау әдісі.....	35
5.4.28 Геотехникалық есеп беру.....	36
<b>6 НЕГІЗДЕРДІ АУМАЛЫ ШЕКТІ КҮЙЛЕР (КӨТЕРУ ҚАБІЛЕТІ) БОЙЫНША ЖОБАЛАУ</b> .....	37
6.1 Негіздерді аумалы шекті күйлері (көтеру қабілеті) бойынша есептеу.....	37

## ҚР НТҚ 07-01.4-2012

6.2 Жалпы орнықтылық .....	38
6.3 Көтеру қабілеті.....	38
6.4 Топырақтың көтеру қабілетін есептейтін талдау әдісі .....	41
6.4.1 Су сығыла алмайтын жағдайлар .....	41
6.4.2 Су сығыла алатын жағдайлар .....	42
6.5 Топырақтың көтеру қабілетін анықтайтын жартылай эмпирикалық әдіс .....	45
6.6 Сырғу кедергісі .....	45
6.7 Орталықтан тыс түсуі үлкен жүктемелер .....	47
6.8 Іргетас ауытқуларынан конструкциялардың қирауы.....	48
6.9 Іргетас салу тереңдігін тағайындау .....	48
<b>7 НЕГІЗДЕРДІ ПАЙДАЛАНУ КЕЗІНДЕГІ ШЕКТІ КҮЙЛЕР (ДЕФОРМАЦИЯЛАР)</b>	
<b>БОЙЫНША ЖОБАЛАУ .....</b>	<b>49</b>
7.1 Жалпы ережелер .....	49
7.2 Шөгудің анықталуы .....	53
7.2.1 Лезде шөгуді серпімділік қағидасының әдісімен анықтау .....	54
7.2.2 Нығая сығылумен байланысты шөгуді анықтау .....	55
7.2.3 Шөгуді топырақ жылжымалылығын ескере анықтау .....	56
7.3 Іргетастың жантаюын анықтау.....	58
7.4 Негіздің шекті деформациялары .....	60
<b>А Қосымшасы (міндетті)</b> Аумалы шекті күйлерге арналған жеке және түзету еселіктері мен олардың мәндері .....	61
<b>Б Қосымшасы (міндетті)</b> 1, 2 және 3 жобалық амалдар үшін жеке еселіктерді таңдаудың түсіндірмелері.....	66
<b>В Қосымшасы (ақпараттық)</b> Негіздерді көтеру қабілеті бойынша есептеу мысалдары .	70
<b>Г Қосымшасы (анықтамалық)</b> Жартасты негіздегі іргетастардың болжамды көтеру қабілетін есептеу әдісі .....	72
<b>Д Қосымшасы (ақпараттық)</b> Нығая сығылумен (негіздіктің) байланысты шөгуді есептеу.....	75
<b>Е Қосымшасы (ақпараттық)</b> Конструкциялар деформациялары мен іргетастардың ауытқуларының шекті мәндері .....	77
<b>Әдебиеттер тізімі .....</b>	<b>80</b>

## КІРІСПЕ

Топырақты негіздердің геотехникалық жобалануының, шекті күйлер бойынша есептелуінің мақсаты, негіздікті шекті күйлерге жеткізбейтін, іргетастардың техникалық шешімін таңдау болып табылады. Мұнда жобаланатын ғимараттан берілетін жүктемемен қоса, жер асты немесе жер бетіндегі сулар, климаттық жайттар, жылу т.б. әсерлерден топырақтардың физикалық – механикалық қасиеттерінің өзгеру мүмкіндігі ескерілуге тиісті. Ылғалдылықтың өзгерісін айрықша сезінетін шөккіш, ісінбелі және тұздалған, ал температуралық жағдай өзгерісін – ісінбелі және қабынатын топырақтар.

Ғимараттар негіздерінің есептеулері келесі жайттар негізінде жүргізілуге тиісті:

- жобаланатын құрылыс (алаң, бөлімше, трасса) ауданының геотехникалық ізденістер нәтижелері инженерлік - геологиялық жағдайлар зерттеуді, жер бедерін, геологиялық құрылымды, геоморфологиялық және гидрогеологиялық жағдайларды, топырақтардың құрамын, күйін және қасиеттерін кешенді түрде қамтиды, құрылыс салынатын аймақтардағы геологиялық және инженерлік - геологиялық үрдістер, өзгерулер, жобаланатын нысандардың геологиялық ортамен әрекеттестік барысындағы инженерлік-геологиялық жағдайлар өзгеру мүмкіндігіне, нысандарды жобалау, құрылысын жүргізу және пайдалану мақсатымен қажет және жеткілікті мағлұматтар алу үшін болжам жасау;

- ғимараттың арналуын, конструктивтік және технологиялық ерекшеліктерін сипаттайтын мәліметтер, іргетасқа әсер ететін жүктемелер және оны пайдалану шарттары;

- мүмкін деген жобалық нұсқаларды техникалық - экономикалық түрде салыстырып (келтірілген шығындарды бағалау арқылы) топырақтардың, іргетас немесе басқа да жерасты конструкция материалдарының беріктік және деформациялық қасиеттерінің толық пайдалануын қамтамасыз ететін нұсқаны қабылдау.

Мемлекеттік нормативтердің басты бағыты -

- құрылыс сенімділігі мен қауіпсіздігін, салынған нысандардың пайдалану кезіндегі орнықты қызмет атқаруын қамтамасыз ету.

Осы құрал, Қазақстан Республикасының, ерікті негізде қолданылатын, нормативтік құжат түрінде іске еңгізіледі.



**ҚАЗАКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ НОРМАТИВТІК-ТЕХНИКАЛЫҚ  
ҚҰРАЛДАРЫ  
НОРМАТИВНО-ТЕХНИЧЕСКИЕ ПОСОБИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

---

**ГЕОТЕХНИКАЛЫҚ ЖОБАЛАУ.  
ГЕОТЕХНИКАЛЫҚ ЖОБАЛАУДЫҢ НЕГІЗДЕРІ БӨЛІМІ**

**ГЕОТЕХНИЧЕСКОЕ ПРОЕКТИРОВАНИЕ. ЧАСТЬ. ОСНОВЫ  
ГЕОТЕХНИЧЕСКОГО ПРОЕКТИРОВАНИЯ**

---

Енгізілген күні 2015-07-01

**1 ҚОЛДАНУ САЛАСЫ**

1.1 Осы құрал ҚР ҚН EN 1997–1:2004/2011 негізгі ережелерін дамытып түсіндіреді және өнеркәсіптік, тұрғын және қоғамдық үймереттер мен ғимараттардың іргетастар негіздерін жобалағанда пайдалануға ұсынылады.

1.2 Осы құрал баптарының нұсқаулары, динамикалық жүктемелер тарататын машиналар іргетастары, терең орнатылатын қадалар және гидротехникалық ғимараттар, жолдар, аэродром жабындарын, мәңгітоң топырақтардағы үймереттер мен ғимараттардың негіздерін жобалауға тарамайды.

1.3 Негіздер мен іргетастарды тиісті инженерлік – геологиялық дәлел жоқ немесе оның жеткізіліксіз жағдайларында жобалауға рұқсат етілмейді.

1.4 Құрылыстың геотехникалық ізденістері ҚР ҚН ж Е, мемлекеттік стандарттардың және де басқа нормативтік құжаттардың талаптарына сай жүргізілуге тиісті.

1.5 ҚР ҚН EN 1997-1:2004/2011 келесі сұрақтар қаралады:

1-ші бөлім. Жалпы ережелер

2-ші бөлім. Геотехникалық жобалаудың негіздері

3-ші бөлім. Геотехникалық мәліметтер

4-ші бөлім. Құрылысқа бақылау және техникалық күтім қадағалау

5-ші бөлім. Үйінділер, топырақты құрғату, бекіту және арматуралау

6-шы бөлім. Табиғи негіздегі іргетастар

7-ші бөлім. Қадалы іргетастар

8-ші бөлім. Қарнақтарды орнату

9-шы бөлім. Сүйеу ғимараттары

10-ші бөлім. Гидравликалық қирау

11-ші бөлім. Жалпы орнықтылық

12-ші бөлім. Үйінділер.

## 2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Осы құралды қолдану үшін келесі сілтеме құжаттар қажетті:

ҚР ҚН EN 1997-1:2004/2011 Геотехникалық жобалау. 1-бөлім. Жалпы ережелер.

ҚР ҚН EN 1990:2002+A1:2005/2011 Күш түсетін конструкцияларды жобалаудың негіздері.

ҚР ҚН EN 1990:2002+A1:2005/2011 Ұлттық қосымшасы. Көтеруші конструкцияларды жобалау негіздері.

ҚР СТ 14688-1 Геотехникалық сынақтар мен зерттеулер. Топырақтардың анықталуы және жіктелуі. 1 бөлім. Анықтау және сипаттау

ҚР СТ 14688-2 Геотехникалық сынақтар мен зерттеулер. Топырақтардың анықталуы және жіктелуі. 2 бөлім. Жіктеу қағидаттары

ҚР СТ 14689-1 Геотехникалық сынақтар мен зерттеулер. Жартасты топырақтардың анықталуы және жіктелуі. 2 бөлім. Анықтау және сипаттау

ЕСКЕРТУ Библиографияда әдістер, жабдықтар, есептеулер және кейбір далалық және зертханалық зерттеулер жайындағы ақпарат CEN ISO атаулары мен (CEN ISO/TS) шарттарының мазмұндамасына сай келтірілген. Осы техникалық шарттар өз уақытында еуропалық халықаралық стандарт бола алады. Мемлекеттік стандартизация ұйымы CEN ISO/TS-пен қатар қолданыстағы ұлттық стандарттарды сақтап қалу шешімін қабылдай алады.

## 3 АТАУЛАР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

**3.1 Әсер** (action,  $F$ ): А) Көтергіш конструкция әсер ететін күштер тобы (жүктемелер) (тікелей әсер). В) Температура, ылғалдылық, кеберу, материал жылжымалығы, негіздіктің әркелкі шөгуі немесе жер сілкінісі тудыратын мәжбүрлі деформациялар тобы немесе тербелістер (жанама әсер).

**3.2 Топырақтың әрекеттестігі** (soil–structure interaction): Топырақ пен іргетас немесе сүйеме конструкция деформацияларының өзаралық әсері.

**3.3 Топырақтық негіз** (ground base): Құрылыс жұмыстары басталмай тұрғандағы алаңның топырағы, жартасы немесе үйіндісі.

**3.4 Геотехникалық әсер** (geotechnical action): Құрылысқа топырақтан, негіздік немесе топырақ сулары арқылы, берілетін әсер.

**3.5 1 реттік қағида бойынша қима өлшемдерін өзгертпей сызықты серпілмелі есептеу.** (first order linear–elastic analysis with redistribution): Құрылыс материалдары деформациялануының сызықты заңы («кернеулер-деформация» немесе «бұраушы күштер-иілулер») мен деформацияланбаған көтергіш конструкция геометриясына негізделген есептеу.

**3.6 1 реттік қағида бойынша қима өлшемдерін өзгерте сызықты серпілмелі есептеу.** (first order linear–elastic analysis with distribution): 1 реттік қағида бойынша сызықты серпілмелі есептеуде ауытқып өзгеру қабілетінің басқа дәлдеу әдістерін қарастырмай қима өлшемдері сыртқы жүктемелермен тепе-теңдік сақталуы кезінде анықталады.



**3.7 2 реттік қағида бойынша сызықты серпілмелі есептеу** (second order linear–elastic analysis): Құрылыс материалдары деформациялануының сызықты заңы мен деформацияланған көтергіш конструкция геометриясына негізделген есептеу.

**3.8 1 реттік қағида бойынша сызықты емес есептеу** (first order non–linear analysis): Құрылыс материалдары көрсеткіштерінің сызықты еместігін ескеретін деформацияланбаған көтеруші конструкция геометриясына негізделген есептеу. 1 реттік қағида бойынша сызықты емес есептеу қатқылдық жайындағы сәйкес жорамалдарды пайдалану арқылы жүргізілуі мүмкін: серпімді – қас иленгіш: серпімді – иленгіш немесе қатқыл – иленгіш.

**3.9 2 реттік қағида бойынша сызықты емес есептеу** (second order non–linear analysis): Құрылыс материалдары көрсеткіштерінің сызықты еместігін ескеретін деформацияланған көтеруші конструкция геометриясына негізделген есептеу. 2 реттік қағида бойынша сызықты емес есептеу серпімді – қас иленгіш немесе серпімді – иленгіш болуы мүмкін.

**3.10 Сенімділік** (reliability): Көтеруші конструкция немесе конструкция элементінің жобалық пайдалану мерзімінде қойылған талаптарға сәйкес болу қабілеті. Сенімділік, әдетте, ықтимал шамалармен көрсетіледі. Сенімділік көтеру қабілетінің қорын, пайдалану кезіндегі жарамдылықты және көтеруші конструкциясының ұзақ мерзімділігін қамтиды.

**3.11 Шөгулер** (settlement,  $s$ ): Топырақтың, құрылымы түпкі өзгерістерге ұшырамаған жағдайдағы, сыртқы жүктемелер, кейде өз салмағы әсерінен нығыздалу деформациялары.

**3.12 Шекті күйлер** (limit states): Көтеруші конструкция жобалау талаптарына сай келмейтін күйлер.

**3.13 Көтеру қабілетінің шекті күйлері** (ultimate limit state): Қираумен немесе көтеруші конструкция істен шығуының басқа түрлерімен байланысты күйлер. Әдетте, олар конструкцияның немесе оның элементінің ең жоғарғы көтеру қабілетіне сәйкес келеді.

**3.14 Пайдалану кезіндегі жарамдылықтың шекті күйлері** (serviceability limit states): Көтеруші конструкция немесе оның элементінің қолдану кезіндегі жарамдылығына қойылатын шарттардың орындалуын белгілейтін күйлер.

**3.15 Беріктік** (strength): Материалдың, әдетте механикалық кернеу бірліктерімен көрсетілетін көрсеткіші.

**3.16 Топырақтардың беріктік сипаттамалары** (shear strength parameters): Тиімді кернеулердегі ішкі үйкеліс бұрышы, ығысу шекті күйіндегі ішкі үйкеліс бұрышы, ілініс күші (тиімді кернеулердегі), судың сығыла алмайтын жағдайдағы ығысу кедергісі, ығысу кедергісінің бұрышы (тиімді кернеулердегі), шекті күйдегі ығысу кедергісінің бұрышы.

**3.17 Тұрақты әсер** (permanent action,  $G$ ): Бүкіл пайдаланылу мерзім бойы, орта мәнімен салыстырғанда уақытша өзгерісі елеусіз немесе белгілі бір шекті мәніне жеткенше әрқашан бір бағытта жүретін (бірқалыпты) шама түріндегі әсер.

**3.18 Сүйеме конструкция** (retaining structure): Топырақты сүйеп тұратын, қабырғалар енген құрылыстық элемент.

**3.19 Есептік ахуал** (design situations): Белгілі уақытқа нақтылы пайдаланылу жағдайлардың орнына қабылданып, көтеруші конструкцияны жобалағанда, оның көрсеткіштерінің мәндері шекті күй мәндерінен асып кетпеуін қадағалайтын бірқатар шарттар.

**3.20 Жүктемелердің есептік сұлбасы (есептік жағдайы) (нұсқасы )** (load case): Белгілі есептерде қатар ескерілетін, берілген ауыспалы және тұрақты әсерлер жағдайындағы жүктемелердің, деформациялар мен ақаулардың өзара сыйысатын, таралу сұлбалары.

**3.21 Әсердің есептік мәні** (design value of action,  $F_d$ ): Әсердің сипаттамалық мәнін жеке қауіпсіздік еселігіне  $\gamma_F$  көбейтілгендегі мәні. Есептік мән сонымен бірге сипаттамалық мән мен жеке қауіпсіздік еселігі  $\gamma_F$  араларындағы көбейтінді түрінде де белгілене алады ( $\gamma_F = \gamma_{sd}\gamma_f$ ).

**3.22 Ғимарат**(construction/structure): Жүктеме көтеруге және қажетті қатқылдықты қамтамасыз етуге арналған біріккен бөліктердің ұйымдастырылған кешені (құрылыс жұмыстары барысында жинақталған үйінді топырақты қосқандағы).

**3.23 Кедергі** (resistance,  $R$ ): Ғимарат элементінің немесе оның көлденең қимасының механикалық бұзылыстарсыз әсер қабылдау қабілеті, мысалы: топырақтың ығысуға деген беріктігі, майыстыру кедергісі, бойлық иілуге орнықтылық жоғалтпау кедергісі, созылу кедергісі.

**3.24 1 реттік қағида бойынша серпімді – қас – иленгіштік есептеу** (first order elastic–perfectly plastic analysis): Деформацияланбаған көтеруші конструкция геометриясы мен құрылыс материалдарының сызықты – созылғышты және әрі қарай қас – иленгішті, беріктік және деформациялану өлшемдерін қайта анықтаусыз (ұлғаюын) бөліктер деформациялану заңдарының біреуіне негізделген есептеу.

**3.25 2 реттік қағида бойынша серпімді – қас иленгіштік есептеу** (second order elastic–perfectly plastic analysis): Деформацияланған көтеруші конструкция геометриясы мен құрылыс материалдарының сызықты – созылғышты және әрі қарай қас – иленгішті, беріктік және деформациялану өлшемдерін қайта анықтаусыз (ұлғаюын) бөліктер деформациялану заңдарының біреуіне негізделген есептеу

**3.26 Серпімді-иленгіштік есептеу (1 немесе 2 реттік қағида)** (elasto–plastic analysis (first or second order)): «Кернеу – деформация» немесе «бұраушы күштер – иілулер» мен сызықты – созылғышты және әрі қарай иленгішті, беріктік және деформациялану өлшемдерін қайта анықтау (ұлғаюын) жағдайындағы немесе олсыз, бөліктер қатысына негізделген есептеу. Әдетте, есептеулер 1 реттік қағида бойынша жүргізіледі, кейде 2 реттік қағида бойынша.

**3.27 Іргетас** (foundation): Қадалар және кейде қадалар басжабындары да енетін құрылыс ғимаратының көтеруші бөлігі.

## **4 НЕГІЗГІ ШАРТТЫ БЕЛГІЛЕР МЕН ӨЛШЕУ БІРЛІКТЕРІ**

Осы нормативтік-техникалық құралда ИСО 3898:1997 сәйкес ортақ таңбалар мен шартты белгілер пайдаланылады.

### **Латын әріптері**

$A'$  – негіздіктің тиімді ауданы;

$A_c$  – сығылу кезіндегі негіздіктің жалпы ауданы;

- $a_d$  – геометриялық мәліметтердің жобалық мәндері;  
 $a_{nom}$  – геометриялық мәліметтердің көрсетілген мәндері;  
 $\Delta a$  – жобалауда нақты мақсатпен геометриялық мәліметтерге қолданылатын өсімшелер;  
 $b$  – іргетас ені;  
 $b'$  – іргетастың тиімді ені;  
 $C_d$  – әсер нәтижесі бойынша қабылданған шекті жобалық шама;  
 $C$  – топырақтың меншікті ілініс күші;  
 $c'$  – тиімді кернеулер жағдайындағы топырақтың меншікті ілініс күші;  
 $c_u$  – суы сығылмай ығыстырылған топырақтың беріктігі;  
 $c_{u,d}$  – суы сығылмай ығыстырылған топырақ беріктігінің жобалық шамасы;  
 $d$  – салу тереңдігі;  
 $E_d$  – әсер нәтижесінің жобалық шамасы;  
 $E_{stb;d}$  – тұрақтандыратын әсерлер нәтижесінің жобалық шамасы;  
 $E_{dst;d}$  – тұрақсыздандыратын әсерлер нәтижесінің жобалық шамасы;  
 $F_d$  – әсердің жобалық мәні;  
 $F_k$  – әсердің сипаттамалық мәні;  
 $F_{rep}$  – әсердің дағдылы мәні;  
 $G_{dst;d}$  – көтергіш күшті тексеру барысындағы үздіксіз тұрақсыздандырушы әсерлердің жобалық шамасы;  
 $G_{stb;d}$  – көтергіш күшті тексеру барысындағы үздіксіз тұрақтандырушы әсерлердің жобалық шамасы;  
 $G'_{stb;d}$  – қалқытушы күштерді (қалқымалы күйіндегі салмақ) анықтауға арналған тұрақтандырушы үздіксіз тік әсерлердің жобалық мәні;  
 $H$  – көлденең жүктеме немесе толық әсердің, іргетас табанына қатарлас, құрамдасы;  
 $H_d$  –  $H$  жобалық мәні;  
 $h$  – қабырға биіктігі;  
 $h$  – гидравликалық көтерілу кезіндегі су деңгейі;  
 $h'$  – гидравликалық қалқытуды тексеруге арналған топырақ призмасының биіктігі;  
 $h_{w,k}$  – топырақ призмасының негізіне түсетін судың гидростатикалық қысымының сипаттамалық мәні;  
 $K_0$  – топырақтың қимылсыз күйіндегі бүйірлі қысым еселігі;  
 $K_{0;\beta}$  – көкжиекке  $\beta$  бұрышымен қиғашталған сүйеу ғимаратының бетіндегі қимылсыз күйдегі топырақтың бүйірлі қысым еселігі;  
 $k - \delta_d / \varphi_{cv;d}$  арақатынасы;  
 $l$  – іргетас ұзындығы;  
 $l'$  – іргетастың тиімді ұзындығы;  
 $n$  – саны, мысалы сынақтау графиктерінің;  
 $P_d - P$  жобалық шамасы;  
 $Q_{dst;d}$  – көтергіш күшті тексеру барысындағы ауыспалы тұрақсыздандырушы тік әсерлердің жобалық шамасы;  
 $q$  – басатын қалыңдықтың қысымы немесе қатарлас жүк;  
 $q_{b,k}$  – негіздіктің шекті кедергісінің сипаттамалық мәні;

## ҚР НТҚ 07-01.4-2012

$R_c$  – шекті күйдегі көтеру қабілеті бойынша анықталған топырақтың сығылу кедергісі;

$R_{c;cal}$  –  $R_c$  есептелген шамасы;

$R_{c;d}$  –  $R_c$  жобалық шамасы;

$R_{c;k}$  –  $R_c$  сипаттамалық шамасы;

$R_d$  – әсерге деген кедергінің жобалық шамасы;

$R_{p;d}$  – іргетас бүйіріне топырақтан түскен қысым тудыратын кедергі күштердің жобалық шамасы;

$S_{dst;d}$  – топырақтағы су сүзілулік қысымның тұрақсыздандыру күшінің жобалық мәні;

$S_{dst;k}$  – топырақтағы су сүзілулік қысымның тұрақсыздандыру күшінің сипаттамалық мәні;

$s$  – шөгу;

$s_0$  – лезде шөгу;

$s_1$  – нығая сығылудан туындаған шөгу;

$s_2$  – жылжымалылықтан туындаған шөгу (жалғасқан шөгу);

$T_d$  – жұлынатын қадалар тобы орналасқан топырақ бөлігінің айналасындағы немесе негіздік топырағы мен ғимарат тоғысқан жердегі біріккен ығысу кедергісінің жобалық шамасы;

$u$  – судың кеуектілік қысымы;

$u_{dst;d}$  – судың жинақталған тұрақсыздандыратын толық кеуектілік қысымының жобалық мәні;

$V$  – тік жүктеме немесе толық әсердің іргетас негізіне тік түсетін құрамдасы;

$V_d$  –  $V$  жобалық мәні;

$V_d$  – тиімді тік әсердің жобалық мәні немесе біріккен әсердің іргетас негізіне тік түсетін сыңары;

$V_{dst;d}$  – ғимаратқа түсетін тік, тұрақсыздандыратын, әсердің жобалық шамасы;

$V_{dst;k}$  – ғимаратқа түсетін тік, тұрақсыздандыратын, әсердің сипаттамалық шамасы;

$X_d$  – материал қасиетінің жобалық шамасы;

$X_k$  – материал қасиетінің сипаттамалық шамасы;

$z$  – тік арақашықтық;

$j'$  – ығысу кедергісінің бұрышы (тиімді кернеулердегі);

$j_{cv'}$  – шекті күйдегі ығысу кедергісінің бұрышы.

### Грек әріптері

$\alpha$  – іргетастық негіз бетінің көкжиекке қарасты еңкеюі;

$\beta$  – қабырға артындағы топырақтың құлама бұрышы (жоғары қарай-оң);

$\delta$  – топырақ-конструкция бөліну шекарасындағы үйкеліс бұрышы;

$\delta_d$  –  $\delta$  жобалық мәні;

$\gamma$  – меншікті салмақ;

$\gamma'$  – тиімді меншікті салмақ;

$\gamma_{c'}$  – тиімді ілініс күшіне арналған жеке еселік;

$\gamma_{cu}$  – суы сығылмай ығыстырылған күйдегі беріктікке арналған жеке еселік;

$\gamma_E$  – әсерге арналған жеке еселік;

$\gamma_f$  – дағдылы мәндерінен қолайсыз ауытқулары ескерілген әсерлерге арналған жеке еселік;

$\gamma_F$  – жеке еселік;

$\gamma_G$  – тұрақты әсерге арналған жеке еселік;

$\gamma_{G,dst}$  – үздіксіз тұрақсыздандыратын әсерге арналған жеке еселік;

$\gamma_{G,stb}$  – үздіксіз тұрақтандыратын әсерге арналған жеке еселік;

$\gamma_m$  – топырақ өлшеміне (материал қасиетіне) арналған жеке еселік;

$\gamma_{m,i}$  –  $i$  қабатындағы топырақ өлшеміне арналған жеке еселік;

$\gamma_M$  – топырақ өлшеміне (материал қасиетіне) арналған, сонымен қатар сүлбінің тұйықтығын ескеретін жеке еселік;

$\gamma_Q$  – ауыспалы әсерге арналған жеке еселік;

$\gamma_{qu}$  – бүйірлі ұлғаю мүмкін кездегі беріктікке арналған жеке еселік;

$\gamma_R$  – кедергіге арналған жеке еселік;

$\gamma_{R,d}$  – кедергі сүлбісіндегі тұйықтыққа арналған жеке еселік;

$\gamma_{R,e}$  – топырақ кедергісіне арналған жеке еселік;

$\gamma_{R,h}$  – сырғу кедергісіне арналған жеке еселік;

$\gamma_{R,v}$  – сығылу кедергісіне арналған жеке еселік;

$\gamma_{S,d}$  – әсерлер нәтижелерін сүлбілеу кезіндегі тұйықтықтарға арналған жеке еселік;

$\gamma_{Q,dst}$  – гидравликалық үзілу тудырып, тұрақсыздандыратын әсерге арналған жеке еселік;

$\gamma_{Q,stb}$  – гидравликалық үзілу тудырып, тұрақтандыратын әсерге арналған жеке еселік;

$\gamma_w$  – судың меншікті салмағы;

$\gamma_{\varphi'}$  – ішкі үйкеліс бұрышына арналған жеке еселік ( $\text{tg}\varphi'$ );

$\gamma_\gamma$  – судың меншікті салмағына арналған жеке еселік;

$\theta$  –  $H$  еңкею бұрышы;

$\psi$  – сипаттамалық шаманы дағдылы түріне өзгерту еселігі;

$\sigma_{stb,d}$  – толық тұрақтандыратын тік кернеудің жобалық мәні;

$\sigma'_{h,0}$  – қимылсыз күйдегі топырақтың тиімді қысымының көлденең сыңары;

$\sigma(z)$  –  $z$  тереңдігінде қабырға бетіне тік түсетін кернеу;

$\tau(z)$  –  $z$  тереңдігінде қабырғаға жанама түсетін кернеу;

$\varphi'$  – тиімді кернеулер жағдайындағы ішкі үйкеліс бұрышы;

$\varphi_{cv}$  – шекті күйде ығысу жағдайындағы ішкі үйкеліс бұрышы;

$\varphi_{cv,d}$  –  $\varphi_{cv}$  жобалық шамасы;

$\varphi'_d$  –  $\varphi'$  жобалық шамасы.

### Қысқартулар

CFA – үздіксіз бұрандалы қалақ сынды қада;

OCR – аса тығыздалғандық еселігі.

Геотехникалық есептеулер үшін келесі өлшемдіктер және олардың туындылары ұсынылады:

– күш, кН

– масса, кг

- бұраушы күш(момент), кНм
- массалық тығыздық, кг/м<sup>3</sup>;
- салмақтық тығыздық (меншікті салмақ), кН/м<sup>3</sup>;
- кернеу, қысым, беріктік және қатқылдық (деформация модулі) КПа
- сүзілу еселігі, м/с;
- нығая сығылу(консолидация) еселігі, м<sup>2</sup>/с.

## **5 ГЕОТЕХНИКАЛЫҚ ЖОБАЛАУ НЕГІЗДЕРІ**

Негіздерді жобалау барысында қисынды есептеу арқылы:

- негіздік түрі (табиғи немесе жасанды) қабылданады;
- іргетастардың түрі, конструкциясы, материалы және өлшемдері белгіленеді (тайыз немесе терең орнатылатын, таспалы, тосбағанды, тақталы, қадалы, темірбетонды, бетонды, шойтасбетонды, т.б.);
- ғимараттардың есептік пайдалану мерзімі бойынша жарамдылық дәрежесіне негіздің деформацияларының әсерін азайту қажет кезінде қолданылатын шаралар қарастырылады.

### **5.1 Геотехникалық жобалауға қойылатын талаптар**

5.1.1 [2.1(1)P] Есептік пайдалану мерзімі кезінде, сәйкес сенімділік және үнемділік дәрежесімен жобаланып салынған ғимарат:

- оны пайдалану кезінде пайда болатын, барлық мүмкін деген әсерлерді қабылдап көтере алу керек;
- ғимараттар мен конструктивтік элементтерге пайдалану кезінде қойылатын жарамдылық талаптарына сай болу керек [1].

5.1.2 [2.1(2)P] Тиісті жобаланған ғимарат, есептік пайдалану мерзімі кезінде:

- көтеру қабілетін;
- пайдалану кезіндегі жарамдылығын;
- ұзақ мерзімділігін сақтап қалуға тиісті [2].

5.1.3 [2.1(1)P] Әр геотехникалық жобалық ахуал үшін EN 1990: 2002 анықтаған күйлердің ешқайсысы шекті түрінен аспайтынын тексеру керек [2].

5.1.4 Жобалық ахуалдар мен шекті күйлерді анықтағанда келесі жайттар ескерілуге тиісті:

- жалпы беріктікпен және негіздік ауытқуларымен байланыстырылған алаңның геотехникалық жағдайлары;
- жобалық қызмет ету мерзімі сияқты, ерекше талаптармен бірге, ғимарат және оның элементтерінің түрі мен өлшемдері;
- қоршаған аймақтағы ахуал (көршілес ғимараттар, көлік, инженерлік коммуникациялар, өсімдіктер, қауіпті химикаттар);
- топырақтық жағдайлар;
- жер асты сулары;
- аймақтық сейсможағдай;

– қоршаған ортаның әсері (гидрология, жер үсті сулары, топырақтың отыруы, температура және ылғалдың маусымды өзгерістері).

Шекті күйлер, топырақты негіз бен ғимаратта жеке-жеке пайда болуы немесе ғимарат пен негіздің қоса қирауы мүмкін.

5.1.5 Шекті күйлерді келесі баптардың біреуі немесе бірнешеуі бойынша тексеру керек:

- сәйкес есептеулерді пайдалану;
- сәйкес ұсынылған шараларды тағайындау;
- сәйкес тәжірибелік үлгілерді қабылдап, жүктемемен сынақтау;
- сәйкес бақылау әдістерін қолдану.

5.1.6 Есептеу нәтижелерін, жағдайға байланысты, сәйкес тәжірибелік мәліметтермен салыстырып отыру қажет.

5.1.7 [2.1(8)P] Геотехникалық зерттеулердің, есептеулердің және құрылыс кезіндегі бақылаулық тексерістердің көлемі мен мазмұнына ең төменгі талаптар қою үшін, әрбір геотехникалық жобаның күрделілігін және жүретін тәуекелдігін анықтау керек[2].

5.1.9 Геотехникалық жобаға талаптар тағайындау үшін үш геотехникалық санаттар енгізілуі мүмкін: 1, 2 және 3.

5.1.10 Әдетте ғимараттың геотехникалық санаты геотехникалық ізденістер жүргізілуден бұрын тағайындалуға тиісті. Керек жағдайда, бұл санатты тексеру немесе жобалау мен құрылыстың кез келген кезеңінде оны өзгертуге болады.

5.1.11 1-ші геотехникалық санат, тек қана шағын және салыстырмалы түрде қарапайым ғимараттарды біріктіруге тиісті:

- бұлар үшін негізгі талаптар, тәжірибе және сапалық геотехникалық ізденістер негізінде орындалуы мүмкін;
- тәуекелі шамалы жағдайда.

5.1.12 1 геотехникалық санат әдістерін тек қана жалпы орнықтылықпен немесе негіздіктің ауытқуларымен байланыстырып, жергілікті қанығы тәжірибемен топырақтық жағдайлардың белгілі болғандығынан іргетастар мен негіздерді жобалап орнатуға жалпы қабылданған стандарттық әдістерді қолдануға болады.

5.1.13 2-ші геотехникалық санат тәуекелі ерекше қауіп-қатерлі немесе күрделі топырақтық, жүктелу жағдайларымен байланысты емес әдеттегі ғимарат түрлері мен іргетастар негіздерін біріктіреді.

5.1.14 2-ші геотехникалық санаттағы ғимараттардың жобасына, әдетте, сандық геотехникалық мәліметтермен негізгі талаптар орындалуын қамтамасыз ететін есептеулер енеді.

5.1.15 2-ші геотехникалық санаттағы ғимараттарды жобалағанда стандарттық далалық және зертханалық сынақтар, жобалау және жұмыстар орындау нәтижелерін қолдануға болады.

ЕСКЕРТУ 2-ші геотехникалық санатқа келесі ғимараттар мен олардың бөліктері енеді:

- табиғи негіздегі іргетастар;
- тұтас іргетастық тақталар;
- қадалы іргетастар;
- сүйеу және топырақ немесе суды ұстап тұратын қабырғалар және басқа да ғимараттар;
- топырақ қазындылары;

## **ҚР НТҚ 07-01.4-2012**

- көпірлер тіректері немесе тіреулері;
- үйінділер мен топырақты ғимараттар;
- топырақтық қарнақтар мен басқа да бекіту жүйелері;
- жарықшақтарсыз қатты тау жынысындағы немесе ерекше судан қорғауды және де басқа шараларды талап етпейтін үнгіжолдар.

5.1.16 3-ші геотехникалық санат, 1 және 2 геотехникалық санаттар шегінен шығатын ғимараттарды немесе олардың бөліктерін біріктіреді.

5.1.17 Әдетте, 3-ші геотехникалық санат, осы стандарттың ережелері мен баптарынан өзгеше ережелер мен баптарды қарастырады да, өлшем немесе күрделілік жағынан ерекше нысандарды, жоғары тәуекелге барғызатын және арнайы зерттеулер мен жобалау әдістерін талап ететін аса күрделі топырақтық жағдайларды біріктіреді, сондай-ақ мұнда, тығыз қалалық жағдайда, осал топырақтардағы қазаншұңқырлар қазу мен құрылыс жүргізу жатқызылады.

ЕСКЕРТУ 3-ші геотехникалық санат:

- аса үлкен ерекше ғимараттарды;
- тәуекелі ерекше немесе жүктелу және ерекше күрделі топырақтық жағдайлардағы ғимараттарды;
- жоғары сейсмикалық аудандардағы ғимараттарды;
- алаң тұрақсыз болуы мүмкін аудандардағы немесе топырақтың тұрақты ауытқулар себептерінен жеке зерттеулерді немесе ерекше шараларды талап ететін ғимараттарды біріктіреді.

## **5.2 Есептік ахуалдар**

5.2.1 [3.2(1)P] Негізгі есептік ахуалдар, ғимарат, өзінің қызметін атқара алатын жағдайлары ескеріліп, анықталуға тиісті [2].

5.2.2 [3.2(2)P] Есептік ахуалдар келесі түрде ажыратылады[2]:

- ғимараттың қалыпты пайдалану жағдайларына сай келетін тұрақты есептік ахуалдар;

- уақыт бойынша шектелген, мысалы, құрылыс немесе жөндеу кездеріндегі жағдайларға сай келетін өтпелі есептік ахуалдар;

- ғимарат, мысалы өрт, жарылыс, соққы немесе шектелген қирау зардаптарына ұшырайтын төтенше жағдайлар мен оқиғаларға жататын апаттық есептік ахуалдар;

- ғимаратқа деген сейсмикалық әсерлерге сай келетін, сейсмикалық есептік ахуалдар.

5.2.3 [3.2(3)P] Таңдалған есептік ахуалдар, жұмыстар жүргізу және ғимаратты пайдалану кездерінде пайда болатын барлық жағдайларды, жеткілікті көлемде ескеруге тиісті [2].

5.2.4 [2.2(1)P] Қысқа мерзімді де, ұзақ мерзімді де ахуалдар бірге қарастырылуға тиісті [2].

5.2.5 Геотехникалық жобалаудағы есептік ахуалдарды үлгілі егжей – тегжейлі сипаттауға:

- әсерлер, олардың тіркестері және жүктелу жағдайлары;
- ғимараттың, жалпы орнықтылық пен топырақты негіздік ауытқулары бойынша жалпы жарамдылығы ;



- есептік үлгіге енген топырақтардың, тау жыныстарының немесе конструкциялар элементтерінің орналасуы мен жіктелуі;
- төселген қабаттардың еңістігі;
- тау – кен қазылған жерлер, қуыстар және де басқа жерасты құрылымдары;
- жартасты топыраққа немесе оған жақын отырғызылған ғимараттар жағдайы;
- шамалы және қатты сығылатын қабаттардың кезек қабаттасуы;
- сынықтар мен жарықшақтар;
- жартасты бөліктердің орнықсыз болуының мүмкіндігі;
- понур тәрізді немесе борпылдақ материалмен толтырылған жарықшақтар түріндегі, еру үрдісі тоқтамаған, жағдайдағы сілтісіздендіру қуыстары;
- келесі жайттарды біріктіретін, жобаланатын нысанды қоршаған ортаның сипаты;
- сілтісіздендірудің зардабы, эрозия, негіздік бетінің геометриясын өзгертетін топырақ қазындылары;
- химиялық жемірілудің зардаптары;
- желге мүжілу зардаптары;
- тоңдану зардаптары;
- ұзақ қуаңшылық кезеңдерінің зардаптары;
- су деңгейін төмендету, кенет су басу, құрғату, су тарату жүйелерінің апаттары т.с.с. салдарынан жер асты сулары деңгейлерінің өзгеруі;
- топырақтан шыққан газдар болуы;
- материалдардың беріктігі мен басқа да қасиеттеріне тиетін басқа әсерлер, мысалы жануарлар қазған індерден пайда болатын шұңқырлар;
- жер сілкінулері;
- тау – кен жұмыстары кезіндегі жердің отыруы және басқа себептер салдарынан негіз топырағының жылжуы;
- ғимараттың деформацияларға деген әсералғыштығы;
- жаңа ғимараттың, бұрыннан бар ғимараттарға, коммуникацияларға немесе қоршаған ортаға тигізетін әсері, ену керек.

### 5.3 Төзімділік

5.3.1 [2.3(1)P] Геотехникалық жобада, қоршаған ортаның материалдар төзімділігіне тигізетін әсері бағаланып, қорғау немесе сәйкесті беріктігі бар материалдарды таңдау қарастыру керек [2].

5.3.2 Топырақта пайдаланылатын материалдардың төзімділігін бағалағанда келесі жайттар ескерілуге тиісті:

- а) бетон үшін:
  - жер асты суда немесе топырақта сульфаттық тұздар мен қышқылдар тәрізді жегі заттар барлығы;
- б) болат үшін:
  - іргетас бөліктері орналасқан, топырағы жер асты сулары мен оттегі енетіндей өткізгіштігі бар, жерлердегі химиялық әсерлер;
  - жылжи алатын, әсіресе, олардың орталық деңгейіндегі жер асты суларының жегілік әсер етуіне ашық, шпунттық қабырғалардың сыртқы бетінің жемірілуы;

– әсіресе электролиттік әсер келесі қақтану (катод) бетіне қақ түсірмейтін (анод) болат илектердің жарықшақ немесе кеуекті бетонға бекітілген болат бөліктердің ноқаттық тоттануы;

с) ағаш үшін:

– оттегі қыздыратын қара күйе және ұша алатын бактериялар;

d) синтетикалық маталар үшін:

– ультракүлгін сәулелер әсерінен ескіруі немесе озон, кернеулер мен температураның бірігіп тудыратын немесе химиялық шіру салдарынан қасиеттерінің нашарлауы.

## **5.4 Есептеулер қолданылатын геотехникалық жобалау**

### **5.4.1 Жалпы ережелер**

5.4.1.1 [2.4.1(1)P] Жобалардағы есептеулер [2] негізгі талаптарына және осы стандарттың ерекше ережелеріне сай орындалады. Жобалардағы есептеулерге:

– түсірілген жүктемелер немесе берілген ауытқулар түріндегі, мысалы негіз топырақтарының ауытқуларынан туындаған әсерлер;

– топырақтың, тау жыныстарының немесе басқа материалдар қасиеттері;

– геометриялық мәліметтер;

– деформациялардың, жарықшақтар ашылуының, дірілдердің т.б. шекті шамалары;

– есептеу үлгілері, енеді [2].

5.4.1.2 Топырақтық жағдайды білу, геотехникалық ізденістердің көлемі мен сапасына байланысты екенін ескерген жөн. Әдетте, негізгі талаптардың орындалуына мұндай білім мен жұмыстар жүргізілуін қадағалаудың, есептік үлгілер мен жеке еселіктердің дәлдігіне қарағанда, маңыздылау.

5.4.1.3 [2.4.1(3)P] Есептік үлгі, қарастырылып отырған шекті күйге сай, негіздіктің қабылданған қасиеттерін сипаттауға тиісті [2].

5.4.1.4 [2.4.1(4)P] Нақты шекті күйді сипаттайтын сенімді есептік үлгі табылмаса, еселіктер қолдану арқылы, бұл шекті күйдің тууын мүмкін емес етіп, басқа белгілі шекті күйді есептеу қажет. Бұл істің басқа жолы – тәжірибелік үлгілер мен жүктемемен сынақтау немесе бақылау әдісін қолдануды талап ететін нұсқаулар бойынша жобалау[2].

5.4.1.5 Жобалау шекті күйлер бойынша жүргізіледі. Әрбір жобалық геотехникалық ахуалда, жағдай, ешқандай мүмкін деген шекті күйден шығып кетпейтініне көз жеткізілуге тиісті. Шекті күй топырақта, ғимаратта, жеке-жеке немесе топырақ пен ғимаратта біріккен қирау түрінде тууы мүмкін. Шекті күй пайда болу мүмкіндігі есептік әдіспен, үлгілерде, нақты бақылаулар мен сынақтар арқылы тексеріле алады, сондай-ақ болғыздырмауы нұсқаулы шаралар қабылдаумен қамтамасыз етіледі.

Шекті күйлерді есептік әдіспен тексергенде, есептік үлгі, қарастырылатын күйдегі топырақтың жағдайын сипаттауға тиісті.

Есептік үлгі:

– аналитикалық;

– жартылай эмпирикалық;

– сандық түрлерінде бола алады.

5.4.1.6 [2.4.1(6)P] Кез келген есептік үлгі дәл немесе сенімділігін арттыратын терістік беретін болуға тиісті[2].

5.4.1.7 Есептік үлгінің жеңілдетілуі мүмкін.

5.4.1.8 Керек жағдайларда үлгі қолдану арқылы алынған нәтижелерді жобалық есептеу дәл болу немесе сенімділікті арттыратын терістіктер беретіндей қылып өзгертуге болады.

5.4.1.9 Егер нәтижелерді түрлендіру үшін үлгі еселігі қолданылса, ол:

- осы есептеу әдісімен алынған нәтижелер анықталмағандығының ауқымын;
- осы есептеу әдісімен байланысты, кез келген белгілі жүйелі терістіктерді ескеруге тиісті.

5.4.1.10 [2.4.1(10)P] Егер есептеуде эмпирикалық тәуелділік пайдаланылса, онда оның, басым топырақтық жағдайға сәйкес екені, айқын анықталуға тиісті[2].

5.4.1.11 Зандылықтары ескеріліп, топырақтардың шекті күйлері есептік сұлбалар арқылы жеңіл анықталуға тиісті.

5.4.1.12 Деформациялардың ортақтылығын немесе шекті күйде ғимарат пен негіздіктің әрекеттестігін ескеретін сандық әдістер де жарап қалады.

ЕСКЕРТУ Есептік үлгілердің көпшілігі «негіз – ғимарат» жүйесінің жеткілікті иілгіштік жайындағы жорамалға негізделген. Иілгіштіктің жоқтығы, лезде қирау деп сипаттауға болатын шекті күйге апаруы мүмкін.

## **5.4.2 Әсерлер**

5.4.2.1 [4.1.1(1)P] Әсерлер, уақыт бойынша өзгеруіне байланысты, келесі түрде ажыратылады[1]:

- тұрақты әсерлер (G), көтергіш конструкциялардың, қоса орнатылған жабдықтардың, жол төсемдерінің өз салмақтары және кеберсулер мен әркелкі шөгулер тудыратын жанама әсерлер;

- ауыспалы әсерлер (Q) мысалы, қабат аралық жабындарға, аркалықтарға және төбеге түсетін жүктемелер, жел әсерлері мен қар жүктемелері;

- апаттық әсерлер (A), мысалы жарылыстар немесе көлік құралының соққысы.

5.4.2.2 [4.1.1(4)P ] Әсерлер сондай-ақ:

- пайда болуына байланысты – тура және жанама түсетін;
- олардың кеңістіктік таралуының өзгеруіне байланысты – белгіленген немесе еркін;
- олардың табиғаты немесе ғимарат әсеріне байланысты – статикалық немесе динамикалық деп ажыратылады[1].

5.4.2.3 [2.4.2(2)P] Геотехникалық әсерлер өлшемдерінің мәндерін, егер олар белгілі болса, есептеу жүргізбей тұрып қабылдау керек[2].

ЕСКЕРТУ Геотехникалық өлшемдердің мәндері есептеу барысында өзгерілуі мүмкін. Бұл жағдайларда олар, бастапқы мәні берілген бірінші жуықтау түрінде енгізіледі.

5.4.2.4 [2.4.2(3)P] Жобада қабылданатын әсерлерді анықтағанда, ғимарат пен негіздік араларындағы барлық әрекеттестік ескерілуге тиісті[2].

5.4.2.5 Геотехникалық жобаға әсерлер түрінде келесі жайттар енгізіледі:

## ҚР НТҚ 07-01.4-2012

- топырақ, тау жынысы және су салмақтары;
- негіздіктегі кернеулер;
- топырақ қысымы және жер асты суларының қысымы;
- толқындар қысымын қосқандағы еркін су қысымы;
- жер асты суларының қысымы;
- сүзілу кезіндегі қысымдар;
- ғимараттардан берілетін тұрақты және уақытша жүктемелер;
- қатарлас қосымша жүктемелер;
- байлап бекіту күштері;
- жүктеменің жойылуы немесе топырақтың қазып алынуы;
- көліктік жүктемелер;
- тау – кен, үңгіжолдар және жерасты қуыстар жасау жұмыстары туғызатын ауытқулар;
- өсімдік жамылғысы, ауа-райы немесе ылғалдылық өзгерулері тудыратын ісіну және кебу;
- жылжымалылық немесе ығысқан топырақ тудыратын ауытқулар;
- қасиеттер нашарлауы, бөлшектену, ыдырау, тығыздалу немесе еру тудыратын ауытқулар;
- жер сілкінулері, жарылыстар, тербелістер және динамикалық жүктемелер тудыратын ауытқулар мен үдеулер;
- тоңдану қосылған температуралық әсерлер;
- мұзды жүктемелер;
- топырақтағы қарнактар мен тіректердің сыртқы алдын ала керілуі;
- кері үйкеліс.

5.4.2.6 [2.4.2(5)P] Жеке – жеке түсе алатын әсерлердің бірігу мүмкіндігі ескерілуге тиісті[2].

5.4.2.7 [2.4.2(6)P] Әсерлер ұзақтығы, топырақ қасиеттерінің уақыт бойынша өзгеретіні ескеріліп, қарастырылуға тиісті, әсіресе, ұсақтүйіршікті топырақтардың су өткізгіштік және сығылғыштық өлшемдері[2].

5.4.2.8 [2.4.2(7)P] Қайта түскен әсерлер мен қарқындылығы ауыспалы әсерлер өтіп жатқан ауытқулары, топырақтардың сұйылуы, негіздіктің қатқылдығы мен беріктігінің өзгерулері ескеріліп, қарастырылуға тиісті[2].

5.4.2.9 [2.4.2(8)P] Ғимарат пен негіздіктің динамикалық әрекетін тудыратын әсерлер жеке қарастырылуға тиісті[2].

5.4.2.10 [2.4.2(9)P] Деформацияларды, жарықшақтануды, ауыспалы су өткізгіштік пен жемірілуді ескеру үшін топырақтық және еркін сулар тарататын қысым мөлшері басым келетін әсерлер ерекше қарастырылуға тиісті і[2].

МЫСАЛ Есептеу барысында жүктелудің өте қолайсыз бірігуін анықтау, маңызды жағдай. Ол үшін, арттыру еселіктері әртүрлі, әр нұсқаның іске асырылу мүмкіндігі ескеріліп, жүктемелер бірігуінің бірнеше түрі қарастырылады. Біріккен жобалық жүктеме DSL келесі нұсқаулар негізінде анықталады:

$$DSL = R_D DL + R_L LL + R_S S + HS + EP(F_S = 3.0), \quad (5.1)$$

$$DSL = R_D DL + R_L LL + R_W W + HS + EP(F_S = 2.0), \quad (5.2)$$

$$DSL = R_D DL + R_L LL + R_E EE + R_S S(F_S = 2.0), \quad (5.3)$$

мұндағы  $DL$  – тұрақты жүктеме;

$LL$  – уақытша ұзақ;

$S$  – қар жүктемесі;

$W$  – жел жүктемесі;

$E$  – сейсмикалық жүктеме;

$HS$  және  $EP$  – сәйкесінше, су және топырақ қысымы;

$R_D, R_L, R_S, R_W, R_E$  – сәйкес жүктемелердің қолайсыз ауытқуын ескеретін жүктемелердің өсу еселіктері (amplification factors).

5.4.2.11 Негіздердің көтеру қабілетін есептегенде, кейде, жел жүктемесін ескерудің келесі тәсілі қолданылады.  $p_w$  қарқынына байланысты, екі жағдай қарастырылады:

$$p_w \leq 0,25 (p_a + p_L); \quad 2) \quad p_w > 0,25(p_a + p_L) \quad (5.4)$$

мұндағы  $p_w, p_a, p_L$  – негізге сәйкесінше жел, тұрақты және пайдалы жүктемелерден түсетін қысым. Бірінші жағдайда, желдік жүктеме беретін қысым әсері ескерілмейді, ал екінші жағдайда – топыраққа түсетін рауалы қысым 25% аспай өсетін мөлшерде, есептеуге, желдік жүктемемен қоса, барлық жүктемелер енгізіледі.

ЕСКЕРТУ Қолайсыз (немесе тұрақсыздандыратын) және қолайлы (тұрақтандыратын) тұрақты әсерлерді кейбір жағдайларда бір жерден таралған деп қарастыруға болады. Бұл жағдайда, сол әсерлер қосындысына немесе әсерлер нәтижелерінің қосындысына бірыңғай қауіпсіздік жеке еселігін қолдануға болады.

5.4.2.12 Негіздің есептік сұлбасы, негіз бен ғимараттың бірлескен, ортақ деформациясын анықтау үшін таңдалады.

5.4.2.13 Орталықты және орталықтан тыс жүктелген іргетас табанының шетіндегі топыраққа түсетін қысым (негіздердің деформациялары бойынша қабылданған жүктемелерден іргетас табанында туындайтын қысымдар сызықты таралады деп есептелінген) іргетастың топыраққа еңгізілуі мен іргетас үстіндегі конструкциялардың қатқылдығы ескеріліп, анықталуға тиісті.

5.4.2.14 Орталықтан тыс жүктелген іргетастарды есептегенде, трапеция тәрізді қысымдар эпюрасынан басқа, үшбұрышты, соның ішінде, тең әсердің салыстырмалы, орталықтан тыстығы  $1/6$  асқанда, іргетас табанының шеті топырақтан ажырағанын білдіретін, ұзындығы қысқартылған эпюра. (5.1 – 5.4-ші Сурет)

5.4.2.15 Топыраққа таралатын қысым эпюраларының рауалы түрлерін шектейтін (орталықтан тыстығының рауалы мәнін) талаптар, жүктемелердің кез-келген негізгі біріктірулеріне жатады.

5.4.2.16 Шеткілік қысымдар келесі формулалар бойынша анықталады:

Орталықты жүктелуде:

$$p = \frac{N}{A} + \gamma_{mt} d, \quad (5.5)$$

салыстырмалы орталықтан тыстығы  $\frac{e}{l} \leq 1/6$ .

$$p = \frac{N}{A} + \gamma_{mt} d \pm \frac{M}{W}, \quad (5.6)$$

салыстырмалы орталықтан тыстығы  $\frac{e}{l} > 1/6$ .

$$p = 2 \frac{N + \gamma_{mt} dl'b}{3bc_0}, \quad (5.7)$$

мұндағы  $N$  – негізді деформациялар бойынша есептегенде анықталатын, іргетас пен оның жетесіндегі топырақ салмақтарын қоспағандағы, негізге түсетін тік жүктемелердің қосындысы;

$A$  – іргетас табанының ауданы;

$\gamma_{mt}$  – 20 кН/м<sup>3</sup> тең қылып қабылданатын, іргетас материалының, іргетас табанынан жоғары орналасқан топырақ пен едендер меншікті салмақтарының орташаланған мәні;

$d$  – іргетастың салу тереңдігі;

$M$  – іргетастың топыраққа тереңделуі мен жоғарғы конструкциялардың таратушылық ықпалы ескеріліп немесе ескерілмей табылған, іргетас табаны бойынша әсер ететін барлық жүктемелер теңәсерінің бұраушы күші;

$W$  – іргетас табандық ауданының кедергісі;


$c_0$  – төмендегі формула бойынша анықталатын, теңәсер түскен нүктеден іргетас шетіне дейінгі қашықтық:

$$c_0 = \frac{l}{2} - \frac{M}{N + \gamma_{mt} dl'b}, \quad (5.8)$$


$e$  – келесі формула бойыша анықталатын, жүктеменің іргетас табаны бойыша орталықтан тыстығы

$$e = \frac{M}{N + \gamma_{mt} d_f lb}, \quad (5.9)$$


Іргетастардың салу тереңдігін, тоңдану тереңдіктен төмен қабылдаған жөн.




Сурет 5.1 – Орталықты жүктеме жағдайындағы іргетастар табаны бойынша таралатын қысымдар эпюралары. а және д-орталықты жүктеме жағдайында



Сурет 5.2 – Орталықтан тыс жүктеме жағдайындағы іргетас табаны бойынша таралатын әсерлер эпюралары. б және е- жүктеменің орталықтан тыс түскен жағдайында



Сурет 5.3 – Орталықтан тыс жүктеме жағдайындағы іргетас табаны бойынша таралатын әсерлер эпюралары. б және жс –  $e = \frac{l}{6}$  жағдайында



Сурет 5.4 – Орталықтан тыс жүктеме жағдайындағы іргетас табаны бойынша таралатын әсерлер эпюралары. з және з –  $e > \frac{l}{6}$  жағдайында (іргетастың топырақтан жарым-жартылай ажырағанында)



### 5.4.3 Негіз топырақтарының қасиеттері

5.4.3.1 [2.4.3(1)P] Сандық мәндері, жобалық есептеулерде қабылданатын, топырақтық және жартастық сілемдердің өлшемдері, сынақтар нәтижелерін тікелей немесе сәйкеске келтіру арқылы, қағида көмегімен немесе эмпирикалық жолмен немесе осыған қатынасы бар мәліметтер пайдалану арқылы, басқа да әдістермен анықталуға тиісті [2].

5.4.3.2 [2.4.3(2)P] Сынақтар нәтижелері бойынша қабылданатын мәндер және басқа да мәліметтер, қаралатын шекті күйге байланысты бейімделе, алынуға тиісті [2].

5.4.3.3 [2.4.3(3)P] Негіздік топырақтарының қасиеттері мен сынақтар нәтижелері бойынша алынған геотехникалық өлшемдер және де ғимарат жағдайын анықтайтын өлшемдер араларында айырмашылық болуы мүмкін екенін ескеру қажет [2].

5.4.3.4 5.4.3.3-гі айырмашылықтар келесі жағдайларға байланысты болуы мүмкін: геотехникалық өлшемдердің көбі, нағыз тұрақты шама бола алмайды, себебі, кернеулер деңгейі мен деформациялану түріне тәуелді;

– топырақ немесе тау жынысының құрылымдық ерекшеліктері (жарықшақтар, қабыршақтану, ірі түйіршіктер, т.б.) сынақтар мен ғимараттың геотехникалық әрекетінде әртүрлі мән атқаруы мүмкін;

- уақыттық әсерлер;
- топырақ немесе тау жынысының су сүзілу себебінен босаңсуы;
- динамикалық әсерлерден босаңсу;
- сынақталатын топырақ немесе тау жынысының морттылығы немесе көнгіштігі;
- геотехникалық ғимаратты тұрғызу әдісі;
- қолдан үйілген немесе бекітілген топыраққа жұмыс жүргізудің әсері;
- құрылыс жұмыстарының топырақ қасиеттеріне тигізетін әсері.

5.4.3.5 Геотехникалық өлшемдерінің мәндері белгіленгенде:

сәйкес топырақтық жағдайлардағы сынақтардың барлық түрлерінің қолданылу жайындағы әйгілі немесе жарияланған ақпарат;

әрбір геотехникалық өлшемнің қолданыстағы жарияланған мәліметтер, жергілікті және жалпыға мәлім тәжірибелермен салыстырылған мәндері;

геотехникалық өлшемдердің жоба үшін маңызды түрлері;

көршілес ғимараттардың кез келген ірімасштабты табиғи сынақтары мен өлшеулер нәтижелері;

саны бірден асқан сынақтар нәтижелерінің арасындағы барлық сәйкестендіру байланыстары;

ғимарат қызмет ету мерзімі кезінде мүмкін деген, топырақтар қасиеттерінің кез келген елеулі түрде нашарлауы, ескерілуге тиісті.

5.4.3.6 [2.4.3(6)P] Қажетті жерлерде, [2] сәйкес, зертханалық немесе далалық сынақтардың мәліметтерін, негіздікті құрайтын топырақтың немесе тау жынысының әрекетін білдіретін мәндерге ауыстыру үшін, өлшемдеу еселіктері қолданылады немесе сынақтар нәтижелері бойынша туынды шамалар алу үшін пайдаланылатын сәйкестендіру тәуелділіктері ескерілуге тиісті [2].

5.4.3.7 [3.3.2(1)P] Жартасты емес және жартасты топырақтың күйі мен құрамдастары, басқа сынақтар нәтижелері бейімделіну алдында анықталуға тиісті [2].

5.4.3.8 [3.3.2(2)P] Материал зерттеліп, анықталып және қабылданған жіктелуге сай сипатталуға тиісті. Геологиялық бағалау жүргізу керек [2].

5.4.3.9 Топырақтар, танылған геотехникалық жіктеу және сипаттау жүйелеріне сай жіктеліп, олардың қабаттары сипаттама алғаны жөн.

5.4.3.10 Жартасты жыныстар қатты материал сапасы (тастың) және оның жарықшақтығы бойынша жіктеледі. Тас сапасын, табиғи себептердің әсері, түйіршіктердің орналасуы, минералдар дөңдерінің басым көпшілігінің ірілігіне және негізгі минералдың қаттылығы мен тығыздығына байланысты сипаттаған жөн. Жарықшақтықты, тұтасу түріне, еніне, толтырылу аралығы мен сапасына қарай сипаттаған дұрыс. Жіктеу, анықтау мақсатымен жүргізілген зертханалық зерттеулердің нәтижелерін толықтыру үшін топырақтардың төменгіде келтірілген қасиеттік сипаттамалары анықталады ([2]қара):

Жартасты емес топырақтар үшін:

- қиыршықтық құрам;
- көлемдік салмақ;
- кеуектілік;
- ылғалдылық;
- түйіршіктер пішіні;
- түйіршіктер беттерінің кедір-бұдырлығы;
- тығыздық көрсеткіші;
- Аттерберг шектері (иленгіштік саны, аққыштық көрсеткіші);
- ісіну;
- карбонаттар мөлшері;
- органика мөлшері.

Жартасты жыныстар үшін:

- минералдық құрам;
- петрографиялық құрам;
- ылғалдылық;
- көлемдік салмақ;
- кеуектілік;
- дыбыс жылдамдығы;
- суды тез сіңірушілік;
- сулауға төзімділігі;
- бір бағытта қысып сынақтау кезіндегі беріктік.

5.4.3.11 [3.3.8(1)P] Тау жыныстары мен жартастық сілемдердің сапасы мен қасиеттерін бағалағанда, табиғи сынамаларды сынақтау кезіндегі жартастық материал мен өлшем жағынан едәуір үлкен, құрылымдық тұтастықтың ажыратылуымен, қабаттасуымен, жарықшақтармен, сілтілену, ығысу аймақтарымен және қуыстарымен сипатталатын жартастық сілемдер араларындағы қасиеттік айырмашылық жүргізілуге тиісті [2]. Жарылып айырылудың келесі сипаттамаларын ескеру керек:

- ажырау араларындағы арақашықтық;
- бағытттануы;
- ашылуы;
- үздіксіз ұзындығы,

- саңлаусыздығы;
- бұрынғы қозғалулар әсері ескерілгендегі кедір-бұдырлық;
- толтырғыш материал.

5.4.3.12 [3.3.8(2)P] Тау жыныстары мен жартастық сілемдердің қасиеттерін бағалағанда келесі жайттар қосымша ескерілуге тиісті [2]:

- табиғи кернеулер;
- су қысымы;
- әртүрлі қабаттар араларындағы қасиеттік, айқын әртектілік.

5.4.3.13 Жартастық сілемдердің:

- беріктігі мен қатқылдығы;
- әсіресе, жарықшақтық аймақтардағы жекешеліктер;
- жарықшақтар жүйесінің су өткізгіштігі;
- жемірілген тау жыныстарының деформациялық сияқты қасиеттерін, [2] сәйкес, жартасты сілемдерінің жіктелуін пайдалана отырып, бағалауға болады.

5.4.3.14 [3.3.8(4)P] Тау жыныстарының, мысалы, ауа-райлық немесе кернеулік күйдің өзгеруіне деген әсералғыштығы ескерілуге тиісті [2]. Сондай-ақ, жартасты негіздердің жайына, химиялық әсерлердің тигізетін әсерін де, ескеру қажет.

5.4.3.15 Тау жыныстары мен жартасты сілемдердің сапасын бағалағанда келесі қасиеттерін ескеру керек:

- кейбір кеуекті, осал тау жыныстары, әсіресе, жемірілу кезінде, тез қирап, беріктігі төмен топырақтарға айналады;
- кейбір тау жыныстарына, оларда, жер бетіне шыға алатын, жер асты сулары енетін жолдар, қуыстар мен тесіктер болғандықтан, жоғары ерігіштік тән;
- салмақ алынып, ауаға жол ашылған кезде, кейбір тау жыныстары, құрамындағы балшықты минералдар су сіңіру салдарынан, қатты ісінеді.

5.4.3.16 [3.3.8.2(1)P] Тау жыныстарының, бір бағытта батыру және сығылу кездеріндегі беріктігін бағалағанда, келесі жайттар ескерілуге тиісті [2]:

- жүктеу күшінің, мысалы, сынамалар анизотропиясына, қабаттасу жазықтықтарына қарасты бағытталуы;
- сынамалар алу әдісі, сақтау тарихы және қоршаған орта;
- сынақталған сынамалар саны;
- сынақталған сынамалар геометриясы;
- сынақтар кезіндегі ылғалдылық пен суға қанығу дәрежесі;
- сынақтар ұзақтылығы мен кернеулер деңгейі;
- деформация модулін анықтау әдісі және ол, анықталған кернеулер деңгейі немесе деңгейлері.

5.4.3.17 [3.3.9.1(1)P] Су өткізгіштік және нығая сығылу өлшемдерін бағалағанда, келесі жайттар ескерілуге тиісті [2]:

- әртектілік әсері;
- анизотропия әсері;
- жарықшақтар мен сынақтардың әсері;
- берілген жүктемеден туындайтын кернеулер өзгерістерінің әсері.

5.4.3.18 Өлшемдері кіші сынамалардың, зертханалық жағдайда, су өткізгіштігін өлшеу табиғи жағдайларға толық сай келмеуі мүмкін. Сондықтан, мүмкіншілікке қарай,

## **ҚР НТҚ 07-01.4-2012**

негіздіктің неғұрлым үлкен көлемдерін сынаған жөн. Бірақ, мұнда, табиғи жағдайлармен салыстырғанда, тиімді кернеулер өскен сайын су өткізгіштіктің өзгеруі мүмкін екендігі ескерілуге тиісті.

5.4.3.19 Кейде су өткізгіштік, қиыршықтық құрам жайындағы ақпарат негізінде, анықталады.

### **5.4.4 Геометриялық мәліметтер**

5.4.4.1 [2.4.4(1)P] Жер бетінің және топырақ қабаттарының, су деңгейлерінің, қабаттар, жерқазындылар шекараларының, биіктік белгілері мен еңістіктері немесе геотехникалық ғимараттардың өлшемдері, геометриялық мәліметтер түрінде, қарастырылуға тиісті [2].

### **5.4.5 Сипаттамалық шамалар**

#### **5.4.5.1 Әсерлердің сипаттамалық және дағдылы шамалары**

5.4.5.1. [2.4.5.1(1)P] Әсерлердің сипаттамалық және дағдылы шамалары [2] сәйкес анықталуға тиісті.

#### **5.4.6 Геотехникалық өлшемдердің сипаттамалық мәндері**

5.4.6.1 [2.4.5.2(1)P] Геотехникалық өлшемдер, зертханалық және далалық сынақтар бойынша алынып, тәжірибелік дәлелмен толықтырылған, туынды мәндермен анықталады [2].

5.4.6.2 [2.4.5.2(2)P] Геотехникалық өлшемнің мәні, шекті күйге жетуге әсер ететін мәнінің абайлы бағалау түрінде, тағайындалуы керек [2].

5.4.6.3 [2.4.5.2(3)P]  $c'$  және  $tg\phi'$  беріктік сипаттамаларын анықтағанда  $c'$  мәндерінің шашылуы  $tg\phi'$  қарағанда, үлкенірек екенін ескеру керек [2].

5.4.6.4 [2.4.5.2(4)P] Геотехникалық өлшемдердің мәндері таңдалғанда, келесі жайттар ескерілуге тиісті [2]:

- геологиялық және басқа да алғашқы ақпараттар, мысалы, бұрынырақ жасалған жобалардың мәліметтері;
- өлшенген өлшемдер мәндерінің өзгеруі жайындағы және басқа да маңызды ақпарат;
- табиғи және зертханалық мәліметтердің көлемі;
- сынақтардың түрлері мен саны;
- осы шекті күйдегі геотехникалық ғимараттың жағдайын анықтайтын, негіздік аймағының өлшемдері;
- геотехникалық конструкцияның, жүктемені, негіздіктің осал аймақтарынан, берік аймақтарына, тарату қабілеті.

5.4.6.5 Сипаттамалық мәндер ең кішісі деп қабылдануы мүмкін, егер олар, ең ықтимал мәнінен аспаса, немесе ең үлкені деп, егер, ең ықтимал мәнінен жоғары болса.

5.4.6.6 [2.4.5.2(2)P] Барлық есептеулерде тәуелсіз өлшемдердің ең үлкен және ең кіші мәндерінен құралған, ең қолайсыз қыйыстандыруын пайдалану керек [2].

5.4.6.7 Егер, топырақ өлшемдерінің сипаттамалық мәндерін қабылдау үшін, статистикалық әдістер қолданылса, онда, мұндай әдістер жергілікті және аймақтық сынамалар алу үшін, әртүрлі болу керек және негіздіктің салыстырылатын өлшемдердің күмәнсіз белгілерінің қабылдануына жол беруге тиісті.

5.4.6.8 Статистикалық әдістер қолданылатын жағдайда, қарастырылатын шекті күйдің тууына сәйкес келетін сипаттамалық мәннің, ең қолайсыз мәнінің есептік ықтималдылығы 5% аспау керек.

ЕСКЕРТУ Мұнда орташа шаманың сақтықпен бағалануы дегеніміз сенімді ықтималдық деңгей 95 % тең геотехникалық өлшемдер мәндерінің шектелген жинағы, ал шамалы мәннің сақтықпен бағалануы 5 % дәлдікпен анықталады.

5.4.6.9 Ізденістер нәтижелерінің өлшемдеріне жататын сипаттамалық мәндердің стандарттық кестелерін қолданғанда, сипаттамалық мәнді аса сақтық баға түрінде қабылдау керек.

#### 5.4.7 Геометриялық мәліметтердің сипаттамалық мәндері

5.4.7.1 [2.4.5.3(1)P] Топырақ пен жер асты немесе еркін сулар деңгейлерінің сипаттамалық мәндері өлшеніп, жоғарғы және төменгі деңгейлердің қалыптық және есептік мәндері анықталады [2].

5.4.7.2 Топырақ пен геотехникалық ғимараттардың, немесе олардың бөлшектерінің өлшемдер деңгейінің сипаттамалық мәндері, қалыпты мәндеріне тең болуға тиісті.

#### 5.4.8 Есептік мәндер

5.4.8.1 [2.4.6.1(1)P] Әсердің есептік шамасы [2] сәйкес анықталуға тиісті.

5.4.8.2 [2.4.6.1(2)P]  $F_d$  әсерінің есептік шамасы тікелей бағаланып немесе дағдылы мәндері бойынша, келесі теңдеу арқылы табылуға тиісті [2]:

$$F_d = \gamma_F F_{\text{гер}}, \quad (5.10)$$

$$F_{\text{гер}} = \psi F_k, \quad (5.11)$$

мұндағы  $F_d$  — әсердің есептік мәні;

$F_{\text{гер}}$  — оның дағдылы шамасы;

$\gamma_F$  — осы әсердің жеке еселігі;

$F_k$  — әсердің сипаттамалық шамасы;

$\psi$  — сипаттамалық мәндерді, дағдылы мәндерге ауыстыру еселігі (тек ауыспалы және кездейсоқ әсерлерге қолданылады).

## ҚР НТҚ 07-01.4-2012

Төмендегі 5.1-Кестесінде [2] ұлттық қосымшасының А.1-Кестесінен және А.1 - А.9 кестелерінен алынған, ғимараттарға қолданылатын  $\gamma_F$  мәндері келтірілген. EQU, STR/GEO т.с.с. шекті күйлер бойынша түсіндірулер 5.1 - Кестесінде берілген.

### 5.1 кесте – Ғимараттарға әртүрлі шекті күйлерде берілетін әсерлердің жеке еселіктері

Әсердің ұзақтығы	Әсердің нәтижесі	Белгіленуі $\gamma_F$	Шекті күй / жеке еселіктер тобы				
			EQU	STR/GEO		UPL	HYD
				A1	A2		
Тұрақты	Қолайсыз	$\gamma_{G;dst}$	1,1	1,35	1,0	1,1	1,35
	Қолайлы	$\gamma_{G;std}$	0,9	1,0	1,0	0,9	0,9
Ауыспалы	Қолайсыз	$\gamma_{Q;dst}$	1,5	1,5	1,3	1,5	1,5

Қолайсыз әсерлер («dst» белгісі бар) – конструкцияларды тұрақсыздандыратын әсерлер, ал қолайлы әсерлер («std» белгісі бар) – конструкцияларды тұрақтандыратын әсерлер. Ауыспалы қолайлы әсерлер кестеде келтірілмеген, өйткені [2] олар әдейі ескерілмеген (мысалы,  $\gamma_{Q;std} = 0$ ).

МЫСАЛ (STR/GEO шекті күйлерімен А.1 жеке еселіктер тобы пайдаланылады). Егер негізге түсетін дағдылы тік жүктеме  $F_{rep}$ , 100 кН құраса, онда есептік тік жүктеме  $F_d$ :  $100 \times 1.35 = 135$  кН тең болады.

$\psi$  мәндері ҚР ҚН EN 1997-1: 2004/ 2011 келтірілген. Жалғыз әсерлі  $\psi = 1$  геотехникалық ахуалдарда, әсерлердің дағдылы және сипаттамалық мәндері бірдей болады. Негізгі емес жүктеме жағдайында бірнеше уақытша әсерлер үшін  $\psi < 1,0$ .

### 5.4.9 Геотехникалық өлшемдердің есептік шамалары

5.4.9.1 [2.4.6.2(1)P] Геотехникалық өлшемдердің есептік мәндері  $X_d$ , сипаттамалық мәндері бойынша, келесі Формуламен бағаланылады [2]:

$$X_d = X_k / \gamma_M, \quad (5.12)$$

немесе тікелей анықталады.

мұндағы  $X_d$  – материал қасиеттерінің есептік мәні;

$X_k$  – бұл қасиеттің сипаттамалық мәні;

$\gamma_M$  – осы материал қасиетінің жеке еселігі

5.4.9.2 [2.4.6.2(2)P] (5.12) Формуласында, А Қосымшасында көрсетілген ұзақ уақытша ахуалдар үшін, жеке еселіктің  $\gamma_M$  мәндері қолданылуға тиісті [2].

5.4.9.3 Егер геотехникалық өлшемдердің есептік мәндері тікелей бағаланса, онда А Қосымшасында келтірілген жеке еселіктері, талап етілген қауіпсіздік деңгейі бойынша, анықтамалық деректер түрінде қолданылуға тиісті.

ЕСКЕРТУ 1. Жеке еселіктердің мәндері ұлттық қосымшалардан қабылдануы мүмкін.

ЕСКЕРТУ 2. А Қосымшасындағы мәндер дәстүрлі жобалауда қауіпсіздіктің ең төмен деңгейін береді.

$\gamma_M$  мәндері ҚР ҚН ұлттық қосымшасының А Қосымшасынан қабылданады. Өртүрлі шекті күйлерге (EQU, STR/GEO т.с.с.) берілген түсіндірулер 5.2 - Кестеде келтірілген.

### 5.2 кесте - Өртүрлі шекті күйлердегі материал қасиеттерінің жеке еселіктері

Топырақтың өлшемдері	Белгісі $\gamma_M$	Шекті күй / жеке еселіктер тобы				
		EQU	STR/GEO		UPL	HYD
			M1	M2		
Ығысу кедергісінің бұрышы	$\gamma_{\phi'}$	1,1*	1,0*	1,25*	1,25*	
Тиімді ілініс күші	$\gamma_{c'}$	1,1	1,0	1,25	1,25	
Су сығылмаған күйдегі ығысу кедергісі	$\gamma_{cu}$	1,2	1,0	1,4	1,4	
Шекті беріктік	$\gamma_{qu}$	1,2	1,0	1,4	1,4	
Салмақтық тығыздық	$\gamma_{\gamma}$	1,0	1,0	1,0	-	
Қаданың жұлыну кедергісі	$\gamma_{s,t}$				қосымшаны кара	
Қарнақ	$\gamma_R$				1,4**	
ЕСКЕРТУ * $\phi'$ емес $\tan < \phi'$ қолданылылады ** Алдын ала керілмеген қарнақтар үшін үлкенірек шамаларды қабылдау керек.						

1 МЫСАЛ ( STR/GEO шекті күйлер мен M2 жеке еселіктер тобы пайдаланылады). Егер балшықтың суы сығылмаған күйдегі ығысу беріктігінің сипаттамалық мәні ( $c_{uk}$ ) 80 кПа болса, онда оның есептік беріктігі ( $c_{uk}$ )  $80 / 1,4 = 57$ кПа.

2 МЫСАЛ ( STR/GEO шекті күйлері мен M2 жеке еселіктер тобы пайдаланылады). Егер балшықтың ығысу кедергісі бұрышының сипаттамалық мәні ( $\phi'_k$ )  $23^\circ$  болса, онда оның есептік мәні ( $\phi'_d$ ) -  $\tan^{-1} ((\tan 23^\circ) / 1,25) = 18.8^\circ$ .

### 5.4.10 Геометриялық өлшемдердің есептік мәндері

5.4.10.1 Жеке әсерлер мен материалдардың еселіктері  $\gamma_F$  және  $\gamma_M$  геометриялық өлшемдердегі шамалы ғана өзгерістерді ескереді. Мұндай жағдайларда геометриялық өлшемдердің қосымша сенімділік қоры қажет емес.

5.4.10.2 [2.4.6.3(2)P] Егер геометриялық мәліметтердің өзгеруі, ғимарат сенімділігіне елеулі ықпал ететін болса, онда геометриялық өлшемдердің жобалық мәндері  $a_d$  тікелей бағалануға немесе қалыпты мәндері бойынша келесі теңдеу [2] арқылы анықталуға тиісті [2]:

$$a_d = a_{nom} \pm \Delta a, \quad (5.13)$$

$$a_d = a_{nom} \pm \Delta a, \quad (5.14)$$

мұндағы  $a_d$  – геометриялық өлшемнің есептік мәні,  
 $a_{nom}$  – оның қалыпты мәні,

$\Delta a$  – геометриялық өлшемнің «арттырылу» шамасы.

$\Delta a$  мәні, [2] ерекше белгіленген жадайлардан басқа жағдайларда әдетте нольге тең. (Мысалы, табиғи негіздердегі іргетастар мен сүйеме конструкциялар үшін).

#### **5.4.11 Конструктивтік өлшемдердің есептік мәндері**

5.4.11.1 [2.4.6.4(1)P] Конструктивтік материалдар беріктігінің есептік өлшемдері мен конструктивтік элементтердің есептік кедергілері [2] талаптарына сәйкес анықталуға тиісті.

#### **5.4.12 Аумалы шекті күйлер**

5.4.12.1 [2.4.7.1(1)P] Қажетті жағдайда тексеріс, келесі шекті күйлер бойынша жүргізіледі [2]:

- конструктивтік материалдардың және негіздік топырақтарының беріктігі (EQU) кедергісін қамтамасыз етуге жеткіліксіз, қатты дене түрінде қарастырылған, ғимарат пен негіздіктің тепе-теңдікті жоғалтуы;
- ішкі қирауы, әлде ғимараттың немесе конструктивтік бөліктердің, оны ішінде (STR) кедергісін қамтамасыз етуге конструктивтік материалдар беріктігі маңызды, мысалы іргетастардың, қадалардың, жертөле қабырғаларының т.с.с. шамадан тыс деформациялануы;
- қирауы немесе (GEO) кедергісін қамтамасыз етуге топырақтың немесе тау жынысының беріктігі маңызды негіздіктің шамадан тыс деформациялануы;
- су қысымының өсуінен (қалқытылу) немесе (UPL) басқа тік әсерлерден ғимараттың немесе негіздіктің тепе-теңдікті жоғалтуы;
- негіздіктегі гидравликалық көтерілу, гидравликалық градиенттен (HYD) пайда болған ішкі эрозия және топырақ ішіндегі түрлі қаяулар.

ЕСКЕРТУ (GEO) шекті күйі, іргетастармен немесе сүйеу ғимараттарымен, байланысты конструктивтік бөліктердің өлшемдерін, ал кейде беріктігін қабылдағанда, жиі ауыспалы күйге ауысатыны байқалады.

5.4.12.2 [2.4.7.1(2)P] Ұзақ немесе уақытша ахуалдар үшін А Қосымшасында көрсетілген жеке еселіктерді пайдаланған жөн [2].

ЕСКЕРТУ Жеке еселіктердің мәндері ҚР ҚН EN 1997-1: 2004/ 2011 ұлттық қосымшасынан қабылдануы мүмкін. Мәндері А Қосымшасының кестелерінде берілген.

5.4.12.3 Апаттық жағдайлардағы әсерлер немесе әсерлердің салдары үшін барлық жеке еселіктердің мәндері әдетте 1, 0 тең қылынып алынуға тиісті. Бұл жағдайда кедергілер үшін жеке еселіктердің барлық мәндерін апаттық ахуалдың нақты жағдайларына сәйкес қабылдау керек.

ЕСКЕРТУ Жеке еселіктердің мәндері ҚР ҚН EN 1997-1: 2004/ 2011 ұлттық қосымшасынан алынуы мүмкін.



5.4.12.4 [2.4.7.1(4)P] А Қосымшасында келтірілген мәндерден қатқылдау мәндері (severe) нартәуекел немесе ерекше және төтенше күрделі топырақтық және жүктелу жағдайларында қолданылуға тиісті [2].

5.4.12.5 А Қосымшасында келтірілген мәндерден босаңдау мәндер, түсінікті жағдайларда, уақытша ғимараттар мен уақытша жобалық ахуалдарда қолданыс таба алады.

5.4.12.6 Кедергі  $R_d$  немесе әсерлер нәтижесінің  $E_d$  жобалық мәндерін есептегенде жобалық есептік үлгі нәтижелері дәл немесе оң болу үшін сәйкес үлгілер еселіктерінің  $\gamma_{Rd}$  немесе  $\gamma_{sd}$  еңгізілуі мүмкін.

5.4.12.7 Сәйкестікті шекті күйлердің барлығына қамтамасыз ету керек, бірақ жобалауда, күйлердің біреуі басым болады. Айталық, (EQU) жеке алғанда, мысалы, жартасты құламаның қирауы, гравитациялық сүйеме қабырғаларының, сол сияқты тік жүктемелерден жоғары орналасқан көлденең жүктеме қабылдайтын негіздердің аударылуынан басқа жағдайларда, сирек аумалы күйде болады. Әдетте (GEO) немесе (STR) шекті күйлері ең аумалы күйлер болып шығады.

5.4.12.8 Қолдану ережелерінде, нақты ахуалдарды ескеру үшін, жеке еселіктер өзгеріліп отыратын жағдайлар келтірілген.

### 5.4.13 Статикалық тепе - теңдікті тексеру

5.4.13.1 [2.4.7.2(1)P] Шекті күйді ғимараттың статикалық тепе-теңдігі немесе жалпы ауытқулары (EQU) бойынша қарастырғанда, келесі жайттар тексерілуіне тиісті [2]:

$$E_{dst;d} \leq E_{stb;d} + T_d \quad (5.15)$$

егер

$$E_{dst;d} = E\{\gamma_F F_{rep}; X_k / \gamma_M; a_d\}_{dst}, \quad (5.16)$$

және

$$E_{stb;d} = E\{\gamma_F F_{rep}; X_k / \gamma_M; a_d\}_{stb}, \quad (5.17)$$

мұндағы  $E_d$  – әсерлер нәтижесінің есептік шамасы,  $dst$  және  $stb$  белгілері – тұрақсыздандыратын және тұрақтандыратындығын көрсетеді;

$T_d$  – конструкцияның топырақпен түйіскен жеріндегі жалпы есептік кедергісі;

$E_d$  – есептік әсерлердің функциясы ( $F_d$ ),

$X_d$  – материалдың есептік қасиеттері;

$a_d$  – жоғарыда (5.4.6.3) анықталған есептік геометриялық өлшемдер.

Осы және келесі тармақтарында бұрап аударатын және аударатын күштер, бүтетін және ығыстыратын күштер, тіректің кері әсері сияқты әсерлердің нәтижелік әсерін белгілейтін «әсерлер нәтижелері» деген атау еңгізіледі.

5.4.13.2 [2.4.7.2(2)P] (5.10-5.12) Формулаларда тұрақты және уақытша ахуалдар үшін А.2(1)Р және А.2(2)Р анықталған жеке еселіктер қолданылуға тиісті [2].

МЫСАЛ Гравитациялық сүйеме қабырға жобалағанда, қабырғаның төменгі, алдыңғы қырына қарасты, бұрап аударатын күштің тұрақсыздандыратын әсерлер жағдайында есептелген мәні ( $E_{dst;d}$ ) 1500 кН.м тең, ал конструкцияның осы бөлігінің топырақпен түйіскен жеріндегі кедергісі ( $T_d$ ) = 100 кНм. (EQU) шекті күйі бойынша ( $E_{stb;d}$ ) 1400 кН.м кем болмауға тиісті ( $1500 \text{ кНм} \geq 1400 / 100 \text{ кНм}$ ).

ЕСКЕРТУ 1. (EQU) статикалық тепе-теңдігі, көбінесе, конструкциялар жобасына қарасты болады. Геотехникалық жобаларда (EQU) сирек тексеріледі, жартасты негіздердегі іргетастар сияқты жайғайларда, және ол, жалпы тепе-теңдік немесе қалқымалылық тексерулерінен, негізімен ерекшеленеді.  $T_d$  ығысу кедергісінің мәні белгілі болған кездерде, бұл есептеулер, екінші дәрежедегі мәселе болып қалады.

ЕСКЕРТУ 2. Жеке еселіктердің мәндері ұлттық қосымшадан қабылдануы мүмкін. Олардың мәндері А1 және А2 Кестелерінде келтірілген.

#### 5.4.14 Ұзақжәне уақытша ахуалдардағы конструкциялар мен негіздердің шекті күйлеріндегі кедергілерін тексеру

5.4.14.1 [2.4.7.3.1(1)P] Конструктивтік элементтің немесе көлденең қиманың немесе негіздіктің (STR және GEO) шекті күйін қирау немесе шамадан тыс деформациялар бойынша қарастырғанда, келесі жайттар тексерілуге тиісті [2]:

$$E_d \leq R_d, \quad (5.18)$$

мұндағы  $R_d$  – кедергінің есептік мәні;  
 $E_d$  – әсерлер нәтижесінің есептік мәні.

МЫСАЛ 1 Гравитациялық сүйеме қабырға жобасында есептелінген қабырғаның тік бөлігіндегі бүгетін аударушы күш ( $E_d$ ) 2000 кН.м тең. (STR) шекті күйі бойынша, қабырғаның тік бөлігінің бүгіліс кедергісі ( $R_d$ ) 2000 кН.м кем түспейтініне жобалаушының көзі жету керек.

МЫСАЛ 2 Осы жобалауда есептелінген, қабырғаның негізіне әсер ететін көлденең ығыстыратын күш  $E_d = 500$  кН. (GEO) шекті күйіне сай, қабырғаның табаны бойынша әсер ететін топырақтың ығысу кедергісі ( $R_d$ ) 500 кН кем емес екеніне жобалаушының көзі жету керек.

#### 5.4.15 Әсерлердің есептік нәтижелері

Жеке еселіктерді әсерлерге  $F_{rep}$  немесе осы әсерлер нәтижелеріне  $E_d$  қолдануға болады:

$$E_d = E \{ \gamma_F F_{rep}; X_k / \gamma_M; a_d \}, \quad (5.19)$$

немесе

$$E_d = \gamma_E E \{ F_{rep}; X_k / \gamma_M; a_d \}, \quad (5.20)$$

(5.19) теңдеуіндегі  $\gamma_F$  жеке еселігі дағдылы әсерлерге, олардың нәтижелері есептелмей тұрып қолданылады. (5.20) теңдеуіндегі әсерлер нәтижесі дағдылы әсерлерін

пайдалана есептелініп,  $\gamma_E$  көбейтіледі.  $\gamma_F$  және  $\gamma_E$  мәндері [2] Ұлттық қосымшасында келтірілген.

5.4.15.1 Кейбір жобалық ахуалдарда, топырақтан немесе топырақ арқылы (топырақ немесе су қысымы) берілетін әсерлердің дағдылы шамаларына жеке еселіктерді қолдану қиынсыз немесе тіпті табиғатта мүмкін емес, жобалық мәндеріне апаруы мүмкін. Бұл ахуалдарда еселіктер, әсерлердің дағдылы шамалары бойынша алынған әсерлер нәтижелеріне тікелей қолданылуы мүмкін.

ЕСКЕРТУ Жеке еселіктер мәндері ұлттық қосымшадан қабылдануы мүмкін. Олардың мәндері А.3 және А.4 Кестелерінде келтірілген

#### 5.4.16 Есептік кедергілер

5.4.16.1 Жеке еселіктерді, топырақтың өлшемдеріне  $X$ , немесе кедергілерге  $R$ , келесі түрде қолдануға болады:

$$R_d = R \{ \gamma_F F_{\text{тер}}; X_k / \gamma_M; a_d \}, \quad (5.21)$$

немесе

$$R_d = R \{ \gamma_F F_{\text{тер}}; X_k; a_d \} / \gamma_R, \quad (5.22)$$

немесе

$$R_d = R \{ \gamma_F F_{\text{тер}}; X_k / \gamma_M; a_d \} / \gamma_R, \quad (5.23)$$

(5.21) және (5.22) теңдеулеріндегі  $\gamma_R$  – кедергінің жеке еселігі, басқа белгілер, бұрын келтірілген анықтауларға сәйкес келеді. Әсерлер нәтижелері бойынша, (5.22) теңдеуді пайдаланып есептеу кезінде  $\gamma_F = 1,0$  тең етіп қабылданады.

МЫСАЛ Ені 1,0 м таспалы іргетас, суы сығылмаған күйдегі беріктік сипаттамалары – ілініс күші  $c_u = 100$  кПа, еңістігі шамалы, біртекті балшық қабатында орналасқан. Іргетас бүйірлеріндегі қатарлас жүктен берілетін қысым  $q = 10$  кПа. Есептік кедергінің шамасы:  $R_d = 5,14 c_u + q = 5,14 \times 100 + 10 = 524$  кПа. Таспалы іргетас үшін табанының пішіні мен жүктеменің қиғаштану еселіктері 1,0 тең.

ЕСКЕРТУ 1 Әсерлер нәтижелері еселіктермен түзетілетін жобалау кезіндегі әсерлерге қатысты жеке еселік  $\gamma_F = 1,0$

ЕСКЕРТУ 2 Жеке еселіктер мәндері ұлттық қосымшадан қабылдануы мүмкін. Олардың мәндері А.1 – А.9 Кестелерінде келтірілген.

#### 5.4.17 Жобалау қағидаттары

5.4.17.1 [2.4.7.3.4.1(1)P] (5.19,5.20) және (5.21,5.22,5.23) формулалардың қолданылуы бір және үш жобалау қағидаттарын пайдаланылуымен анықталады. Еуропаның әртүрлі елдеріндегі жобалаудың айырмашылықтарын жою үшін, [2] стандарты мен жобалау қағидаттары еңгізілген [2].

ЕСКЕРТУ 1 Ұлттық қосымшадан (5.19,5.20) және (5.21,5.22,5.23) Формулаларды қалай қолдануға және қандай қағидатты пайдалануға болатынын анықтауға болады.

ЕСКЕРТУ 2 Жобалау қағидаттар жайындағы толық түсіндірмелер В Қосымшасында берілген.

ЕСКЕРТУ 3 (5.19,5.20) және (5.21,5.22,5.23) Формулаларда пайдаланылатын А Қосымшасындағы жеке еселіктер келесі белгілермен топтастырылған:

- А (әсерлер және әсерлер нәтижелері үшін),
- М (топырақ өлшемдері үшін),
- R (кедергілер үшін).

Олар, жобалау қағидатына сәйкес таңдалады.

#### **5.4.18 1-ші жобалық қағидат**

5.4.18.1 [2.4.7.3.4.2(1)P] Қадалар мен қарнақтарды, бойымен таратылатын жүктемеге жобалаудан басқа жағдайларда, қирау немесе шамадан тыс деформация кездеріндегі шекті күйлерін жеке еселіктердің келесі біріккен түрінде тексеру қажет [2]:

бірігу түрі 1:  $A1 \llcorner M1 \llcorner R1$ ;

бірігу түрі 2:  $A2 \llcorner M2 \llcorner R1$ ,

мұнда  $\llcorner$  «... мен бірігуін» білдіреді.

ЕСКЕРТУ Жеке еселіктер әсерлер мен топырақ беріктігінің өлшемдеріне 1 және 2 бірігу түрлерінде қолданылады.

МЫСАЛ Ені 1,5м таспалы іргетас, келесі қасиеттері бар  $\gamma = 21 \text{ кН/м}^3$ ,  $c_u = 60 \text{ кПа}$ , біртекті балшық қабатында орналасып, топыраққа дағдылы тік қысым (әсер) түсіреді  $V_d = 170 \text{ кПа}$ , қатарлас жүктен берілетін қысым  $q = 25 \text{ кПа}$ .

Жобалау қағидаты 1. Бірігу түрі 1.  $A1 + M1 + R1$  топтарының барлық жеке еселіктердің, тек қана  $A1$  тобының еселіктері 1,0 тең емес мәндерге ие. Жеке еселік  $\gamma_G = 1,35$

$$R_d / A' = 5.14 \times 60 + 25 = 333.4 \text{ кПа}$$

$$V_d / A' = F_{rep} \gamma_G = 170 \times 1.35 = 229.5 \text{ кПа}$$

$$V_d \leq R_d, \text{ яғни бірігу 1, шарты орындалады.}$$

Жобалау қағидаты 1. Бірігу түрі 2.

$A2 + M2 + R1$  топтарының барлық жеке еселіктердің, тек  $M2$  тобының еселіктер мәндері 1,0 тең емес.

Жеке еселік  $\gamma_{cu} = 1,4$ .

$$R_d / A' = (\pi + 2) c_u / \gamma_{cu} + q = 5.14 \times 60 / 1.4 + 25 = 245.28 \text{ кПа}$$

$$V_d / A' = 170 \times 1.0 = 170 \text{ кПа}$$

$$V_d \leq R_d, \text{ яғни бірігу 2, шарты орындалады.}$$

5.4.18.2 [2.4.7.3.4.2(2)P ҚР ҚН EN 1997-1: 2004/ 2011] Қадаларды, бойымен таратылатын жүктемеге жобалау кезінде, қирау немесе шамадан тыс деформация тудырған шекті күйлер, жеке еселіктердің келесі бірігу түрлерінде тексерілуге тиісті:

бірігу түрі 1:  $A1 \llcorner M1 \llcorner R1$ ;

бірігу түрі 2:  $A2 \llcorner (M1 \text{ немесе } M2) \llcorner R4$ .

ЕСКЕРТУ Жеке еселіктер, әсерлер мен топырақ беріктігінің өлшемдеріне, 1 бірігу түрінде қолданылады.

2 бірігу түрінде, жеке еселіктер, негіздіктің әсерлері мен кедергісіне және кейде негіз топырақтарының беріктік өлшемдеріне пайдаланылады.

5.4.18.3 Егер жобаның екі бірігу түрлерінің біреуіне байланысты екені айқын болса, онда басқа бірігу түрлеріне есептеу қажет болмайды. Дегенмен, бір жоба үшін бірігу түрлері әр түрлі ахуалдарда шекті күйлі болуы мүмкін.

Осы ереже тек жобалау қағидаты 1 жағдайында, жеке еселіктер топтарының екі бірігу түрі ескерілген кезде қолданылады. Егер біреуі сөзсіз шешуші болса, онда екіншісін қарастырмауға болады.

#### 5.4.19 2-ші жобалық қағидат

5.4.19.1 [2.4.7.3.4.3(1)P] Жеке еселіктер жиынтығының келесі бірігу түрінде шамадан тыс деформациялардан қирау немесе шекті күй тумамайтынын тексеру керек [2]:

бірігу түрі:  $A1 \llcorner M1 \llcorner R2$ .

ЕСКЕРТУ 1 Мұндай қарастырылуда жеке еселіктер әсерлерге немесе әсерлер нәтижелеріне және негіз топырақтарының кедергілеріне қолданылады.

ЕСКЕРТУ 2 Егер құламаларды және жалпы орнықтылықты есептегенде осы қағидат қолданылатын болса, онда қирау бетіндегі әсерлер нәтижелері  $\gamma_E$  ға көбейтіледі, ал қирау бетіндегі ығысу кедергісі  $\gamma_{Rie}$  ға бөлінеді.

#### 5.4.20 3-ші жобалық қағидат

5.4.20.1 [2.4.7.3.4.4(1)P] Жеке еселіктер жиынтығының келесі бірігу түрінде шамадан тыс деформациялардан қирау немесе шекті күй тумамайтынын тексеру керек [2]:

бірігу түрі:  $(A1^* \text{ или } A2^\dagger) \llcorner M2 \llcorner R3$ ,

\* – ғимараттардан берілетін әсерлер үшін;

† – геотехникалық әсерлер үшін.

ЕСКЕРТУ 1. Мұндай қарастырылуда жеке еселіктер ғимараттан берілетін әсерлерге немесе әсерлер нәтижелеріне және негіз топырақтарының беріктік өлшемдеріне қолданылады.

ЕСКЕРТУ 2. Құламалар мен жалпы орнықтылықты есептегенде топыраққа түскен әсерлердің (ғимараттардың әсері, көліктік жүктемелер)  $A2$  тобының жүктемелер еселіктері қолданылатын геотехникалық әсерлер түрінде қарастырылғаны жөн.

#### 5.4.21 Тексеру тәртібі және топырақ көтерілуінің жеке еселіктері

5.4.21.1 [2.4.7.4(1)P] Топырақ көтерілуін тексеру деген, тұрақты және ауыспалы тік әсерлердің  $V_{dst,d}$  жобалық бірігу түрінің, тұрақтандыратын тұрақты тік әсерлердің жобалық мәндері  $G_{stb,d}$  мен көтерілуге деген қосымша кедергінің жобалық мәнінің  $R_d$  қосындысынан кем, немесе тең болуы [2].

$$V_{dst,d} \leq G_{stb,d} + R_d, \quad (5.24)$$

мұнда  $V_{dst,d} = G_{dst,d} + Q_{dst,d}$ .

$V_{dst,d}$  – есептік тұрақсыздандыратын тік әсер;

$G_{stb,d}$  – есептік тұрақтандыратын тұрақты тік әсер;

## ҚР НТҚ 07-01.4-2012

$R_d$  – көтерілуге деген қосымша кедергінің есептік мәні;

$V_{dst;d}$ , тұрақты ( $G$ ) және ауыспалы ( $Q$ ) құрамдастардан құралады. Ауыспалы, тұрақтандыратын әсерлер еленбейді.

МЫСАЛ Негізге, дағдылы ауыспалы сипаттамалық көтеру күші  $Q_{dst;d} = 100$  кН әсер етеді және дағдылы тұрақты көтеру күші  $G_{dst;d} = 500$  кН. Біріккен дағдылы тұрақтандыратын күш ( $G_{stb;rep}$ ) = 800 кН,  $R_d = 0$  кН деп қабылдасақ:

$$Q_{dst;d} = Q_{dst;rep} \times \gamma_{Q;dst} = 100 \times 1.5 = 150 \text{ кН}$$

$$G_{dst;d} = G_{dst;rep} \times \gamma_{G;dst} = 500 \times 1.0 = 500 \text{ кН}$$

Қорыта келгенде:

$$V_{dst;d} = 500 + 150 = 650 \text{ кН}$$

$$G_{dst;d} = G_{dst;rep} \times \gamma_{G;dst} = 800 \times 0.9 = 720 \text{ кН}$$

және шарт орындалады.

5.4.21.2 Көтерілуге деген қосымша кедергіні тұрақтандыратын тұрақты тік әсер  $G_{stb;d}$  түрінде де қарастыруға болады.

5.4.21.3 [2.4.7.4(3)Р ҚР ҚН EN 1997-1: 2004/ 2011]  $G_{st}$ ,  $Q_{dst}$ ,  $G_{stb}$  және  $R_d$  жеке еселіктері (5.24) формуласында ұзақ және қысқа мерзімді ахуалдар үшін пайдаланылуы керек.

ЕСКЕРТУ Жеке еселіктер мәндерін ұлттық қосымшадан табуға болады. Олар А.1 - А.9 Кестелерінде келтірілген.

### 5.4.22 Топырақтағы су сүзілуден көтерілу кезіндегі қирау кедергісін тексеру

5.4.22.1 [2.4.7.5(1)Р] Топырақтағы су сүзілуінен, қирау шекті күйін қарастырғанда (НУД, 10.3 кара), әрбір сипаттамалық топырақ бағанасы бойынша бағана астындағы тұрақсыздандыратын толық кеуектілік су қысымының жобалық шамасы  $u_{dst;d}$  немесе топырақ бағанасындағы сүзілу күшінің жобалық шамасы  $S_{dst;d}$  топырақ бағанасының астындағы тұрақтандыратын толық тік кернеуден  $\sigma_{stb;d}$  немесе осы бағананың қалқыған күйіндегі салмағынан кем немесе тең екенін тексеру қажет [2]:

$$u_{dst;d} \leq \sigma_{stb;d}, \quad (5.25)$$

$$S_{dst;d} \leq G''_{stb;d}, \quad (5.26)$$

мұндағы  $u_{dst;d}$  – топырақтық бағанның төменгі жағындағы судың біріккен тұрақсыздандыратын кеуектілік қысымның есептік мәні;

$\sigma_{stb;d}$  – сәйкес біріккен тұрақтандыратын тік кернеу;

$S_{dst;d}$  – топырақтық бағандағы сүзілу күшінің есептік мәні;

$G''_{stb;d}$  – осы бағанның батырылған күйіндегі салмағы.

МЫСАЛ Кеуектілік қысым мен біріккен тік кернеудің сипаттамалық мәндері - 60 КПа және 80 КПа, сәйкесінше. Есептік, біріккен тұрақтанған тік кернеу:

$$\sigma_{stb;d} = \sigma_{stb;k} \times \gamma_{G;stb} = 80 \times 0.9 = 72 \text{ кПа}.$$

Есептік біріккен тұрақсыздандыратын кеуектілік қысым:

$$u_{dst;d} = \sigma_{dst;k} \times \gamma_{G;dst} = 60 \times 1.35 = 81 \text{ кПа}.$$

Осы жағдайда  $u_{dst;d}$ ,  $\sigma_{stb;d}$  – тан аз емес, сондықтан, шарт орындалмайды.

5.4.22.2 [2.4.7.5(2)P ҚР ҚН EN 1997-1: 2004/ 2011] (5.20) және (5.21) формулаларындағы ұзақ және қысқа мерзімді жүктемелер үшін  $u_{dst,d}$ ,  $\sigma_{stb,d}$ ,  $S_{dst,d}$  және  $G'_{stb,d}$  жеке еселіктерін қолданған жөн.

ЕСКЕРТУ Жеке еселіктердің мәндері ұлттық қосымшадан қабылдануы мүмкін. Олардың мәндері А.8 кестесінде келтірілген.

5.4.22.3 Ауыр салдар тууы мүмкін, жер асты суларының және сүзілу күштерінің қысымы ескерілген шекті күйлерде (әдетте бұл апаттық шекті күйлер) жобалық мәндер, ғимараттың қызмет мерзімі бойынша, ең қолайсыз деген түрінде қабылдануы керек. Ауырлығы төменірек салдар жағдайындағы шекті күйлерде (әдетте бұл қалыпты қызмет ету мүмкіншілігі бар шекті күйлер) жобалық мәндер, қалыпты жағдайларда, ең қолайсыз деген түрінде қабылданғаны жөн.

5.4.22.4 Судың қысымына әсер ететін, келесі жайттар ескерілуге тиісті:

- жер асты суларының деңгейі немесе еркін судың беткі деңгейі;
- келешектегі техникалық қызмет көрсетуі ескерілген, табиғи да, жасанды да, құрғату шараларының қолайлы немесе қолайсыз әсерлері;
- жаңбыр, тасқын, су құбырларының жарылуы салдарынан және де басқа себептерден пайда болатын сулардың ағып келуі;
- өсімдіктердің өсуінен немесе олардың жойылуынан су қысымының өзгеруі.

5.4.22.5 Егер құрғату жүйе тиімділігінің тиісті дәлелі жоқ болса, онда топырақ суларының деңгейі ең жоғары, тіпті жер бетінің деңгейі бойынша алынуға тиісті.

### 5.4.23 Пайдалану кезіндегі шекті күйлер

5.4.23.1 [2.4.8(1)P] Негіздіктің немесе конструкциялардың, бөліктердің немесе жапсарлардың, пайдалану кезіндегі шекті күйлері бойынша тексеріс, келесі теңсіздік орындалуын талап етеді [2]:

$$E_d \leq C_d, \quad (5.27)$$

мұндағы  $E_d$  – әсерлер нәтижесінің есептік мәні;

$C_d$  – әсерлер нәтижесінің шекті есептік мәні.

МЫСАЛ Суы сығылмаған күйдегі, сипаттамалық беріктігі  $c_u = 120$  кПа және көлемдік сығылу еселігі  $m_v = 0,0001$  м<sup>2</sup>/кН біртекті балшық қабатында орналасқан, ені 1,2 м таспалы іргетасқа, дағдылы тік әсер  $V = 240$  кН түседі. Нығая сығылатын, тиімді қабаттың 3м қалыңдығы және кернеулердің 75 кПа-ға тең орташа өсуі ескерілген жағдайда, нығая сығылып (консолидациялық) шөгуі:

$$S_1 = 75 \times 0,0001 \times 3 = 22,5 \text{ мм}$$

Егер, алғашқы шөгуі  $s_0 = 5$  мм, жылжымалылық шөгуі  $S_2 = 0$  болса, онда жалпы шөгу:  $s = s_0 + s_1 + s_2 = 27,5$  мм

Қорыта келгенде,  $E_d = 27,5$  мм. Бұл мән, пайдалану кезіндегі шекті күйге сәйкес болу үшін, шөгудің есептік шегінен  $C_d$  аспау керек. Әсерлер, материалдар және кедергілерге байланысты қауіпсіздіктің барлық жеке еселіктері, шөгуді есептегенде 1,0 тең түрінде қабылданады.

5.4.23.2 Қолдану кезіндегі шекті күйлер үшін, жеке еселіктердің мәндері, әдетте, 1,0 тең етіліп қабылданады.

ЕСКЕРТУ Жеке меншік еселіктердің мәндері ұлттық қосымшада берілуі мүмкін.

5.4.23.3 Сипаттамалық мәндер, ғимараттың қызмет ету мерзімі кезінде, жер асты суларының төмендеуі немесе кеберсу тудырған негіздік топырақтар қасиеттерінің өзгерулеріне сәйкес, өзгеруге тиісті.

5.4.23.4 Топырақтардағы кернеулер шамалы өзгергенде, қалыпты қолдану кезіндегі деформациялар шекті мәндерінен аспайды деген, қарапайымдалған осы амал, келесі жағдайлармен шектелетініне көз жеткізуге болады:

- деформация шамасы, пайдалануға жарамдылық шекті күйінің тексеруін талап етпейді;

- ұқсас топырақ, конструкция және қолданған әдіс бойынша анықталған салыстырмалы тәжірибенің барлығы.

5.4.23.5 [2.4.8(5)P] Деформациялар, ғимаратта пайдалану кезіндегі шекті күй (жарамайтын шөгулер немесе жантаю) тудыратын шамамен шектеледі. Бұл шекті күй шамалары ғимарат жобалау барысында анықталынады [2].

#### **5.4.24 Іргетастардың ауытқуларын шектеу**

5.4.24.1 [2.4.9(1)P] Іргетастарды жобалағанда, олардың ауытқуларына шектеу қою керек [2].

ЕСКЕРТУ Іргетастар ауытқуларының шекті мәндері ұлттық қосымшада (Е Қосымшасында) берілген.

5.4.24.2 [2.4.9(2)P] Іргетастардан, жоғары орналасқан конструкцияларда, деформациялар тудыратын іргетастардың кез-келген әркімді ауытқулары, сол конструкцияларды шекті күйге жеткізбеу мақсатымен, шектелуге тиісті [2].

5.4.24.3 [2.4.9(3)P] Ауытқулар мен деформациялардың жобалық шектеулерін таңдағанда, келесі жайттар ескерілуге тиісті [2]:

- ауытқудың қолайлы мәнін қабылдауға болады деген сенімділіктің бар болуы;
- негіздік ауытқуларының пайда болуы және шамасы;
- ғимарат түрі;
- конструкциялар материалдарының түрі;
- іргетас түрі;
- негіздік түрі;
- деформациялар сипаты;
- ғимараттың болжамды пайдаланылуы;
- техникалық қызметкерлердің ғимаратқа кедергісіз енуін қамтамасыз ету.

5.4.24.4 [2.4.9(4)P] Әркімді деформацияларды есептегенде [2]:

- негіздік ауытқуларының пайда болуы және шамасы;
- негіздік топырақтары қасиеттерінің кездейсоқ және жүйелі түрде өзгеруі;
- жүктемелердің таралуы;
- құрылыс әдісі (жүктеу ретін қосқанда);
- құрылыс барысында және ол аяқталған кездердегі ғимарат қатқылдығы, ескерілуге тиісті.



ЕСКЕРТУ Іргетастан жоғары орналасқан конструкциялар деформацияларының берілген шекті мәндері жоқ болған жағдайда, Е қосымшасында келтірілген, конструкциялар деформациялары мен негіздің ауытқу мәндерін пайдалануға болады.

5.4.13 қолдану ережелерінде, мөлшерленген ауытқулар мен деформациялардың есептік мәндерін қабылдаған және де шөгулерді жеке - жеке есептегенде ескерілетін жайттар келтірілген. Тәжірибеде іргетас ауытқуларының мөлшерленген шамалырын белгілеу қиын.

#### **5.4.25 Ұйғарымдар бойынша жобалау**

5.4.25.1 Есептік үлгілер болмаған, немесе керегі жоқ жағдайларда, жобалаудың, дәстүрлі ережелер мен материалдарды, жұмыстар орындалуын, қорғау және техникалық қызмет көрсету бақылауын біріктіретін ұйғарымдарды пайдалану арқылы, шекті күйлерден асып кетуді болдырмауға болады.

5.4.25.2 Бұл жобалау түрі, есептеуді артық іс ететін, салыстырмалы тәжірибе бар жағдайда қабылданады. Осы жайт, сонымен бірге, әдетте, анық ескерілуі мүмкін емес, аязға деген төзімділік, химиялық және биологиялық жегілікке де қарасты болады.

ЕСКЕРТУ Осындай дәстүрлі және өзгере қоймайтын ережелерге жасалатын сілтемелер ұлттық қосымшада келтірілуі мүмкін.

#### **5.4.26 Жүктемемен сынақтау және тәжірибелік үлгілердің сынақтары**

5.4.26.1 [2.6(1)P] Егер, жобалау барысында, жүктемемен немесе ірі әлде ұсақ масштабты үлгілерді сынақтау нәтижелері немесе басқа да жолдар пайдаланылатын болса, онда келесі жайттарды қарастырып, ескеру керек [2]:

- сынақтар мен құрылыс алаңындағы топырақтық жағдайлардың айырмашылығы;
- уақыттық, әсіресе, сынақтар ұзақтылығы, ғимарат құрамындағы конструкцияның жүктелу ұзақтылығынан әлдеқайда кем болғандығынан туындайтын әсерлер;
- масштабтық әсерлер, әсіресе, кішігірім үлгілер қолданылған жағдайларда; мұнда топырақ түйіршіктеріне сай келетін кернеулер деңгейі ескерілуге тиісті.

5.4.26.2 Сынақтарды, ғимарат құрамындағы конструкцияларда, ірі масштабты және кішігірім үлгілерде жүргізуге болады.

#### **5.4.27 Бақылау әдісі**

5.4.27.1 Егер ғимарат жағдайының геотехникалық болжамы қиынға түсетін болса, онда құрылыс барысында, кейде жобаны қайта қарастыруға да баратын, «бақылау әдісі» деп қолданылатын амалды қабылдаған жөн.

5.4.27.2 [2.7(2)P] Құрылыс басталмай тұрып, келесі талаптардың орындалғаны қажет [2]:

- сипаттамалардың қолайлы шектерінің қабылдануы;
- бұл сипаттамалардың өзгеру шектері бағаланып, нақтылы сипаттамалар осы шектерден аспайтынына қолайлы ықтималдық бар екенін көрсету керек;

## **ҚР НТҚ 07-01.4-2012**

– бақылаудың жоспары құрылуға тиісті. Бақылау, нақтылы сипаттамалардың қолайлы шектердің ішінде екенін анықтайды. Бақылау анық, ертерек, жеткілікті жиілікпен жүргізілсе, онда әсерлер ойдағыдай қабылданылады;

– бақылаудағы жүйенің шұғыл өзгеріп кетуіне қарасты, өлшейтін аспаптардың әсерді қабылдау және нәтижелерді саралау уақыттары шапшаңдық жағынан жеткілікті болуға тиісті;

– бақылау, сипаттамалардың қолайлы мәндеріне енбейтінін анықтаған жағдайда, кездейсоқ әсерлердің жоспары құрылуы керек.

5.4.27.3 [2.7(3)P] Құрылыс барысындағы бақылау, жоспарға сәйкес, жүргізілуге тиісті [2].

5.4.27.4 [2.7(4)P] Бақылау нәтижелері, әр кезең үшін жеке бағаланады, ал апаттық шаралар, шектен тыс кеткен жағдайларда өткізілуге тиісті [2].

5.4.27.5 [2.7(5)P] Егер бақылауға арналған жабдық тиісті және жеткілікті көлемдегі мәліметтерді бере алмайтын болса, онда оны айырбастау не толықтыру керек [2].

### **5.4.28 Геотехникалық есеп беру**

5.4.28.1 [2.8(1)P] Геотехникалық жоба бойынша есеп беру құжатына жорамалдар, мәліметтер, есептеу әдістері және сенімділік пен қолданылуларды тексеру нәтижелері енуге тиісті [2].

5.4.28.2 Геотехникалық жоба бойынша есеп беру құжаттарының неғұрлым толық болуы жоба түріне байланысты. Қарапайым жобалар үшін бір бетте жеткілікті болуы мүмкін.

5.4.28.3 Геотехникалық жоба бойынша есеп беру құжаттың құрамына, тәртіп бойынша, геотехникалық зерттеулер жайындағы есеп беру және ақпараты көбірек, басқа да құжаттарға сілтемелермен бірге, келесі жайттар ену керек:

- алаң мен қоршаған аймақтың сипаттамасы;
- топырақтық жағдайлардың сипаттамасы;
- жобаланатын құрылысты, әсерлерді қоса, сипаттау;
- қажет болса, негіздемесі қосылған топырақтар мен жартасты жыныстар өлшемдерінің жобалық мәндері;
- қолданылатын кодтар мен стандарттарға сілтемелер;
- алаңның жобаланатын құрылысқа жарамдылығы жайындағы бекіту және қолайлы тәуекел деңгейі;
- жобалық геотехникалық есептеулер мен сызбалар;
- іргетастар жобасы бойынша ұсыныстар;
- құрылыс кезеңінде тексеріс, техникалық күтім немесе бақылау талап ететін баптар тізімі.

5.4.28.4 [2.8(4)P] Қажет жағдайларда, геотехникалық жоба бойынша есеп беру құжатына қадағалау және бақылау жоспары ену керек [2]. Құрылыс кезінде тексеріс немесе құрылыс аяқталған соң техникалық күтім талап ететін баптар нақты белгіленуге тиісті. Құрылыс кезінде орындалған қажетті баптарды есеп беру құжатының қосымшасына тіркеу керек.

5.4.28.5 Қадағалау және бақылауға қарасты, геотехникалық жоба бойынша есеп беру құжатында келесі жайттар анықталуға тиісті:

- бақылаулар мен өлшеулердің әрбір тобының мақсаты;
- бақылауға алынатын ғимарат бөліктері және бақылау өткізілетін нүктелер;
- аспаптар көрсеткіштерін қадағалау тәртібі;
- бақылау нәтижелерін өңдеу тәсілдері;
- күткен нәтижелердің ауқымы;
- құрылыс аяқталғаннан кейінгі бақылау ұзақтылығы;
- өлшеулер мен бақылауды жүргізуге, алынған нәтижелерді саралауға және өлшеу аспаптарының техникалық күйіне жауапты жақтар.

5.4.28.6 [2.8(6)P] Иесіне/тапсырысшыға геотехникалық зерттеулерден алынған, қадағалауға, бақылауға және салынған ғимараттың техникалық күйіне қойылатын талаптар жайындағы көшірме ұсынылуға тиісті [2].

## **6 НЕГІЗДЕРДІ АУМАЛЫ ШЕКТІ КҮЙЛЕР (КӨТЕРУ ҚАБІЛЕТІ) БОЙЫНША ЖОБАЛАУ**

### **6.1 Негіздерді аумалы шекті күйлері (көтеру қабілеті) бойынша есептеу**

6.1.1 Құрылыс алаңы таңдалғанда, инженерлік – геологиялық жағдайлар ескеріліп, келесі жайттарды болғызбау керек:

- жердің түсіп кетуін немесе мөлшерден тыс отыруын (қазбалар жүргізілетін аймақтар);
- топырақты негіздің сыну қауіпін;
- еңістің тұрақсыздығын;
- көпке созылатын шөгулерді (ісінбелі, шөккіш, тұздалған топырақтар, тұнбалар).

6.1.2 Негіздерді, аумалы шекті күйлері (көтеру қабілеті) бойынша есептеуде келесі жайттар тексеріледі: орнықтылықты жоғалту, морт, созыла немесе басқаша қирау; резонанстық тербелістер әсері; шамадан тыс иленгіш деформациялар немесе тұрақталмас жылжымалылық деформацияларының дамуы.

6.1.3 [6.5.2.1(1)P] Негіздерді апаттық шекті күйлер (көтеру қабілеті) бойынша есептеу, келесі шарт негізінде жүргізіледі [2]:

$$V \leq R, \quad (6.1)$$

мұндағы  $V$  – негізге түсетін есептік әсер;

$R$  – негіздің шекті кедергісінің күші;

$$V_d \leq R_d, \quad (6.2)$$

мұндағы  $V_d$  – іргетас табанына тік түсетін, жүктеменің (немесе біріккен әсер құрамдасының) есептік мәні;

$R_d$  – осы жүктемеге деген кедергінің есептік мәні.

## ҚР НТҚ 07-01.4-2012

(6.2)-ші теңдеу  $E_d$   $V_d$  алмастырылған (5.20)-ші теңдеудің бір түрі болып табылады.

$V_d$  іргетастың салмағын, төгінді материалының толық салмағын және топырақтың толық қысымын ескеруге тиісті. Іргетасқа түсетін жүктеме тудырмаған су қысымы әсер түрінде ескерілуге тиісті.

$R_d$  (5.21,5.22,5.23) теңдеулерінен анықталады.

6.1.4 Шекті күйді, конструктивтік бөліктің немесе көлденең қиманың немесе негіздің қирауы немесе шамадан тыс деформациялануын (STR және GEO) бойынша қарастырғанда, келесі жайт тексерілуге тиісті.

$$E_d \leq R_d, \quad (6.3)$$

мұндағы  $R_d$  — әсерге деген кедергінің жобалық шамасы;

$E_d$  — әсер нәтижесінің жобалық шамасы.

6.1.5 Жартасты емес және жартасты негіздердің беріктігі мен орнықтылығын, сондай-ақ іргетастардың ығысып немесе аударылып кетпеуін қамтамасыз ету, негіздерді аумалы шекті күйлер (көтеру қабілеті) бойынша есептеу мақсаты болып табылады да, негізінен келесі жағдайларда жүргізіледі:

– негіздікке едәуір көлденең, соның ішінде сейсмикалық жүктемелер берілгенде (сүйеме қабырғалар, тіреуіш конструкциялар іргетастары т.с.с.);

– ғимарат, құламада немесе құламаға жақын орналасқанда;

– негізді, жартасты топырақтар құрағанда;

– негізді, суға қаныққан балшықты топырақтар құрағанда;

– іргетастар жұлынуға жұмыс істегенде (қарнақтар).

6.1.6 Негіздердің, аумалы шекті күйлер (көтеру қабілеті) бойынша есептелінуі, іргетас өлшемдерінің (табанының енін, ауданын және салу тереңдігін) біржолата қабылдануы болып табылады.

## 6.2 Жалпы орнықтылық

6.2.1 Жалпы орнықтылық, іргетастар бар жоғына қарамастан, келесі ахуалдарда міндетті түрде тексерілуге тиісті:

– табиғи бөктер мен жасанды құламаларда немесе солардың маңында;

– қазаншұңқырлар немесе сүйеме қабырғалар маңында;

– өзендер, арналар, көлдер, қоймалар немесе теңіз жағалауларының маңында;

– тау кен орындары немесе тереңделген ғимараттар маңында.

## 6.3 Көтеру қабілеті


6.3.1 Көтеру қабілетті анықтағанда, көпшілікке танымал, әдістерді қолдану керек. Қолданылатын нормативтік әдебиет шекті күйлер әдісін пайдалануды ұсынады. «Геотехника 7– » Еурокоды бойынша әуелі есептеу көтеру қабілеті бойынша жүргізіледі, соңынан деформациялардың рауалылығы тексеріледі. Қазақстандағы, жобалағанда қолданылатын нормативтік әдебиетте, деформациялар бойынша есептеу, басты болып

қабылданған, ал, негіздіктің көтеру қабілеті тек белгілі жағдайларда ғана тексеріледі. Топыраққа берілетін шекті қысымды анықтау әдістерін салыстыра отырып, біздің нормативтік құжаттарда шекті тепе-теңдік қағидасы: іргетас табанындағы бүкіл топырақ иленгіштік ағын күйінде деген жорамалмен қолданылатынын атап өткен жөн. Шетел шешімдерінің көпшілігі іргетас табанында нығыздалған топырақ, қатқыл сына түрінде астындағы қалған топыраққа еніп, онда шекті күй тудырады деген жорамалға негізделген.

6.3.2  $R_d$  мәндерінің аналитикалық есептеулері оны қысқа және ұзақ мерзімді деп айырады, әсіресе түйіршіктері майда топырақтарда.

6.3.3 Иленгіштік қағидасы немесе тәжірибелік жолмен табылған тік бағыттағы көтеру қабілетінің жобалық мәнін анықтағанда, бейімделінген формулалар қолдануға болады. Және де келесі жайттар ескерілуге тиісті:

- әдетте  $c_u$ ,  $c'$  и  $\varphi'$  жобалық мәндеріндегі негіздік беріктігі;
- жобалық жүктемелердің орталықтан тыс және қиғаш түсуі;
- іргетастың түрі, салу тереңдігі және табанының көлбеуі;
- негіз бетінің көлбеулігі;
- топырақ суларының қысымы және гидравликалық градиенттер;
- негіздің әртектілігі, әсіресе қабатталу ерекшеліктері.



**6.1 Сурет – Негіздіктің көтеру қабілетін анықтайтын есептік үлгінің сұлбасы**

6.3.4 Негіздердің көтеру қабілетін анықтайтын есептік формулаларда топырақ, Кулон (ілініс күші мен үйкеліске ие негіздер үшін) немесе Сен-Венан (қас иленгіш негіздер үшін) денелерімен үлгіленеді де, топыраққа біркелкі жүктеме тарататын іргетас қарастырылады. Тек қана үйкеліске ие топырақтардағы негіз қирауының есептік сұлбасы, негіздік орнықтылығының бұзылуы, берілген сырғу бетімен қысылып шығарылған топырақ көлемінің жылжу нәтижесі деп болжайды. Қысылып шығарылған жер, үш бөліктен құралады: ABC іргетас табанының тура астында, нығыздалған топырақтан, төмен бататын, сына түрінде қалыптасады. Сына мен іргетас, табандағы үйкеліске байланысты, бірыңғай тұтасып жылжиды. Сына батқан сайын оған жапсарлас BCG қисықсызықты ығысу аймақтарын кереді. Әрі қарай, қысым BCG-дан BGF түзусызықты ығысу аймақтарына беріледі. Қысып шығарылған жердегі топырақ сығылмайтын деген дәрежеде қабылданады (6.1 - Сурет).

6.3.5 Іргетастан біркелкі үлестірілген жүктеме қабылдайтын негіздің көтеру қабілеті  $R$ , шешімге сәйкес, топырақтың ырықсыз, кері қысым кедергісінің үш құрамдасынан тұрады: кері қысым BCG және BGF аймақтарындағы топырақ салмағы тудыратын  $E_\gamma$

## ҚР НТҚ 07-01.4-2012

құрамдасы; жер беті мен іргетас табанының арасындағы топырақтың салмағы тудыратын  $E_q$  құрамдасы және де топырақ ілініс күшімен анықталатын  $E_c$  құрамдасы.

6.3.6 Негіздің меншікті көтеру қабілетін анықтайтын есептік Формула:

$$R_d = R / A = (\gamma B) / 2 \cdot N_\gamma + c N_c + \gamma' D_f N_q, \quad (6.4)$$

мұндағы  $\gamma$  – іргетас табанындағы топырақтың меншікті салмағы;

$\gamma'$  – іргетас табанынан жоғары орналасқан топырақтың меншікті салмағы;

$B$  – іргетас табанының ені;

$A = B \cdot 1 - 1$  м таспалы іргетас табанының ауданы;

$D$  – іргетастың салу тереңдігі;

$N_\gamma, N_c, N_q$  –  $\phi$ - ішкі үйкеліс бұрышына тәуелді өлшемсіз еселіктер.

6.3.7 (6.4) Формуласын пайдаланғанда, топырақтардың күйлеріне байланысты, негіздерді екі дәрежеге бөлу ұсынылады. Тығыз құмдар мен иленгіштігі жартылай қатты тозаң-балшықты топырақтарда қирау, деформацияның сәл өсуінен де пайда болады. Мұндай ығысу жалпы ығысу деп аталады. Борпылдақ құмдар мен иленгіштігі жұмсақ топырақтарда қирау, шағын көлемдерде байқалып, деформациялардың үдеп өсуімен сипатталады. Жергілікті ығысу жағдайында, негіздік көтеру қабілетіне екінші дәрежедегі топырақтардың жоғары деформациялануының әсерін ескеру үшін, топырақтардың беріктік сипаттамаларын (ілініс күші -  $c$  және ішкі үйкеліс бұрышы -  $\phi$ ) есептеуге 30 % кемітіп еңгізу ұсынылады. Бұл ұсыныс (6.1) Формуласында жергілікті ығысу жағдайында  $N_\gamma, N_c$  және  $N_q$  өлшемсіз еселіктердің кемітілген мәндерін қабылдау арқылы іске асырылады.

6.3.8 Негіз беріктігіне жер асты суларының тигізетін әсері (6.4) Формулада меншікті салмақтар  $\gamma$  және  $\gamma'$  мәндерін таңдау арқылы ескеріледі. Жер асты суларының деңгейі іргетас табанына жететін болса,  $\gamma$  шамасында топырақтың қалқытылуы ескеріліп, меншікті салмақ, мәнінің жартысына тең қылып, алынады. Егер жер асты сулары, іргетас табанынан  $2B$  кем емес тереңдікте болса, онда есептеуде меншікті салмақтың толық мәні қабылданады. Жер асты суларының деңгей тереңдігі аталған аралықтарда болса, онда  $\gamma$  мәндерін сызықты шамалау арқылы анықтау ұсынылады. Топырақтың меншікті салмақтарының мәндері  $\gamma'$ , топырақ суларының деңгейі іргетас табанынан жоғары болған жағдайда, судың қалқыту әсері ескеріліп анықталынады. Жүктелуі және табан өлшемдерінің арақатынасы әртүрлі іргетастар жағдайларында (6.4) сияқты Формулаларды пайдалану үшін, тәжірибелік-қағидалық зерттеулер нәтижелері бойынша анықталған, сәйкес түзету еселіктері қолданылады.

6.3.9 Еселіктер жүйесі ескерілген жағдайда, негіздің меншікті көтеру қабілетін анықтайтын есептік формуласына әмбебаптық түр беріледі:

$$R = \frac{1}{2} \gamma B' N_\gamma i_\gamma \lambda_\gamma d_\gamma = \gamma' D_f N_q i_q \lambda_q d_q Q_{ult} + c N_c i_c \lambda_c d_c, \quad (6.5)$$

мұндағы  $i$ ,  $\lambda$ ,  $d$  – жүктеменің қиғаш түсуін, іргетас табанының пішімін және оның салу тереңдігін ескеретін эмпирикалық еселіктер;

$B'$  – сыртқы жүктеменің орталықтан тыс  $E_B$  түскенін ескеретін іргетас табанының тиімді ені.

6.3.10 Егер негіздік, баяу нығыздалатын балшықты топырақтан құралған және жүктемелер тез берілетін болса, онда топырақ беріктігі, негізінде, ілініс күштерімен анықталады ( $\varphi = 0$ ). Бұл жағдайда көтеру қабілетін анықтайтын (6.5) Формула келесі түріне айналады:

$$R = 5.14c'(1 - i_c' + \lambda_c' + d_c'') + \gamma D_f N_q, \quad (6.6)$$

мұндағы  $c'$  – нығыздалмаған – су сығылмаған сынақтардағы меншікті ілініс күші;

$c_c'$ ,  $\lambda_c'$ ,  $d_c''$  – сәйкесінше жүктеменің қиғаштануын, іргетас табанының түрін және салу тереңдігін ескеретін, тәжірибе негізінде анықталған, түзету еселіктері.

## 6.4 Топырақтың көтеру қабілетін есептейтін талдау әдісі

### 6.4.1 Су сығыла алмайтын жағдайлар

6.4.1.1 Есептік көтеру қабілет, су сығыла алмайтын жағдайда, келесі формула бойынша анықталына алады:

$$R / A' = (\pi + 2) \cdot c_u b_c s_c i_c + q, \quad (6.7)$$

мұндағы  $A' = B'L'$  – іргетастың жобалық тиімді ауданы;

$B'$  – іргетастың тиімді ені;

$L'$  – іргетастың тиімді ұзындығы;

өлшемсіз еселіктер арқылы:

– іргетас табанының көлбеуін:  $b_c = 1 - 2\alpha / (\pi + 2)$ ;

– түрін ескергенде:  $s_c = 1 + 0,2 \cdot (B' / L')$  тік төртбұрышты іргетас үшін;

$s_c = 1,2$  шаршы немесе дөңгелек іргетастар үшін;

$q$  – іргетас табанының деңгейіндегі қысым, немесе қатарлас жүк.

$i$  – ілініс күшінің  $c$ , қатарлас жүктің  $q$  және топырақ меншікті салмағының  $\gamma$  төменгі мәндеріндегі жүктеме қиғаштығын ескеретін еселік.

– жүктеменің көлденең құрамдасына  $H$  қарасты қиғаштануы:

$$i_c = \frac{1}{2} \cdot \left(1 + \sqrt{1 - \frac{H}{A' c_u}}\right), \quad (6.8)$$

мұндағы  $H \leq A' c_u$ .

## ҚР НТҚ 07-01.4-2012

МЫСАЛ.Ені 1,5 м таспалы іргетас, суы сығылмаған күйдегі, сипаттамалық беріктігі  $c_u = 130$  кПа балшыққа орналасып, дағдылы тік әсерді қабылдайды  $V = 250$  кН. Қатарлас жүк қысымы  $q = 25$  кПа. Шекті көтеру қабілеті:

$$R/A' = 5,14c_u + q = 5,14 \times 130 + 25 = 693,2 \text{ кПа}$$

Тиімді ауданы  $A' = 1,5 \text{ м}^2$  негіз үшін кедергі шамасының дағдылы тік әсердің шамасына деген қатынасы:

$$R/V = 693,2 \times 1,5 / 250 = 4,15$$

$R$   $V$ -дан артық болу үшін, су сығылмаған күйдегі беріктік 39 КПа аспайтын шамаға дейін азаюға тиісті (яғни, нақты мәнінің 30% аспайтын шамаға дейін). Сондықтан, шөгуді есептеудің қажеті жоқ.

### 6.4.2 Су сығыла алатын жағдайлар

6.4.2.1 Есептік көтеру қабілет, су сығыла алатын жағдайда, келесі формула бойынша анықталына алады:

$$R/A = c'N_c b_c s_c i_c + q'N_q b_q s_q i_q + 0.5\gamma' B' N_\gamma b_\gamma s_\gamma i_\gamma, \quad (6.9)$$

мұндағы  $A=BL$  – іргетастың жобалық ауданы;

$B$  – іргетастың ені;

$L$  – іргетастың ұзындығы;

$q'$  – іргетас негізінің деңгейіндегі, шамадан тыс жүктемеден берілетін, есептік тиімді қысым;

$\alpha$  – іргетас табанының көкжиекке қарасты еңкеюі;

$i$  – ілініс күшінің  $c$ , қатарлас жүктің  $q$  және топырақтың меншікті салмағының  $\gamma$  төменгі мәндеріндегі жүктеме қиғаштығын ескеретін еселіктер;

$s$  – төменгі мәндеріндегі  $c$ ,  $q$  және  $\gamma$  үшін іргетас табанының түрін ескеретін еселіктер;

$b$  – төменгі мәндеріндегі  $c$ ,  $q$  және  $\gamma$  үшін, іргетас табанының еңкеюін ескеретін еселіктердің жобалық мәндері;

$\gamma'$  – іргетас табанынан төмен орналасқан топырақтың жобалық тиімді меншікті салмағы.

төменгі мәндеріндегі  $c$ ,  $q$  және  $\gamma$  үшін,  $N$  өлшемсіз еселіктерінің жобалық мәндері:

– көтеру қабілеті үшін:

$$N_c = e^{\pi \tan \phi'} \tan^2 (45^\circ + \phi' / 2);$$

$$N_c = (N_q - 1) \cdot \tan \phi';$$

$$N_c = 2 \cdot (N_q - 1) \cdot \tan \phi', \text{ мұндағы } \delta \geq \phi' / 2 \text{ (табаны кедір-бұдырлы іргетас);}$$

– табаны еңкейген іргетас үшін:

$$b_c = b_q - (1 - b_q) / (N_c \tan \phi');$$

$$b_q = b_\gamma = (1 - \alpha \tan \phi')^2;$$

– іргетастың пішімдері:

$$s_q = 1 + (B' / L') \cdot \sin \phi' \text{ тік төртбұрышты;}$$

$$s_q = 1 + \sin \phi' \text{ шаршы немесе дөңгелек;}$$



$s_\gamma = 1 - 0,3(B'/L') \cdot \sin \varphi'$  тік төртбұрышты;

$s_\gamma = 0,7$  шаршы немесе дөңгелек;

$s_c = (s_q N_q - 1)/(N_q - 1)$  тік төртбұрышты, шаршы немесе дөңгелек пішімдері үшін;

– көлденең құрамдасы  $H$  туғызатын, жүктеменің қиғаштануы:

$i_c = i_q - (1 - i_q)/(N_q \operatorname{tg} \varphi')$ ;

$i_q = [1 - H/(V + A'c' \operatorname{ctg} \varphi')]^m$ ;

$i_\gamma = [1 - H/(V + A'c' \operatorname{ctg} \varphi')]^{m+1}$ ;

мұндағы  $m = m_B = [2 + (B'/L')]/[1 + (B'/L')]$ , егер  $H B'$  бағытында әсер етсе;

$m = m_L = [2 + (L'/B')]/[1 + (L'/B')]$ , егер  $H L'$  бағытында әсер етсе;

мұндағы  $D$  – салу тереңдігі;

$e$  – төменгі мәндеріндегі  $B$  және  $L$  үшін, әсердің теңәсерлі күшінің орталықтан тыс түсуі;

$m$  – көлбеулік еселіктерінің  $i$  формулалардағы дәреже көрсеткіштері;

$V$  – тік түскен жүктеме;

$\theta$  –  $H$  –тың бағыттық бұрышы.

Жүктеменің көлденең құрамдасы  $L'$  бағытымен  $\theta$  бұрышын құрайтын бағытта әсер ететін жағдайда  $m$  келесі формуламен анықтауға болады:

$$m = m_e = m_L \cos^2 \theta + m_b \sin \theta, \quad (6.10)$$

МЫСАЛ Іргетастың және оның үстіндегі топырақтың салмақтары ескеріле анықталған топыраққа, дағдылы тік қысым (әсер) 170 кПа тарататын, ені 1,5 м таспалы іргетас, келесі қасиеттері бар:  $\gamma = 19 \text{ кН/м}^3$ ,  $\varphi' = 21^\circ$ ,  $c' = 12 \text{ кПа}$  және  $c_u = 50 \text{ кПа}$ , біртекті балшық қабатында орнатылған. Су айнасы іргетас әсер ететін тереңдіктен, ал, іргетас негізі жер бетінен 0,55 м төмен орналасқан.

Су сығыла алмайтын жағдай (қысқа мерзімді)

$$R_d / A' = (\pi + 2)c_u b_c s_c i_c + q = (\pi + 2)c_u + q,$$

Таспалы іргетас үшін, табанының, пішіні мен жүктеме қиғаштығының еселіктері 1,0 тең.


Жобалау қағидаты 1 Біріктіру 1

A1 + M1 + R1 топтардың барлық жеке еселіктерінің, тек A1 тобы еселіктерінің ғана мәндері 1,0 тең емес.  $\gamma_G = 1,35$  жеке еселігі.

$$R_d / A' = 5,14 \times 50 + 0,55 \times 19 = 267,45 \text{ кПа}$$

$$V_d / A' = F_{rep} \gamma_G = 170 \times 1,35 = 229,5 \text{ кПа}$$

Сонымен, 1 біріктіру шарты  $V_d \leq R_d$  орындалады.



6.2 – Сурет. Негіз көтеру қабілетін анықтайтын мысалдарға

Жобалау қағидаты 1 Біріктіру 2

A2 + M2 + R2 топтардың барлық жеке еселіктерінің, тек M1 тобы еселіктерінің ғана мәндері 1,0 тең емес. Жеке еселік  $c_{cu} = 1.4$ .

$$R_d / A' = (\pi + 2)c_u / \gamma_{cu} + q = 5.14 \times 50 / 1.4 + 0.55 \times 19 = 194.0 \text{ кПа}$$

$$V_d / A' = 170 \times 1.0 = 170 \text{ кПа}$$

Сонымен, 2 біріктіру шарты  $V_d \leq R_d$  орындалады.

Су сығыла алатын жағдай (ұзақ мерзімді)

$$R_d / A' = c'N_c b_c s_c i_c + qN_q b_q s_q i_q + 0.5\gamma B N_\gamma b_\gamma s_\gamma i_\gamma,$$

$$R_d / A' = cN_c + qN_q + 0.5\gamma B N_\gamma,$$

мұндағы  $N_c, N_q$  және  $N_\gamma$   $\phi'$  функциялары болып табылады. Таспалы іргетас үшін, табанының, пішіні мен жүктеме қиғаштығының еселіктері 1,0 тең.

Жобалау қағидаты 1 Біріктіру 1

Жеке еселік  $\gamma_G = 1.35$ .

Көтеру қабілетінің еселіктері,  $\phi$  есептік мәні арқылы табылады:

$$\phi'_d = \tan^{-1}(\tan 21^\circ / 1.0) = 21^\circ$$

$$N_c = 16, N_q = 7.95, N_\gamma = 6.0$$

Сонымен:

$$R_d / A' = 5 \times 16 + 10.45 \times 7.965 + 0.5 \times 19 \times 1.5 \times 6.0 = 248.7 \text{ кПа}$$

$$V_d / A' = F_{rep} \gamma_G = 170 \times 1.35 = 229.5 \text{ кПа}$$

Және де, 1-ші біріктіру шарты  $V_d \leq R_d$  орындалады.

Жобалау қағидаты 1 Біріктіру 2

Жеке еселік  $\gamma_c = \gamma_{\phi'} = 1.25$ .

Көтеру қабілетінің еселіктері,  $\phi$  есептік мәні арқылы табылады:

$$\varphi'_d = \tan^{-1}(\tan 21^\circ / 1.25) = 16.8^\circ$$

$$N_c = 11.93, N_q = 4.87, N_\gamma = 2.69$$

Сонымен:

$$R_d / A' = (c' / \gamma_{c'}) N_c + q' N_q + 0.5 \gamma B N_\gamma,$$

$$R_d / A' = 12 / 1.25 \times 11.93 + 10.45 \times 4.87 + 0.5 \times 19 \times 1.5 \times 2.69 = 203.7 \text{ кПа}$$

$$V_d / A' = 170 \times 1.0 = 170 \text{ кПа}$$

2-ші біріктіру шарты  $V_d \leq R_d$  орындалады.

## 6.5 Топырақтың көтеру қабілетін анықтайтын жартылай эмпирикалық әдіс

6.5.1 Іргетас астындағы топырақтың жобалық көтеру қабілетін анықтау үшін далалық сынақтар, мысалы прессиометриялық, әдістерін қолдануға болады.

6.5.2 Прессиометриялық әдістерді қолданғанда, тік жүктеме жағдайында, іргетас астындағы топырақтың жобалық көтеру қабілеті, топыраққа түсетін шекті қысыммен келесі сызықты тәуелділікпен байланысты екені, ескерілуге тиісті:

$$R_d / A' = \sigma_{v,0} + k p^* l_e, \quad (6.11)$$

мұндағы  $k$  – көтеру қабілетінің еселігі;

$\sigma_{v,0}$  – бастапқы толық тік кернеу;

$p^*_{le}$  – жобалық парапар шекті қысым (прессиометриялық сынақтан);

Көтеру қабілеті еселігінің  $k$  мәні, топырақ түріне, іргетас тереңдігі мен пішініне байланысты 0,8 ден 3,0 дейінгі аралықта өзгереді.

6.5.3 Жобалық парапар шекті қысым толық шекті қысым ( $p^*_l$ ) арқылы есептелінеді, прессиометриялық сынақ үшін, сынақтау тереңдігіндегі шекті мәннен  $p_e$  топырақтың тыныштық қалпындағы көлденең қысымды  $p_0$  алғанға тең  $(p_e - p_0)$ .  $p_0$  келесі формуламен анықталуы мүмкін:

$$p_0 = K_0 q' + u, \quad (6.12)$$

мұндағы  $K_0$  – топырақтың тыныштық қалыптағы қысым еселігі;

$q'$  – топырақтың тиімді артық қысымы;

$u$  – судың кеуектілік қысымы.

6.5.4 Жартасты негіздегі іргетастар үшін, топырақтың жобалы көтеру қабілетінің шамасын табу әдісінің мысалы, Г Қосымшасында келтірілген.

## 6.6 Сырғу кедергісі

6.6.1 [6.5.3(1)P] Егер жүктеме іргетас табанына тік түспейтін болса, онда табан бойынша сырғу тексерісі қажет [2].

6.6.2 [6.5.3(2)P ] Келесі теңсіздік орындалуға тиісті [2]:

$$H_d \leq R_d + R_{p;d}, \quad (6.13)$$

мұндағы  $H_d$  – көлденең жүктеменің есептік мәні немесе іргетас табанына қатарлас нәтижелік әсердің құрамдасы;

$R_d$  – осы жүктеменің есептік кедергісі;

$R_{p;d}$  – іргетас бүйіріндегі топырақ қысымынан пайда болған, кедергі күштің есептік шамасы.

$H_d$  – топырақтың, іргетасқа тигізетін тура қысымының, барлық күштерін біріктіреді.

6.6.3  $R_d$  және  $R_{p;d}$  мәндері, шекті күйдегі, осы жүктелуге жорамалданған ауытқу мәндеріне сәйкес болу керек. Үлкен ауытқулар үшін, ең үлкен мәнінен кейін тұрақталатын, қалдық кедергі ескерілуге тиісті.  $R_{p;d}$  мәнін, ғимараттың қызмет ету мерзімін ескеріп, таңдау керек.

6.6.4 [6.5.3(6)P] Салу тереңдігі, балшықты топырақтардың мерзімді деформациялар деңгейіндегі іргетастар үшін, балшықтың, кебу кезінде, іргетас тік қырынан ажырау мүмкіндігі, ескерілуге тиісті [2].

6.6.5 [6.5.3(7)P] Іргетас үстіндегі топырақтың, табиғи бұзылу немесе адамның әрекеті салдарынан, алынып қалу мүмкіндігі де, ескерілуге тиісті [2].

6.6.6 [6.5.3(8)P] Су сығыла алатын жағдайда, жобалық ығысу кедергісінің есептеулеріндегі топырақ сипаттамаларының мәндері немесе негіз кедергісі, еселіктерге келесі формулалар бойынша көбейтіледі [2]:

$$R_d = V'_d \operatorname{tg} \delta_d, \quad (6.14)$$

немесе

$$R_d = (V'_d \operatorname{tg} \delta_d) / \gamma_{R;d}, \quad (6.15)$$

мұндағы  $V'_d$  - тиімді тік әсердің немесе іргетас табанына тік түсетін тиімді әсер құрамдасының есептік мәні;

$\delta_d$  – конструкция материалына қарасты, топырақтың есептік үйкеліс бұрышы;

Есептік үйкеліс бұрышын  $\delta_d$ , ығысу шекті күйіндегі, есептік, тиімді ішкі үйкеліс бұрышына тең қылып алуға болады;  $\varphi''_{cv;d}$  құймалы іргетастар үшін, және де  $2/3 \varphi'_{cv;d}$  тегіс құрама іргетастар үшін. Топырақтың тиімді ілініс күшін  $c'$  ескермеуге болады.

МЫСАЛ Іргетастың және оның үстіндегі топырақтың салмақтары ескеріле анықталған, топыраққа дағдылы тік қысым (әсер) 160 кПа тарататын ені 1, 2 м таспалы іргетас, келесі қасиеттері бар:  $\gamma = 20 \text{ кН/м}^3$ ,  $\varphi' = 23^\circ$ ,  $c' = 5 \text{ кПа}$  және  $c_u = 40 \text{ кПа}$ , біртекті балшық қабатында орнатылған. Су айнасы іргетас әсер ететін тереңдіктен, ал, іргетас негізі, жер бетінен 0,75 м төмен орналасқан. Егер,  $\varphi''_{cv;d} = 23^\circ$  деп қабылдасақ, онда су сығыла алатын жағдайдағы ығысуға деген есептік кедергі:

$$R_d = 160 \times 1,2 \times \tan 23^\circ = 81,5 \text{ кН/м}$$

Сонымен, шекті күйге сай болу үшін, есептік көлденең әсер  $H_d$  81,5 кН аспау керек.

6.6.7 [6.5.3(9)P ҚР ҚН EN 1997-1: 2004/ 2011]  $V'_d$  анықтағанда,  $H_d$  және  $V'_d$  әсерлерінің тәуелді немесе тәуелсіздігін, ескеру керек.

6.6.8 Құймалы темірбетонды іргетастар үшін, жобалық үйкеліс бұрышын  $\delta_d$  шекті күйдегі тиімді ығысу кедергісі бұрышының жобалық мәніне теңестіруге болады, ал, тегіс құрама іргетастар үшін –  $2/3f_{cv;d}$ . Есептеулерде тиімді меншікті ішкі ілініс күшін ескермеуге болады.

ЕСКЕРТУ Әсерлердің нәтижелері еселіктерге көбейтілетін, жобалық есептеулердегі әсерлердің жеке еселігі  $\gamma_F$  1,0 тең және (6.15) формуласындағы  $V'_d = V'_k$ .

6.6.9 [6.5.3(11)P] Су сығыла алмайтын жағдайда, жобалық ығысу кедергісі  $R_d$ , келесі түрде, топырақ сипаттамаларын немесе негіз кедергісін еселіктерге көбейту арқылы есептелінеді [2]:

$$R_d = Ac_{u;d}, \quad (6.16)$$

$$R_d = (Ac_{uk}) / \gamma_{R,h}, \quad (6.17)$$

мұндағы  $A$  – жүктеме таралатын аудан;

$c_{u;d}$  – су сығылу шартына сай, топырақтың есептік ығысу кедергісі.

МЫСАЛ Ені 1,2 м, беріктік қасиеті:  $c_{uk} = 40$  кПа, біртекті балшық қабатында орналасқан таспалы іргетас, оның салмағы ескерілген жағдайда, топыраққа дағдылы тік қысым (әсер) түсіреді = 160 кПа және  $\gamma_{R,h}=1,4$ . Онда, есептік кедергі  $R_d = 1,2 \times 40/1,4 = 34,3$  кН/м. Яғни, шекті күйге сай болу үшін, есептік көлденең әсер  $H_d$  34,3 кН/м-ден аспау керек.

6.6.10 [6.5.3(12)P] Егер, іргетас пен суы сығылмаған балшықты негіз тоғысқан жерге, су немесе ауа бара алатын болса, онда келесі тексеріс орындалуға тиісті [2]:

$$R_d \leq 0,4V_d, \quad (6.18)$$

мұндағы  $V_d$  – іргетас табанына қарасты, тік бағытқа келтірілген біріккен тік әсердің, немесе біріккен әсердің есептік шамасы.

6.6.11 Оң мәнді көтеру кедергісі жоқ жағдайда, іргетас пен негіз араларында су сорылу салдарынан саңлау пайда болмайтын болса, онда (6.18) формула талабын ескермеуге болады.

МЫСАЛ Біртекті балшық қабатында орналасқан, ені 1,2 м таспалы іргетас, топыраққа дағдылы тік қысым (әсер) түсіреді = 160 кПа. Онда, есептік кедергі  $R_d = 0,4 \times 160 = 64$  кН/м. Яғни, шекті күйге сәйкес болу үшін, есептік көлденең әсер  $H_d$ , бәрібір 34,3 кН/м аспау керек, өйткені (6.17) теңдеу кіші шама береді.

## 6.7 Орталықтан тыс түсуі үлкен жүктемелер

6.7.1 [6.5.4(1)P] Егер, жүктеменің орталықтан тыс түсуі іргетас енінің  $1/3$ , немесе дөңгелек іргетас радиусының  $3/5$  асатын болса, ерекше сақтық шаралар қажет [2].

Ол шаралар:

- [2]сәйкес, әсерлердің есептік мәндерін ұқыпты қарастыру;
- іргетас шетін, құрылыстық рауаларға сай, орналастыру сияқты, жағдайлардың ескерілгені жөн.

6.7.2 Егер жұмыстар жүргізілу барысында, ерекше шаралар қабылданбаса, онда 0,10 м дейінгі руалы қашықтықтар ескерген жөн.

### **6.8 Іргетас ауытқуларынан конструкциялардың қирауы**

6.8.1 [6.5.5(1)P] Іргетастың әркелкі тік және көлденең ауытқуларын, ғимаратты аумалы шекті күйге апармау үшін, ескеру қажет [2].

6.8.2 Егер, ауытқулар аумалы шекті күй тудырмайтын болса, онда руалы көтергіш қысым [2] 2.5 б.сай қабылдануы мүмкін.

6.8.3 [6.5.5(3)P] Топырақтың ісінуінен, негіз бетінің көтерілу мүмкіндігі ескерілуге және де іргетастар мен ғимарат, осы көтерілу ескеріле, жобалануға тиісті [2].

### **6.9 Іргетас салу тереңдігін тағайындау**

6.9.1 [2.4.2(3)P] Жобада қабылданатын әсерлерді анықтағанда, ғимарат пен негіз араларындағы барлық әрекеттестік түрлері ескерілуге тиісті [2].

6.9.2 Іргетас салу тереңдігін тағайындағанда, геотехникалық жобаға тоңданумен бірге, температуралық әсерлермен байланысты жайттар еңгізіледі:

6.9.3 Іргетастардың салу тереңдігін:

- жобаланатын ғимараттың конструктивтік ерекшеліктерін, оның іргетастарына түсетін жүктемелер мен әсерлерді;

- құрылыс жүргізілетін жердің осыған дейінгі және жобалық бедерін;

- құрылыс алаңының инженерлік - геологиялық жағдайларын (топырақтардың физикалық – механикалық қасиеттерін, қабаттасу түрін, сырғуға бейімді қабаттар, жемірілу қалталары, т.с.с болуын);

- алаңның гидрогеологиялық жағдайларын, әсіресе, топырақ сулары деңгейінің құрылыс барысында және ғимаратты пайдалану кезінде өзгеру мүмкіндігін (көтерілуі мен түсуі);

- құрылыс ауданындағы топырақтардың кезеңдік тоңдану тереңдігін ескере, қабылдайды.

6.9.4 Іргетастар салу тереңдігін, негіздік топырақтарының есепті, кезеңдік тоңдану тереңдігінен төмен, қабылдаған жөн.

6.9.5 Топырақтың кезеңдік тоңдануының есептік тереңдігі, осы жердегі, ашық, қар тұрмайтын, жер асты суларының деңгейі, топырақтардың кезеңдік тоңдану тереңдігіне кемі 2м төмен орналасқан, жазық алаңдағы топырақтардың жылда кезеңді тоңдануының ең жоғарғы мәндерінің (кемі 10 жылғы бақылау деректері бойынша) орташа мәніне тең етіліп қабылданады.

6.9.6 Геотехникалық жобада, міндетті түрде, негіз топырақтарының сулануын және олардың, құрылыс және пайдалану кезеңдерінде, тоңдануын болдырмайтын шаралар қарастырылады.

## 7 НЕГІЗДЕРДІ ПАЙДАЛАНУ КЕЗІНДЕГІ ШЕКТІ КҮЙЛЕР (ДЕФОРМАЦИЯЛАР) БОЙЫНША ЖОБАЛАУ

### 7.1 Жалпы ережелер

7.1.1 [2.4.8(1)P] Топырақты негізді, пайдалану кезіндегі шекті күйлер бойынша тексеру, келесі теңсіздік орындалуын талап етеді [2]:

$$E_d \leq C_d, \quad (7.1)$$

мұндағы  $C_d$  – әсер нәтижесінің (шөгудің) тиісті мөлшердегі шекті, есептік шамасы;  
 $E_d$  – әсер нәтижесінің есептік шамасы.

7.1.2 Негіздерді пайдалану кезіндегі шекті күйлер (деформациялар) бойынша жобалау есептеулерінде [2] әсер нәтижесінің (шөгудің) -  $C_d$  мөлшерленген есептік шамасы түрінде, шөгудің үш құрамдасының қосындысы қабылданады: лезде шөгудің, нығая шөгудің (консолидация) және шөгу жылжымалылығының. Лезде шөгуді анықтағанда, топырақтың деформациялық сипаттамасы ретінде серпімділік модулін қабылдап, серпімді жартылай кеңістік шешімін қолданады. Суға қаныққан, осал топырақтарда өте маңызды, нығая шөгуді бірөлшемді сығу жағдайын қолданып, есептейді. Мұндағы, топырақтың деформациялық сипаттамасын (компрессия еселігін-  $C_c$ ) эмпирикалық сенімділігі жоғары емес, тәуелділіктер бойынша да, анықтауға болады. Қазақстандағы нормативтік құжаттардың баптарына сәйкес, тәжірибелік есептеулердегі толық шөгу, негіз есептік сұлбалары сызықты деформацияланатын орта, сығылу тереңдігі белгілі шартпен немесе қабат қалыңдығымен шектелген серпімді жартылай кеңістік түрлерінде қабылданып анықталады. Олардың қолдану жағдайлары, есептеу әдістемесі, нақты белгіленіп, есептеу формулалары қолайлы түрге келтіріліп, деформация модулін анықтау тәртібінің ерекшеліктері, қоса енгізілуге тиісті.

7.1.3 Пайдалану кезіндегі шекті күйлерге (деформациялар) ғимараттың қалыпты пайдалануын қиындататын немесе шектен тыс ауытқулар (шөгулер, иілулер, бұрылыс бұрыштары), тербелістер, жарықшақтар т.б. салдарынан оның төзімділігін төмендететін күйлер жатқызылады.

7.1.4 Негіздерді пайдалану кезіндегі шекті күйлер (деформациялар) бойынша есептеудің мақсаты, іргетастар мен ғимараттың жер бетіндегі бөлігі конструкцияларының абсолюттік немесе салыстырмалы ауытқуларын, ғимараттың қалыпты пайдалануына кепілдік беретін және оның төзімділігін (шамадан тыс шөгулер пайда болу, көтерілу, қисаю, конструкциялар орындарының және жобалық деңгейлерінің өзгеруі, олар жалғасқан жерлерінің бұзылуы т.с.с. салдарынан) төмендетпейтін мәндермен шектеу болып табылады. Және де, іргетастар мен ғимараттың жер бетіндегі бөлігі конструкцияларының беріктігі мен жарықшаққа төзімділігі, ғимарат пен негіз әрекеттестігінен туындайтын күштерді ескеретін, есептеумен тексерілді деп, қабылданады.

7.1.5 Негіздіктің сыртқы жүктеме әсерінен деформациялану кезінде уақыт бойынша әртүрлі өзгертін шөгулер белгіленеді: бастапқы (лезде) шөгу  $S_0$ ; нығая (консолидациялық) шөгу  $S_1$ ; қосымша шөгу  $S_2$ .

7.1.6 Бастапқы шөгу -  $S_0$ , жүктеме түскен сәтте-ақ, топырақ түйіршіктерінің көлденең ығысуынан пайда болады. Бұл жағдайда топырақтың беріктігі жоғалмай, тек пішін өзгеру деформациялары, яғни, деформациялардың серпімді түрі ғана, байқалады. Осы кезде, серпімділік модулі, негізінен, топырақтың серпімді қасиеттерін сипаттап, нығаймаған - суы сығылмаған, топырақты сынақтау арқылы анықталады (ННС).

7.1.7 Нығая шөгу  $S_I$ , көбінесе, топырақтың нығыздалуымен өтеді де, топырақ кеуектеріндегі судың, сығылып шығуына байланысты, оның кеуектілігі азайып, тиімді қысым өскен сайын, кеуектілік қысым азайып,  $u=0$  болғанда, нығая шөгу  $S_I$ , аяқталады-мыс. Негіздің деформациялық сипаттамалары ретінде, суы сығыла нығайған әдістеме бойынша анықталған сығылу модулі -  $M$  немесе компрессия еселігі -  $C_c$  (сығылу көрсеткіші) пайдаланылады. Әдетте, консолидациялық, нығая шөгудің  $S_I$  мөлшері, қарастырылатын шөгу түрлерінің арасындағы басым, және де, барлық, суға қаныққан майда-дисперсиялық тұнбаларға тән қасиет.

7.1.8 Қосымша шөгу  $S_2$ , жылжымалылық деформацияларынан құралады. Бұл түрдегі деформациялар, иленгіш топырақтарда, жүктемелер, ұзақ беріктік шегі деп, аталатын шамадан асқанда, пайда болады. Әдетте, рауалы қысым анықталғанда, қабылданатын арттыру еселігінің жоғары мәндерінің арқасында,  $S_2$  сирек орын алады. Олар, жоғары органикалық топырақтар мен кейбір саздарда, маңызды мәнде, болуы мүмкін.

7.1.9 Пайдалану кезіндегі шекті күйлер бойынша әсерлер (шөгулер) нәтижелерінің мөлшерленген есептік шамалары, келесі шарт арқылы анықталады:

$$S = S_0 + S_I + S_2 < S_u, \quad (7.2)$$

мұндағы  $S$  – толық шөгу;

$S_0$  – лезде шөгу;

$S_I$  – нығая шөгу;

$S_2$  – жылжымалық тудырған шөгу (қосымша шөгу);

$S_u$  – ҚР ҚН EN 1997-1:2004/2011 нұсқаулары бойынша анықталатын, ғимарат пен негіздің бірлескен, ортақ деформациясының шекті мәні. Іргетастардың рауалы ауытқуларының мәндері, Е Қосымшасында, келтірілген.

7.1.10 Иленгіштігі қатты, аз сығылатын балшықтардағы іргетастардың 2 және 3 геотехникалық санаттарға сәйкес, әдетте, тік ауытқулары (шөгулері) есептелінеді.

7.1.11 Іргетас ауытқуларын есептеп және оларды, қалыпты пайдалану көрсеткіштерімен салыстырғанда, пайдалану кезіндегі шекті күйлердің жобалық жүктемелерін қабылдау керек.

7.1.12 Негіздік деформациялары, келесі түрлерге ажыратылады:

шөгу – сыртқы жүктемелер әсерінен, топырақтың нығыздалу нәтижесінде, кейде топырақтың өз салмағынан, оның құрылымы түпкі өзгерістерге ұшарамаған жағдайларда пайда болатын деформациялар.

тез отыру – сыртқы жүктемелер мен топырақтың өз салмағының және де, мысалы, шөккіш топырақтың сулануы, қатқан топырақтағы мұз қабатшаларының еруі сияқты қосымша себептердің әсерінен, әдетте, топырақ құрылымының біржола өзгеруімен, нығыздалу нәтижесі түрінде өтетін деформациялар.



көтерілулер мен шөгулер – кейбір топырақтардың ылғалдылықтарының өзгеруінен немесе химиялық заттардың әсерінен (ісініп-кебуі) және топырақ кеуектеріндегі судың қатуынан немесе мұздың еруінен пайда болатын көлем өзгерістерімен байланысты деформациялар.

отырулар – пайдалы кен қазбаларын өндіру, гидрогеологиялық жағдайлардың өзгеруі, жер асты сулары деңгейінің төмендеуі, карсттық – суффозиялық құбылыстар т.с.с. кездерде байқалатын, жер бетінің деформациялары.

көлденең ауытқулар – негізге түсетін көлденең жүктемелер әсерлерімен (керу жүйелерінің іргетастары, сүйеме қабырғалар т.с.с.) немесе отырулар, топырақтардың өз салмағынан лықси шөгуі т.с.с. кездердегі жер бетінің елеулі түрдегі тік ауытқуларымен байланысты деформациялар.

7.1.13 Іргетастардың келесі ауытқу түрлері ескерілуге тиісті: шөгу, салыстырмалы (немесе әркелкі) шөгу, бұралу, қисаю, салыстырмалы иілу, салыстырмалы бұралу, көлденең ауытқу және дірілдеу ені. Ауытқулар мен деформациялардың кейбір атауларының анықтамалары 7.1 -7.5 Суреттерінде келтірілген.

Негіз бен ғимарат, келесі ортақ деформациялармен, сипатталуы мүмкін:

жеке іргетас негізінің абсолюттік толық шөгуі: –  $s$

ғимарат негізінің орташа шөгуі: –  $\bar{s}$ ;

екі іргетас шөгулерінің салыстырмалы әркелкілігі –  $\frac{\Delta s}{L}$  ;

іргетас (ғимарат) жантаюы –  $i$ ;

салыстырмалы иіліс немесе иін –  $\frac{f}{L}$  ;

ғимарат бүгілген жерінің қисықтығы –  $\rho$ ;

ғимарат бұралуының салыстырмалы бұрышы –  $\theta$ ;

іргетастың (ғимараттың) көлденең ауытқуы.

Екі іргетас шөгулерінің салыстырмалы әркелкілігі, сол екі іргетастың абсолюттік шөгулер қалдығының, екеуінің арасындағы қашықтыққа деген қатынасы. Бұл сипаттама, шөгулердің эпюралары әркелкі (секіріс тәрізді) жағдайда пайдаланылады. (7.1-ші Сурет) Иілгіш ғимараттарда, бұл шама, қисаю деформацияларын сипаттайды, ал, қатқылдау ғимараттарда, көбінесе, конструкциялардың ығысу деформацияларын.

Іргетастың немесе бүкіл ғимараттың жантаюы –  $i$  – іргетастың немесе бүкіл ғимараттың шеткі нүктелер шөгулерінің, іргетас (ғимарат) еніне немесе ұзындығына деген қатынасы (7.2-ші Сурет). Мұндай, қатқыл іргетастар мен ғимараттарға тән деформацияларда, негіздік шөгуі, кез-келген бағытта, сызықты заңмен өзгереді.

Салыстырмалы иіліс немесе иін – иіліс немесе иін жебесінің ғимараттың бүгілген жерінің ұзындығына деген қатынасы. Бұл сипаттама ұймереттер мен ғимараттардың иіле қисайған жағдайларында пайдаланылады (7.3-ші Сурет).

Салыстырмалы иіліс (иін) мына формула бойынша есептелінеді

$$\frac{f}{L'} = \frac{2s_2 - s'_1 - s_3}{2L}, \quad (7.3)$$

## ҚР НТҚ 07-01.4-2012

мұндағы,  $s_1$  және  $s_3$  – нақты қисайған жердегі, екі жақ шеттерінің шөгулері;

$s_2$  – сол жердегі шөгудің, ең үлкен немесе ең кіші мәні;


$L$  – шөгулері  $s_1$  және  $s_3$  нүктелер арасындағы қашықтық.

Ғимарат бүгілген жерінің қисықтығы  $\rho$  – ұзыннан-ұзақ салыстырмалы қатқыл ғимараттардың кернеулік-деформациялық күйін толығырақ сипаттайтын қисаю радиусына кері шама (7.4-ші Сурет). Үлгілі жобалар жасау барысында, ғимарат есептелуіне енетін осы шама, әрі қарай, негіздің шекті деформацияларын конструкциялардың беріктік және шарықшаққа төзімділігі шарттары бойынша анықтауға, пайдаланылады.


Ғимарат бұралуының салыстырмалы бұрышы  $\theta$  (7.4-ші Сурет) ғимарат конструкцияларының кеңістік жұмысын сипаттайды. Ғимарат бұралған жағдайдағы конструкцияларда пайда болатын күштер, басқа түрлі деформациялар (мысалы, иіліс) тудыратын күштермен, біріктірілуге тиісті.

Іргетастың немесе бүкіл ғимараттың көлденең ауытқуын, әдетте, негізге көлденең жүктемелер әсер еткенде, ескеру керек.


Негіздің әркелкі шөгуінен, ғимаратта күрделі деформация пайда болуы мүмкін. Мұндайда, оны, 7.5-ші Суретте көрсетілгендей, жеке құрамдастарға, жіктеуге болады.




Сурет 7.1 – Ғимарат негізінің шөгу сұлбасы – көршілес іргетастар шөгулерінің салыстырмалы әркелкілігі




Сурет 7.2 – Қатқыл ғимараттың жантаю сұлбасы



Сурет 7.3 – Ғимараттың иіліс (иін) сұлбасы: - жеке жердегі салыстырмалы иіліс – салыстырмалы иін



Сурет 7.4 – Негіздің шөгулер сұлбасы, ең үлкен қисықтығы



Сурет 7.5 – Негіздің күрделі деформациясының сұлбасы – жантаю – ғимараттың салыстырмалы иілісі

## 7.2 Шөгудің анықталуы

Негіздің, лезде шөгуінің есептелуі, негіз есептік сұлбаларының келесі түрінде, жүргізіледі:

– кернеулердің деформацияларға сызықты тәуелділігіне негізделген серпімділік қағидасының әдісі.

Шөгулерді есептегенде, белгілі әдістерді қолданған жөн.

Құрамына органика енетін және осал балшықты, шөгулері жылжымалылық салдарынан уақыт бойынша шексіз өсетін топырақтарға ерекше назар аударылуға тиісті.

Шөгуді есептегенде, топырақтың сығылатын қалыңдығының тереңдігі іргетас түрі мен өлшемдеріне, топырақ сығылғыштығының тереңдік бойынша өзгеруіне және іргетастар бөліктерінің орналасуына байланысты, қабылдануға тиісті.

Топырақтың өз салмағының әсерінен нығыздалу тудырған қосымша шөгулердің барлық мүмкін деген түрлері ескерілуге тиісті.

Және де:

– өз салмағының, сулану мен дірілдің әсерлері, үйілген және шөккіш топырақтарға тиуі мүмкін екендігі;

– ұсақталған құмдардағы кернеулік күйдің күрт өзгеруі.

Қажетті жағдайларда, негіз қатқылдығының сызықты және сызықты емес үлгілерін қабылдау керек.

Әркелкі шөгулер мен салыстырмалы бұрылыстарды есептегенде, пайдаланулық шекті күйдің талаптарын орындау үшін, жүктемелердің таралуы мен негіздің әртектілігін ескеру қажет.

Ғимараттың қатқылдығын ескермей есептеу, әркелкі шөгулердің тым жоғары мәндерін береді, сондықтан, әркелкі шөгуді, негізді түрде, азайту үшін, негіз бен ғимарат әрекеттестігін есептеуге болады. Әркелкі шөгудің, ғимарат қатқылдығының әсерін қарастырмағанда, негіз әртектілігіне байланысты екенін ескеру керек.

Табиғи негіздердегі іргетастар үшін, шөгу біркелкі деп көрсетіліп тұрса да, олар әркелкі болуы мүмкін екендігін, ұмытпаған жөн.

Орталықтан тыс жүктелген іргетастың жантаюы, көтеру қысым сызықты түрде таралады және іргетастың бұрыштық нүктелеріндегі шөгулер, оның әр бұрышының астындағы негіз кернеулері, тік түседі деп, есептелінеді.

### **7.2.1 Лезде шөгуді серпімділік қағидасының әдісімен анықтау**

7.2.1.1 Иленгіш немесе иленгіш емес топырақтағы іргетастың жалпы шөгуін серпімділік қағидасын қолдана, келесі формула бойынша анықтауға болады:

$$s = pbf / E_m, \quad (7.4)$$

мұндағы  $E_m$  – серпімділік модулінің есептік мәні;

$f$  – іргетас шөгуінің еселігі;

$p$  – іргетас табаны бойынша, сызықты таратылған, түйісулік қысым.

7.2.1.2 Іргетас шөгуінің еселігі  $f$  іргетас түрі мен табанының өлшемдеріне, топырақ қатқылдығының тереңдік бойынша өзгеруіне, сығылу қалыңдығына, Пуассон еселігіне, іргетас шөгуі есептелінетін нүктеден түйісулік қысымның таратылуына, байланысты болады.

7.2.1.3 Егер іргетас шөгулерінің, өлшенген анық нәтижелері болмаса, онда есептік серпімділік модулін суы сығыла алатын күйде деформацияланатын қабаттың, зертханалық немесе нақты сынақтар нәтижелері бойынша есептеуге болады.

7.2.1.4 Осы серпімділік әдісін тек, негіздегі кернеулер елеулі қирау туғыза алмайтын және топырақтағы кернеу – деформация тәуелділігі сызықты деп қабылдауға болатын жағдайларда ғана, қолданған жөн.

## 7.2.2 Нығая сығылумен байланысты шөгуді анықтау

7.2.2.1 Қысымдар, тереңдік бойынша, біркелкі таралғанда, кез келген  $t$  уақытына сай нығая сығылу (консолидация) шөгуі:

$$s_t = hm_0 p \left[ 1 - \frac{8}{\pi^2} (e^{-N} + \frac{1}{9} e^{-9N} + \dots) \right], \quad (7.5)$$

немесе қаралатын жағдай үшін:

$$s_t = sU_0, \quad (7.6)$$

Есептеулерді жеңілдету үшін,  $e^{-N}$  мәндері  $x$  байланысты келтірілген.

Нығая сығылу дәрежесі,  $U_0$  арқылы табылады:

$$U_0 = 1 - \frac{8}{\pi^2} (e^{-N} + \frac{1}{9} e^{-9N} + \frac{1}{25} e^{-25N} + \dots), \quad (7.7)$$

$e^{-N}$  дұрыс бөлшек болғандықтан, тәжірибелік жағдайларда (мысалы  $U_0 > 0,25$ ) қатардың бірінші мүшесімен шектелуге болады. Онда:

$$U_0 = 1 - \frac{8}{\pi^2} e^{-N}, \quad (7.8)$$

Шетел әдебиетінде жиі келтірілетін, басқа шешімді қабылдасақ, интегралдаудан кейін  $m=1,3,5,\dots,\infty$

$$U_0(t) = 1 - \frac{8}{\pi^2} \sum_{m=1}^{\infty} \left[ \frac{1}{m^2} \exp \left( -\frac{\pi^2 c_v t m^2}{4h^2} \right) \right], \quad (7.9)$$

(7.9) Формуласы бойынша, есептеулерді жеңілдету үшін, кез келген математикалық анықтағыштарда келтірілетін, экспоненциалдық функция кестелерін пайдалануға болады.

Сонымен қатар,  $U_0(t) > 0,25$ , инженерлік есептеулерге жеткілікті дәлдікпен,  $m=1$ , қатардың бірінші мүшесімен шектелуге болады, онда

$$U_0(t) = 1 - \frac{8}{\pi^2} \exp(-N), \quad (7.10)$$

мұндағы  $N = \pi^2 c_v t / (4h^2)$ .

7.2.2.2 Толық нығыздалуға, толық тұрақталған шөгу, ал, нығыздалу бөлігіне –  $t$  уақытта шөгу, сәйкес келетіндіктен, нығая шөгу дәрежесі, келесі теңдеумен анықталуы мүмкін:

$$U = s_t / s, \quad (7.11)$$

мұндағы  $s_t$  – осы уақыт ішінде шөгу;  
 $s$  – толық тұрақталған шөгу.

$$s_t = sU, \quad (7.12)$$

### 7.2.3 Шөгуді топырақ жылжымалылығын ескере анықтау

7.2.3.1 Іргетас шөгулері, топырақ жылжымалылығы ескерілген жағдайда, келесі формула бойынша анықталады:

$$s_t = h m_v p [1 + \int_0^t K(t-t_0) dt_0], \quad (7.13)$$

$$\overline{K}(t-t_0) = \delta e^{-\delta_1(t-t_0)}, \quad (7.14)$$

мұндағы:  $\overline{K}(t-t_0) = \delta e^{-\delta_1(t-t_0)}$ , жылжымалылық өзегі:

$\delta$  және  $\delta_1$  – жылжымалылықтың тәжірибелік өлшемдері;

$t$  және  $t_0$  – ағымдағы және бастапқы уақыттардың өлшеулері.

7.2.3.2 Жылжымалылық, шаң-балшықты, лайлы, тоңданған топырақтарға және жартасты жыныстарға тән қасиет.

7.2.3.3 Жылжымалылық қарқындығын сипаттау үшін, компрессиялық сынақтарда келесі формула бойынша анықталатын  $b_k$ , өлшемі пайдаланылады

$$b_k = \Delta \varepsilon_{kt} / \ln(t/t_v), \quad (7.15)$$

мұндағы  $\Delta \varepsilon_{kt} = \Delta s_{kt} / h$  – жылжымалылық деформациясы;

$\Delta s_{kt} - (t-t_v)$  уақыт аралығында жинақталған жылжымалылық шөгуі, см;

$h$  – сынама биіктігі, см;

$t$  –жүктелу сәтінен өлшенген сынама сығылуының уақыты, тәулік;

$t_v$  –сүзілулік нығая сығылу біткен уақыт, тәулік.

7.2.3.4 Қатты, жартылай қатты және қиын иленгіш балшықты топырақтар мен жартасты жыныстар деформацияларының уақыт бойынша дамуы, негізінен, олардың қаңқаларының жылжымалылығымен байланысты, кеуектілік суда елеулі қысым тудырмай өтеді. Құрылыс аяқталған уақыттан  $t_e$  асатын,  $t$  уақыт кезеңіндегі іргетастар негізінің жылжымалылық ұзақ шөгулерін болжау үшін, қабаттап жинақтау әдісінің сұлбасы пайдаланылуы мүмкін.

7.2.3.5 Бұл жағдайда, іргетас негізінің жылжымалылық шөгуін анықтайтын формула келесі түрде жазылады

$$s_3 = \beta \sum_{i=1}^n h_i b_{ki} \ln(t / t_e), \quad (7.16)$$

мұндағы  $\beta=0,8$ ;  $h_i$  –  $i$  қабатының қалыңдығы, м;

$b_{ki}$  –  $i$  қабатының, осы қабаттағы қосымша қысымға байланысты топырақ жылжымалылығының өлшемі.

МЫСАЛ  $b_k$  өлшемі, топырақ түрі мен жүктеме деңгейіне байланысты, өзгереді. Мысал ретінде  $b_k$  лайлы топырақтардағы мәндері келтірілген. Жуықталған есептеулерде сүзілулік нығая сығылу мен топырақтың жылжымалылығы жеке қарастырылады да,  $t > t_v$  жағдайындағы, тұтас жүктемеден  $p$  пайда болатын негіздік шөгуі  $S$ , келесі формуламен анықталады:

$$s = s_2 + s_3 = H m_v p + H b_k \ln(t / t_v), \quad (7.17)$$

мұндағы  $s_2$  – сүзілулік нығая сығылудың тұрақталған шөгуі, см;

$s_3$  – жылжымалылық шөгуі, см;

$m_v$  – көлемдік сығылу еселігі,  $\text{кПа}^{-1}$ ;

$H$  –топырақтың сығылатын қалыңдығы, м.

Нығая сығылу шөгуі  $s_2$  мен жылжымалылық шөгуден  $s_3$  құралған шөгу  $s$

$$s = s_2 + s_3, \quad (7.18)$$

(7.16) Формула, сонымен қатар, іргетас негізінің жылжымалылық шөгуін, сүзілулік нығая сығылу аяқталғаннан кейін анықтайды, егер  $t_v > t_e$ . Онда (7.16) Формуладағы құрылыс аяқталу уақытының  $t_e$  орнына, сүзілулік нығая сығылу аяқталған уақытты  $t_v$  қабылдау керек.

Құрылыс кезінде ( $t < t_e$ ) негізге түсетін жүктеменің, уақыт бойынша, өзгеруі байқалады. Ауыспалы жүктемелер жағдайындағы іргетас негізінің жылжымалылық шөгулерін болжау үшін, әдетте Вольцман-Вольтерраның мұралы жылжымалылық қағидасын пайдаланған жөн. Жүктеме өсу заңы және жылжымалылық өзек түрі күрделі болғанда, мұралы жылжымалылық қағидасының интегралдық теңдеулерінің шешімін Крылов-Боголюбов сандық әдісімен анықтаған ынғайлы болады.

## ҚР НТҚ 07-01.4-2012

МЫСАЛ Қалыңдығы  $H=4$  м, құммен төселгіленген, лайлы жерді, қалыңдығы  $h=2,8$  м құммен жүктеу инженерлік дайындау әдісі қолданған жағдайдағы лайлы топырақтар шөгуіне, ұзақ мерзімді (50 жылдық кезеңге) болжам жасау керек. Берілген: лайлы топырақтардың сипаттамалары  $m_v=3,8 \cdot 10^{-3} \text{ кПа}^{-1}$ ;  $k_f=3 \cdot 10^{-6} \text{ см/с}$ ;  $0,95 \text{ м/жыл}$ ; құмды қатарлас жүктің меншікті салмағы  $\gamma=17,5 \text{ кН/м}^3$ .

Лайға, қатарлас жүкті үйіндіден түсетін қысымды анықтаймыз  $p=\gamma h=17,5 \cdot 2,8=49 \text{ кПа}$ .  $p=49 \text{ кПа}$  үшін, лайдың жуықталған жылжымалылық өлшемдерінің мәнін табамыз  $b_k=0,0146$ . (7.16) Формуласы бойынша сүзілулік нығая сығылудың тұрақтанған шөгуін анықтаймыз

$$s_2 = H m_v p = 400 \cdot 3,8 \cdot 10^{-3} \cdot 49 = 74,5 \text{ см.}$$

Нығая сығылу еселігі:

$$c_v = k_f / (m_v \gamma_w) = 0,95 / (3,8 \cdot 10^{-3} \cdot 10) = 25 \text{ м}^2 / \text{жыл}$$

Лайдың нығыздалуын, тұтас жүктеме тудыратын болғандықтан, сүзілулік нығая сығылу екіжақты сүзілу жағдайында қарастырылады. Лайдың жоғарғы да, төменгі де шекаралары су өткізеді, яғни екіжақты сүзілу ағымы жағдайындағы  $t$  уақыты келесі формуладан анықталады:

$$t = H^2 N_0 / (\pi^2 c_v) = 4^2 \cdot N_0 / (3,14^2 \cdot 25) = 0,065 N_0, \text{ жыл}$$

Лайдың 95%-дық сүзілулік нығая сығылу уақыты ( $U=0,95$ , онда кестеден  $N_0=2,8$ ):

$$t_v = 0,065 N_0 = 0,065 \cdot 2,8 = 0,182 \text{ жыл}$$

Лайдың жылжымалылық шөгуі (7.16) формуласының екінші қосылатын саннан анықталады:

$$s_3 = H b_k \ln(t / t_v) = 400 \cdot 0,0146 \cdot \ln(t / t_v) = 5,85 \cdot \ln(t / t_v), \text{ см}$$

Шөгүлер  $s_t$  және уақыт  $t$  мәндеріне сай, жартылай логарифмдік кесте бойынша лайдың ұзақмерзімді шөгу қисығы салынады. Лайдың нығая сығылу шөгуі, 0,182 жыл ішінде 71 см, ал жылжымалылық шөгуі 49,8 жылда 33 см құрады.

### 7.3 Іргетастың жантаюын анықтау

7.3.1 Жеке іргетастардың немесе бүкіл ғимараттың жантаюы, іргетас деңгейіндегі аударатын күштер, көршілес іргетастардың әсері, жапсарлас аудандардың жүктемелері және негіздің сығылу әркелкілігі ескеріліп, есептелуге тиісті.

7.3.2 Іргетастардың жантаюын анықтағанда, бұдан басқа, әдетте, іргетастың тереңделуін, іргетастан жоғары конструкциялардың қатқылдығын және де іргетас (ғимарат) еңкеюінен жүктеме орталықтан тыс түсуінің ұлғаю мүмкіндігін ескеру қажет.

7.3.3 Орталықтан тыс жүктемеге түскендегі іргетастың жантаюы  $i$  келесі формула бойынша анықталады:

$$i = \frac{1 - \nu^2}{E k_m} k_e \frac{Ne}{(a/2)^3}, \quad (7.19)$$

мұндағы  $E$  және  $\nu$  – сәйкесінше, негіз топырағының деформация модулі және Пуассон еселігі ( $\nu$  мәні арнайы кесте бойынша қабылданады); әртекті негіз жағдайында  $E$  және  $\nu$  сығылу қалыңдығы бойынша орташаланып қабылданады.

$k_e$  – кесте бойынша қабылданатын еселік;

$V$  – іргетасқа, оның табанының деңгейіндегі барлық жүктемелер теңәсерінің тік құрамдасы;

$e$  – орталықтан тыс түсу мәні;



$a$  – аударатын күштер бағытындағы дөңгелек іргетастың радиусы немесе тікбұрыштының

жағы; табаны  $A$  ауданды дұрыс көпбұрыш түріндегі іргетас үшін  $a = \sqrt{\frac{A}{\pi}}$ .

$k_m$  – іргетастар жантаюын, сызықты деформацияланатын қабат сұлбасы бойынша,  $a \geq 10$  м және  $E \geq 10$  МПа есептеу кезінде ескерілетін және кесте бойынша қабылданатын еселік;

ЕСКЕРТУ Ені  $b < 10$  м іргетастардың жантаюын есептегенде  $N = p_0 A$ , ал  $b \geq 10$  м  $N = p A$ , мұндағы  $p_0$  және  $p$  – сәйкесінше негізге түсетін қосымша және толық қысымдар,  $A$  – іргетас табанының ауданы.

7.3.4 Басқа іргетастардың әсерінен, жапсарлас аудандардағы жүктемелерден, сондай-ақ негіз топырақтарының жоспар және тереңдік бойынша әртектілігінен пайда болған іргетастардың жантаюы, іргетастың қарама-қарсы жақтары орталарының шөгулер айырымдарының, оның ұзындығына немесе еніне деген қатынасы немесе іргетас бұрыштық нүктелері шөгулерінің айырымының араларындағы қашықтыққа деген қатынасы:

$$i_n = \frac{s_1 - s_2}{L}, \quad (7.20)$$

мұндағы  $s_1$  және  $s_2$  – іргетастың қарама-қарсы жақтары орталарының немесе бұрыштық нүктелерінің шөгулері;

$L$  – қаралатын нүктелер арасындағы қашықтық.

7.3.5 Іргетастар немесе бүкіл ғимараттар биік түрлерінің (барлық жүктемелер теңәсерінің тік түсетін құрамдасы іргетас табанынан елеулі биіктікте әсер ететін) жантаюы, іргетастың немесе бүкіл ғимараттың еңкеюінен жүктеменің орталықтан тыс түсуінің ұлғаюы, ескеріліп есептелуге тиісті. Қатқылдығы шектелген, биік ғимараттарда, іргетастан жоғары орналасқан конструкциялардың икемділігіне байланысты, тік жүктеме орталықтан тыс түсуінің ұлғаюын да ескерген жөн.

Біртекті негіздегі биік, қатқыл іргетастардың (ғимараттардың) жантаюы, келесі формула бойынша анықталады:

$$i_h = \frac{i}{1 - i_1 V h^*}, \quad (7.21)$$

мұнда  $i$  – негіздің қабылданған есептік сұлбасы, оның сығылғыштығы, іргетас түрі мен өлшемдері және де іргетас табанының деңгейіндегі біріккен аудару күшінің  $M$  әсер ету бағыты ескеріліп, анықталған аласа іргетастың немесе ғимараттың (жүктеменің тік құрамдасы  $V$ , іргетас табанының деңгейінде әсер етеді деп саналатын) жантаюы;

$i_1 = \frac{i}{M}$  – аласа іргетастың немесе ғимараттың, бірлік бұгуші күштен, жантаюы;

$V$  – іргетасқа әсер ететін барлық жүктеменің тік құрамдасы;

$h^*$  – іргетас табанынан, жүктеме  $N$  түсетін нүктеге дейінгі биіктік.

#### **7.4 Негіздің шекті деформациялары**

7.4.1 Негіз бен ғимаратқа ортақ деформацияларының шекті мәндері келесі талаптардың орындалу қажеттілігіне байланысты анықталады:

- а) ғимарат деформацияларына қойылатын технологиялық немесе сәулеттік талаптар;
- б) ғимараттың жалпы орнықтылығын қосқандағы конструкциялардың беріктігіне, орнықтылығына және жарықшаққа қарсы төзімділігіне қойылатын талаптар.

7.4.2 Технологиялық немесе сәулеттік талаптар бойынша негіз бен ғимараттың ортақ деформацияларының шекті мәндері  $S_{u,s}$  үймереттер мен ғимараттарды жобалау нормаларына, жабдықты пайдаланудың техникалық ережелеріне немесе жобалау тапсырысына сай, керек жағдайларда, пайдалану кезінде жабдықтарды түзеу ескеріле, белгіленуге тиісті.

7.4.3  $S < S_u$  шарттың сақталуы, үлгілі және жеке жобалар дайындағанда, ғимарат конструкциялары жағдайға байланысты беріктік, орнықтылық және жарықшаққа төзімділік бойынша есептелген соң, ғимаратты негіз бен біріктіре, есептеу құрамында тексеріледі.

7.4.4 Негіз деформацияларын шектейтін сәулеттік талаптар:

Ғимарат деформациялары, жалпы қарағанда, жағымсыз әсер қалдырмауға тиісті (мысалы, шектен тыс жантаю «кұлайды-ау» деген әсер қалдырады), конструкциялар бөліктерінің немесе сәулеттік бөлшектердің өзара ауытқуын шектеу және де адамдарға қалыпты пайдалану – тұрмыстық жағдайлар туғызу талаптары.

7.4.5 Негіз деформацияларын шектейтін технологиялық талаптарға жабдықты, жеке конструктивтік бөліктер мен құрылғыларды қалыпты пайдаланылуымен байланысты талаптар жатады.

7.4.6 Конструкциялардың беріктік, орнықтылық және жарықшаққа төзімділік шарттарымен байланысты, негіз бен ғимаратқа ортақ деформациялардың шекті мәндері, ғимарат пен негізді біріктіре есептеу негізінде анықталуға тиісті.

EN 1997-1:2004/2011-ші ҚР ҚН бойынша іргетастардың рауалы ауытқу мәндері, Е Қосымшасында келтірілген.

**А Қосымшасы**

(міндетті)

**Аумалы шекті күйлерге арналған жеке және түзету еселіктері мен олардың мәндері****А.1 Жеке және түзету еселіктері**

Осы қосымшада, міндетті түрде қолданылатын, аумалы шекті күйлер, ұзақ және уақытша жобалық ахуалдарға арналған жеке еселіктер  $\gamma$  және барлық жобалық ахуалдардағы қадалы іргетастар үшін түзету еселіктері  $\xi$ , келтірілген.

**А.2 Тепе-теңдік шекті күйін (EQU) тексеруге арналған жеке еселіктер**

(EQU) тепе-теңдік шекті күйін тексеру үшін тұрақсыздандыратын қолайсыз ұзақ мерзімді әсерлер жағдайында келесі жеке еселіктер  $\gamma_F: \gamma_{G,dst}$  қолданылуға тиісті:

- $\gamma_{G,dst}$  тұрақсыздандыратын қолайсыз тұрақты әсерлер үшін;
- $\gamma_{G,stb}$  тұрақтандыратын қолайлы тұрақты әсерлер үшін;
- $\gamma_{Q,dst}$  тұрақсыздандыратын қолайсыз қысқа мерзімді әсерлер үшін;
- $\gamma_{Q,stb}$  тұрақтандыратын қолайлы ауыспалы әсерлер үшін.

ЕСКЕРТУ Нақты бір елде қолдану үшін  $\gamma_{G,dst}$ ,  $\gamma_{G,stb}$ ,  $\gamma_{Q,dst}$  және  $\gamma_{Q,stb}$  өлшемдеріне берілген мәндерді EN 1990:2002 ұлттық қосымшасынан табуға болады. Олардың ғимараттарға арналған мәндері EN 1990:2002 сәйкес А.1 Кестесінде келтірілген.

**Кесте А.1 – Әсерлердің жеке еселіктері  $\gamma_F$** 

Әсер	Белгісі	Мәні
Тұрақты: қолайсыз <sup>a)</sup>	$\gamma_{G,dst}$	1,1
қолайлы <sup>b)</sup>	$\gamma_{G,stb}$	0,9
Қысқа мерзімді: қолайсыз <sup>a)</sup>	$\gamma_{Q,dst}$	1,5
қолайлы <sup>b)</sup>	$\gamma_{Q,stb}$	0,0
<sup>a)</sup> Тұрақсыздандыратын. <sup>b)</sup> Тұрақтандыратын.		

Егер, ығысу кедергісінің ең төмен мәндері қолданылатын болса, онда (EQU) тепе-теңдік шекті күйін тексергенде, топырақ өлшемдері  $\gamma_M$  үшін келесі еселіктер пайдаланылуға тиісті:

- $\gamma_{\varphi'}$  - ығысу кедергісі бұрышының тангенсі үшін;
- $\gamma_{c'}$  - топырақтың тиімді ілініс күші үшін;
- $\gamma_{cu}$  - суы сығылмай ығысу, беріктігі үшін;
- $\gamma_{qu}$  - бүйірлі кеңею мүмкіндігі бар ығысу беріктігі үшін;
- $\gamma_{\gamma}$  - көлемдік салмақ үшін.

## ҚР НТҚ 07-01.4-2012

ЕСКЕРТУ Нақты бір елде пайдалану үшін  $\gamma_\phi$ ,  $\gamma_c$ ,  $\gamma_{cu}$ ,  $\gamma_{qu}$  және  $\gamma_\gamma$  мәндерін ұлттық қосымшадан табуға болады. Олардың мәндері А.2 Кестесінде берілген.

**Кесте А.2 – Топырақ өлшемдерінің жеке еселіктері  $\gamma_M$**

Топырақтың өлшемдері	Белгісі	Мәні
Ығысу кедергісінің бұрышы <sup>a)</sup>	$\gamma_\phi$	1,25
Топырақтың тиімді ілініс күші	$\gamma_c$	1,25
Суы сығылмай ығысу, беріктігінің шегі	$\gamma_{cu}$	1,4
Бүйірлі кеңею мүмкіндігі бар ығысу беріктігі	$\gamma_{qu}$	1,4
Көлемдік салмақ	$\gamma_\gamma$	1,0
<sup>a)</sup> Бұл еселік $\text{tg}\phi$ қолданылады.		

### **А.3 Конструктивтік (STR) және геотехникалық (GEO) шекті күйлерге арналған жеке еселіктер**

#### **А.3.1 Әсерлерге $\gamma_F$ немесе әсерлер нәтижелеріне $\gamma_E$ арналған жеке еселіктер**

А1 немесе А2 топтарының конструктивтік (STR) және геотехникалық (GEO) шекті күйлерін анықтау үшін, әсерлердің  $\gamma_F$  немесе әсерлер нәтижелерінің  $\gamma_E$  жеке еселіктері пайдаланылуға тиісті:

- $\gamma_G$  - тұрақты қолайсыз немесе қолайлы әсерлер үшін;
- $\gamma_Q$  - уақытша қолайсыз немесе қолайлы әсерлер үшін.

ЕСКЕРТУ Нақты бір елде пайдалану үшін  $\gamma_G$  және  $\gamma_Q$  мәндерін [2] ұлттық Қосымшасынан табуға болады. [2] сәйкес, А1 және А2 топтарының ғимараттары үшін А.3 Кестесінде келтірілген.

**Кесте А.3 – Әсерлердің  $\gamma_F$  немесе әсерлер нәтижелерінің  $\gamma_E$  жеке еселіктері**

Әсер		Белгісі	Тобы	
			А1	А2
Тұрақты	Қолайсыз	$\gamma_G$	1,35	1,0
	Қолайлы		1,0	1,0
Қысқа мерзімді	Қолайсыз	$\gamma_Q$	1,5	1,3
	Қолайлы		0	0

#### **А.3.2 Топырақ өлшемдеріне $\gamma_M$ арналған жеке еселіктер**

Конструктивтік (STR) және геотехникалық (GEO) шекті күйлерді тексеру үшін топырақ өлшемдеріне  $\gamma_M$  М1 немесе М2 топтарының келесі жеке еселіктерін пайдалану керек:

- $\gamma_\phi$  - ығысу кедергісі бұрышының тангенсі үшін;
- $\gamma_c$  - топырақтың тиімді ілініс күші үшін;
- $\gamma_{cu}$  - су сығылмай ығысу беріктігінің шегі үшін;
- $\gamma_{qu}$  - бүйірлі кеңею мүмкіндігі бар ығысу беріктігі үшін;

–  $\gamma_\gamma$  - көлемдік салмақ үшін.

ЕСКЕРТУ Нақты бір елде пайдалану үшін  $\gamma_{\phi'}$ ,  $\gamma_{c'}$ ,  $\gamma_{cu}$ ,  $\gamma_{qu}$  және  $\gamma_\gamma$  мәндерін ұлттық қосымшадан табуға болады.  $M1$  және  $M2$  екі тобына олардың мәндері А.4 Кестесінде келтірілген.

**Кесте А.4 – Топырақ өлшемдерінің  $\gamma_M$  жеке еселіктері**

Топырақтың өлшемдері	Белгісі	Тобы	
		M1	M2
Ығысу кедергісінің бұрышы <sup>a)</sup>	$\gamma_{\phi'}$	1,0	1,25
Топырақтың тиімді ілініс күші	$\gamma_{c'}$	1,0	1,25
Су сығылмай ығысу беріктігінің шегі	$\gamma_{cu}$	1,0	1,4
Бүйірлі кеңею мүмкіндігі жоқ кездегі басып енгізуге деген беріктік	$\gamma_{qu}$	1,0	1,4
Көлемдік салмақ	$\gamma_\gamma$	1,0	1,0
<sup>a)</sup> Бұл еселік $\text{tg}\phi'$ қолданылады.			

### А.3.3 Кедергілердің $\gamma_R$ жеке еселіктері

#### А.3.3.1 Табиғи негіздегі іргетастардың кедергілік жеке еселіктері

Табиғи негіздегі іргетастар үшін конструктивтік (STR), геотехникалық (GEO) шекті күйлерді тексеру үшін  $R1$ ,  $R2$  немесе  $R3$  топтарын және кедергі  $\gamma_R$  жеке еселіктерінің келесі топтарын пайдалану керек:

- $\gamma_{R,v}$  - сығылу кедергісі үшін;
- $\gamma_{R,h}$  - бет бойынша ығысу кедергісі үшін.

ЕСКЕРТУ Нақты бір елде пайдалану үшін  $\gamma_{R,v}$  және  $\gamma_{R,h}$  мәндерін ұлттық қосымшадан табуға болады. Барлық  $R1$ ,  $R2$  немесе  $R3$  топтары үшін олардың мәндері А.5 кестесінде келтірілген.

**Кесте А.5 – Табиғи негіздегі іргетастардың жеке еселіктері  $\gamma_R$**

Кедергісі	Белгісі	Тобы		
		$R1$	$R2$	$R3$
СЫҒЫЛУ	$\gamma_{R,v}$	1,0	1,4	1,0
ЫҒЫСУ	$\gamma_{R,h}$	1,0	1,1	1,0

**Кесте А.6 – Құламалар орнықтылығы мен жалпы орнықтылықтардың жеке кедергі еселіктері  $\gamma_R$**

Кедергісі	Белгісі	Тобы		
		$R1$	$R2$	$R3$
Топырақтың кедергісі	$\gamma_{R,e}$	1,0	1,1	1,0

**А.4 Гидростатикалық көтергіш күштің (UPL) шекті күйлерін анықтауға арналған жеке еселіктер**

Гидростатикалық көтергіш күштің (UPL) шекті күйлерін анықтау үшін  $\gamma_F$  әсерлеріне келесі жеке көбейткіштер қолдану қажет:

- $\gamma_{G,dst}$  - тұрақсыздандыратын қолайсыз тұрақты әсерлер үшін;
- $\gamma_{G,stb}$  - тұрақтандыратын қолайлы тұрақты әсерлер үшін;
- $\gamma_{Q,dst}$  --тұрақсыздандыратын қолайсыз уақытша әсерлер үшін.

ЕСКЕРТУ Нақты бір елде пайдалану үшін  $\gamma_{G,dst}$ ,  $\gamma_{G,stb}$  және  $\gamma_{Q,dst}$  мәндерін ұлттық қосымшадан табуға болады. Олардың мәндері А.7 Кестесінде келтірілген.

**Кесте А.7 – Әсерлердің жеке көбейткіштері**

Әсер	Белгісі	Мәні
Тұрақты: қолайсыз <sup>a)</sup>	$\gamma_{G,dst}$	1,0
қолайлы <sup>b)</sup>	$\gamma_{G,stb}$	0,9
Қысқа мерзімді: қолайсыз <sup>a)</sup>	$\gamma_{G,dst}$	1,5
<sup>a)</sup> Тұрақсыздандыратын. <sup>b)</sup> Тұрақтандыратын.		

Гидростатикалық көтергіш күштің (UPL) шекті күйлері үшін кедергілер ескерілсе, онда келесі жеке еселіктерді қолданған жөн:

- $\gamma_{\phi'}$  - ығысу кедергі бұрышының тангенсі үшін;
- $\gamma_{c'}$  - топырақтың тиімді ілініс күші үшін;
- $\gamma_{cu}$  - су сығылмай ығысу, беріктігі үшін;
- $\gamma_{s,t}$  - қаданың жұлқуға деген кедергісі үшін;
- $\gamma_a$  - қарнақтың кедергісі үшін.

ЕСКЕРТУ Нақты бір елде пайдалану үшін  $\gamma_{\phi'}$ ,  $\gamma_{c'}$ ,  $\gamma_{cu}$ ,  $\gamma_{s,t}$  және  $\gamma_a$  мәндерін ұлттық қосымшада табуға болады. Олардың мәндері А.8 Кестесінде келтірілген.

**Кесте А.8 – Топырақтың өлшемдері мен кедергілердің жеке еселіктері**

Топырақтың өлшемдері	Белгісі	Мәні
Ығысу кедергісінің бұрышы <sup>a)</sup>	$\gamma_{\varphi'}$	1,25
Топырақтың тиімді ілініс күші	$\gamma_{c'}$	1,25
Су сығылмай ығысу беріктігі үшін	$\gamma_{cu}$	1,40
Қаданың созылу кедергісі	$\gamma_{s;t}$	1,40
Қарнақтық бекіткіштің кедергісі	$\gamma_a$	1,40
<sup>a)</sup> Осы көбейткіш $\text{tg}\varphi'$ қолданылады.		

#### **А.5 Топырақтың гидравликалық көтерілу (HYD) кезіндегі шекті күйлерді тексеруге арналған жеке еселіктер**

Топырақтың гидравликалық көтерілу (HYD) кезіндегі шекті күйлерді анықтау үшін келесі жеке көбейткіштерді  $\gamma_F$  қолданған жөн:

- $\gamma_{G;dst}$  - тұрақсыздандыратын қолайсыз тұрақты әсерлер үшін;
- $\gamma_{G;stb}$  - тұрақтандыратын қолайлы тұрақты әсерлер үшін;
- $\gamma_{Q;dst}$  - тұрақсыздандыратын қолайсыз қысқа мерзімді әсерлер үшін.

ЕСКЕРТУ Нақты бір елде пайдалану үшін  $\gamma_{G;dst}$ ,  $\gamma_{G;stb}$  және  $\gamma_{Q;dst}$  өлшемдеріне берілетін мәндері EN 1990:2002 тіркелген ұлттық қосымшадан табуға болады. Олардың мәндері А.9 Кестесінде келтірілген.

**Кесте А.9 – Әсерлердің жеке еселіктері  $\gamma_F$** 

Әсер	Белгісі	Мәні
Тұрақты: қолайсыз <sup>a)</sup>	$\gamma_{G;dst}$	1,35
қолайлы <sup>b)</sup>	$\gamma_{G;stb}$	0,90
Қысқа мерзімді: қолайсыз <sup>a)</sup>	$\gamma_{Q;dst}$	1,50
<sup>a)</sup> Тұрақсыздандыратын. <sup>b)</sup> Тұрақтандыратын.		

**Б Қосымшасы**

(міндетті)

1, 2 және 3 жобалық амалдар үшін жеке еселіктерді таңдаудың түсіндірмелері

**Б.1 Жалпы ережелер**

Ұзақ және уақытша шекті күйлер (STR) және (GEO) үшін келесі үш жобалық амалдар ұсынылады. Олар, әсерлер мен кедергілердің нәтижелерін үлгілегендегі екіталайлықты ескеру әдісіне деген амалдардың айырмашылығына байланысты әсерлер, материал қасиеттері және кедергілер араларында жеке еселіктер үлестірілу әдісімен ерекшеленеді.

1 жобалық амалда, барлық жобалар үшін, екі әртүрлі ахуалдарда қолданылатын еселіктердің екі жиынтығы бойынша тексерулер қажет. Егер, жоба үшін, бұл еселіктер жиынтықтарының біреуінің қолайлылығы көрініп тұрса, онда екінші жиынтық бойынша есептеу міндетті емес. Еселіктер, әсерлер нәтижелеріне емес, әсерлердің өздеріне қолданылады. Еселіктер топырақ өлшемдеріне жиі қолданылады, бірақ қадалар мен қарнақтарды жобалағанда кедергілерге қолданылады.

2 және 3 жобалық амалдарда, жобаның әрбір бөлігіне жалғыз ғана, еселіктер қолданысы тек осыған сәйкестендірілген, есептеу қажет.

2 жобалық амалда, еселіктер әсерлерге, немесе әсерлер нәтижелері мен кедергілерге қолданылады.

3 жобалық амалда, еселіктер әсерлерге немесе ғимарат әсерлерінің нәтижелеріне және топырақ өлшемдеріне қолданылады.

**Б.2 Әсерлер мен әсерлер нәтижелеріне арналған еселіктер**

[2] -да  $\gamma_f$  – әсер шамасының сипаттамалық мәнінен қолайсыз ауытқу мүмкіндігін ескеретін еселік деп көрсетілген. Сондай-ақ  $\gamma_{S;d}$  әсерлер мен әсерлер нәтижелерін үлгілеудің екіталайлығын ескеретін жеке еселік түрінде де қарастырылады.

[2] бойынша  $\gamma_{S;d}$  мен  $\gamma_f$  біріктіріп  $F_k$  үшін бір еселік қылып қабылдауға болады:

$$\gamma_F = \gamma_{S;d} \gamma_f, \quad (\text{Б.1})$$

[2] -дағы әртүрлі амалдар, еселіктердің тек әсерлерге, немесе әсерлер нәтижелеріне қолданғанын талап етеді. Негіз әсерлеріне үлгі еселіктерін  $\gamma_{S;d}$  осылай қолдану айрықшалығын сақтап, ұлттық ерекшеліктерді ескерсе де, геотехникалық жобалауды жеңілдету үшін, әсерлерге  $\gamma_F$  және  $\gamma_E$  қолданылады (А Қосымшасындағы, А.1 және А.3 Кестелерін қараңыз).

